

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті

ӘОЖ 372.8:54

Қолжазба құқығында

ҚАРМАНОВА ӘЛИЯ СҰЛТАНХАНҚЫЗЫ

**Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби
құзыреттілігін дамыту**

8D01504 - Химия педагогін даярлау

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
х.ғ.к., профессор Мадыбекова Г.М.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор N.Kavak
(Гази университеті, Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы

Шымкент, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	17
1.1 Отандық және әлемдік зерттеулерде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мағынасы мен маңызды сипаттамалары.....	17
1.2 Болашақ химия педагогтарын цифрлық технологияны пайдалануға даярлаудың мәні мен құрылымы.....	30
1.3 Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдіснамалық тұғырлары.....	46
2 БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	59
2.1 Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың педагогикалық аспектілері.....	59
2.2 Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары.....	71
2.3 Цифрлық технологияларды қолдану негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	82
3 БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ ..	95
3.1 Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың диагностикасы.....	95
3.2 Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі.....	107
3.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.....	145
ҚОРЫТЫНДЫ	158
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	160
ҚОСЫМШАЛАР	178

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2023 жылғы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары ҚР МЖМБС. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы

ҚР Үкіметінің қаулысы. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 қаулысы.

Педагогтің кәсіби стандарты // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 31.12.2019 ж. №250

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы №311 қаулысы

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2025 жылғы

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Елбасы – Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Құзырет - тұлғаның интегративті қасиеті, яғни білім, дағды, қабілеттілік және кәсіби тұлғалық сапалар.

Құзыреттілік - алған білімдерін практикада қолдана білу, өз өмірлік мәселелерін шеше білу.

Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

Болашақ химия педагогінің кәсіби құзыреттілігі - бұл химия пәнін оқытуға қажетті пәндік, әдістемелік, зертханалық, зерттеу, коммуникативтік және цифрлық дағдылардың интеграцияланған жүйесі, оқу үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды, виртуалды эксперименттерді, онлайн платформа мүмкіндіктерін тиімді қолдана алу қабілеті.

Цифрлық технология – бұл цифрлық ақпаратты пайдалануға және компьютерлер мен электрондық құрылғыларды пайдалана отырып деректерді өңдеуге негізделген әртүрлі инновациялық құралдар. Олар қызметтің әртүрлі салаларындағы процестерді, қызметтерді және өнімдерді жақсартуға бағытталған техникалық шешімдердің кең ауқымын қамтиды. Олардың негізгі элементтері бағдарламалық қамтамасыз ету, аппараттық және желілік инфрақұрылым болып табылады.

Цифрлық құзыреттілік - цифрлық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану қабілетін ғана емес, сонымен қатар технологияларды теңгерімді және этикалық пайдалану үшін қажетті білім, дағдылар мен көзқарастар.

Цифрландыру - технологияларды, экономиканы және мәдениетті аналогтық формалардан цифрлық формаларға көшірудің объективті процесі.

Цифрлық білім беру ортасы - білім беру процесін ұйымдастырудың әртүрлі талаптарын қанағаттандыруға арналған ашық, таратылған ақпараттық жүйелер жиынтығы.

Тұғыр - ғылыми және педагогикалық қызметтің ерекше элементі немесе нақты көрінісі.

Білім әдіснамасы - білім беру мен оқытудағы ғылыми тәсілдер мен әдістерді зерделейтін сала.

Шарт - объектінің қоршаған құбылыстармен байланысын көрсететін философиялық категория

Педагогикалық шарттар - бұл оқыту жүйесінің барлық құрамдас бөліктерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті объективті және субъективті факторлардың жиынтығы. Оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері, тәсілдері, ұйымдастыру формалары факторлардың жиынтығы ретінде айқындалады.

Модельдеу – эксперименттің педагогикалық объектісін зерттеу және логикалық құрылымдар мен ғылыми түйіндерді құру процесінде сәйкестікті болжайды.

Модель – бұл басқа жүйе туралы ақпарат алу үшін қажетті құрал ретінде қызмет ететін зерттеу жүйесі, ол белгілі бір құрылғы немесе оның ішінде болып жатқан процестер мен құбылыстардың жеңілдетілген көрінісі.

Критерий - негізінде бағалау жасалатын белгі, бір нәрсені тексеру құралы ретінде анықталатын ұғым; өлшем.

Деңгей - объектіні қасиеттерінің, байланыстарының, қатынастарының сан алуандығымен тануға мүмкіндік беретін даму процесінің диалектикалық сипаты.

Білім беру бағдарламасы - Бұл курстардың, әдістердің және бағалаулардың, сондай-ақ студенттер жетуі тиіс міндеттер мен мақсаттардың тізімін қамтитын құжатталған оқу жоспары. Бұл мұғалімдер мен білім алушыларға арналған нұсқаулық. Ол оқытудың қандай түпкі нәтижелерге әкелетінін көрсетеді.

Университет - іргелі және көптеген қолданбалы ғылымдар мамандарын дайындайтын жоғары оқу орны.

Оқу үдерісі - бұл мемлекеттік деңгейден төмен емес деңгейде білім, білік және дағдыларды игеруді қамтамасыз ететін, осы жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен бірлікте ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерістері арқылы жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту жөніндегі мақсатты іс-әрекет.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгеруге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Кәсіби дайындық – белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру, дамыту. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, орта және төмен білім түрлеріне бөлінеді.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚР - Қазақстан Республикасы

БӨЖ – білім алушылардың өздік жұмысы

БООЖ – білім алушылардың оқытушымен өздік жұмысы

ЖОО – жоғары оқу орны

ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмысы

ТПМБ - технологиялық педагогикалық мазмұнды білу

БТ – бақылау тобы

ЭТ – эксперименттік топ

PhD – философия докторы

БББ - білім беру бағдарламасы

ЦББР – цифрлық білім беру ресурстары

АКТ – ақпараттық-компьютерлік технология

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) - ғылым, технология, инженерия, өнер (шығармашылық) және математика.

ОҚПУ - Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

ЦТ - цифрлық технология

ЦС – цифрлық сауаттылық

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы

РСК (Pedagogical Content Knowledge) – педагогикалық мазмұндық білім

OECD (Organisation for Economic Co-operation and Development) — экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

АҚШ - Америка Құрама Штаттары

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі кездегі ғылым мен цифрлық технологиялардың даму деңгейі білім алушылардан жоғары сапалы және терең білім мен дағдыларды игеруді, белсенділікті, шығармашылық жұмыспен айналыса білуді, кең және икемді ойлауды дамытуды талап етеді. Осы жағдайларда болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту ерекше маңызды, себебі олар мамандардың өзгермелі білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуге дайын болуын қамтамасыз етеді. «Химия» пәнінің күрделілігі мен ерекшелігін, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулер мен заманауи оқыту тұжырымдамаларына сүйену қажеттілігін ескерсек, кәсіби құзыреттілікті дамыту болашақ химия педагогтарын сапалы дайындаудың негізгі алғышарты болып табылады. «Химия» академиялық пән ретінде оның мазмұнын терең түсінуді, инновациялық оқыту әдістерін қолдануды және цифрлық технологияларды пайдалануды талап етеді, бұл өз кезегінде педагогтың кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуын болжайды. Аталған құзыреттілікті дамыту болашақ химия педагогтарына оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, білімді саналы түрде алуды қамтамасыз етуге және білім алушылардың күрделі ғылыми тұжырымдамаларды үйренуге деген тұрақты қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Түптеп келгенде, бұл білім беру сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар ғылымның, өндірістің және тұтастай алғанда қоғамның дамуына оң әсер етеді.

Көрсетілген талаптар мен үрдістер Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық бағыттары және нормативтік құжаттарымен тікелей байланысты. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы Жолдауында «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру» - деп көрсетілген [1]. Кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру аясына бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа инновациялық технологияларды қолдану кіреді.

Білім саласындағы цифрландыру мәселесі бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру деңгейлерінде цифрлық сауаттылықты арттыру қажеттілігі атап өтілген [2]. «Қазақстан-2050» Стратегиясында да білім беру саласын дамыту бойынша төрт басымдықтың бірі ретінде – «отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» деп атап көрсетілген [3].

Цифрлық қоғам жағдайында жоғары оқу орындары алдына заманауи кәсіби білімі, дағдылары, дамыған жеке мәдениеті, бәсекеге қабілеттілігі және цифрлық сауаттылығы бар мамандарды даярлау міндетін қойып отыр. Осыған байланысты болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту мәселесі ерекше маңызды. Атап алынған мәселенің өзектілігі 2019 жылдың желтоқсанында педагогтардың функцияларына, іс-әрекеттеріне және құзыреттіліктеріне қатысты жаңа талаптар белгілейтін, оларды оқыту тәсілдерін қайта қарауды қажет ететін «Педагог

мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [4] қабылдануымен одан әрі күшейе түсті.

Қазіргі кезде болашақ мамандарда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жолдары зерттеушілер арасында қарқынды пікір алмастыруда. Әлемде ақпараттық технологияларды дамыту негізінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі кеңінен қаралуда. Бұл білім алушыларды кәсіби әрекетке икемдеудің жаңа серпіні.

Бүгінгі таңда педагогикалық университет түлегіне қойылатын қоғамның басты талаптарының бірі – кәсіби құзыреттіліктерді дамыту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бүкіл кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттіліктерді дамытуға қайта бағыттау қажеттілігін атап өтті. Бұл болашақ мамандарды дайындайтын білім беру мекемелері үшін жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз ету басты басымдық екенін көрсетеді [5].

Жоғарыда аталған мәселені шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [6], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарттары (ҚР МЖМБС) [7], «Педагогтің кәсіби стандарты» [8], Ғылым туралы ұлттық баяндама [9] және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар мен Президенттің Ғылым ордасында сөйлеген сөзі [10] және жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламалары кұрайды.

Сонымен қатар, әлемдік білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету құжаттарында болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамытудың өзектілігі әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Мәселен, 2018 жылы Білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық қауымдастығы әлемнің 14 елінде жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша баяндама жариялап, білім сапасы болашақ педагогтардың біліктілігі мен құзыреттілігіне тікелей байланысты екенін көрсетті. Демек, болашақ педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту – әлемдік білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етудің маңызды міндеті саналады [11].

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары оқу орындарының дербестігін кеңейту білім мен құзыреттілікті арттыруға, сондай-ақ озық технологиялар мен болашақ экономикасына бағытталған және кәсіби құзыреттіліктерге негізделген заманауи білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттігі белгіленген. Құжатта сондай-ақ цифрлық технологиялардың элементтерін қамтитын жаңа педагогикалық оқыту дизайнын дайындау керектігі атап өтілген [12]. Сонымен қатар, болашақ педагогтарды даярлауда заманауи үрдістерді белсенді пайдалануды көздейтін басым бағыттар анықталған.

Аталған стратегиялық және нормативтік құжаттар болашақ педагогтардың кәсіби және цифрлық құзыреттілігін дамытуға қойылатын талаптардың артқанын көрсетеді, сондықтан бұл мәселені нормативтік негізбен қатар білім беруді цифрландыру үдерісінде ғылыми-теориялық тұрғыда қарастыру қажет.

Осыған байланысты «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәнін, құрылымын және даму механизмдерін талдау, соның ішінде білім беруді цифрландыру жағдайындағы қалыптасу ерекшеліктерін зерделеу, сондай-ақ олардың педагогикалық қызметтегі ролін анықтау ерекше маңызды. Бұл қазіргі заманғы педагогикалық және психологиялық ғылымның басым бағыты десек, қателеспейміз.

Жоғарыдағы мәселелер отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қамтылған, онда білім беруде құзыреттілікке негізделген тәсілдің теориялық негіздері мен практикалық аспектілері, оның ішінде цифрлық білім беру ортасында жүзеге асырылу жолдары әртүрлі ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Отандық және шетелдік ғалымдар Ш.Т. Таубаева [13], К.С.Құдайбергенова [14], Б.А. Тұрғынбаева [15], Р.Арнольд [16], Г.Влуменштейн [17], Дж.Равен [18], К.Роджерс [19], И.В.Роберт [20], Уиддет (Whiddet S.), Холлифорд (Hollyforde S.) [21], П. Хайне (Heine P.) [22], В.А. Метаева [23], Н.Н. Нечаев [24], А.Г. Бермус [25], Ю.Ю.Гавронская [26], И.А. Зимняя [27], А.В. Хуторской [28], И.Б.Костылева [29], Н.Ф.Талызина [30], Н.И. Алмазова [31], М.С. Минько [32], В.П.Беспалько [33], В.Д. Шадриков [34] және т.б. «құзыреттілік» және «құзыретті» педагогикалық-психологиялық аспектіде қарастырған.

«Кәсіби құзыреттілік» және «болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны Б.Т. Кенжебеков [35], К.В. Шапошников [36], А.К. Маркова [37], Т.Е. Исаева [38], Э.Г. Злотников [39], М.С. Пак, И.А. Орлова [40], М.К. Толетова [41], Ю.Ю. Гавронская [42] және т.б. отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Кәсіби құзыреттілікті дамытуға бастама болатын факторлар И.А. Зимняя [43], Е.Ф. Зеер [44], Н.В. Кузьмина [45], А.К. Маркова [46], Л.М. Митина [47], В.А. Слостенин [48] және т.б. еңбектерінде келтірілген, үш шартты санатқа топтастыруға болады: жетекші кәсіби функциялардағы өзгерістер, дамудың әлеуметтік контекстінің ерекшеліктері және жеке тұлғалық сипаттамалар.

Білім беру процесін жетілдіруде құзыреттілікті дамыту мәселесі, оның ішінде болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды пайдалануға дайындығы және олардың ақпараттық мәдениетін дамыту мәселесі Е.Ы.Бидайбеков [49], Д.М.Жүсіпалиева [50], К.М.Беркімбаев [51], А.Сағымбаева [52], Б.Т. Барсай [53], Г.И.Бейсенова [54], Л.П.Әбішева [55], Б.Т.Кенжебеков [35, б.87], С.М.Кеңесбаев [56], Б.А.Досжанов [57], Г.У.Сыздықбаева [58], А.Т.Чакликова [59] және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде әртүрлі ғылыми тұрғыдан зерттелген.

Химияны оқыту әдістемесін жетілдіру арқылы білім алушылардың құзыреттілігін дамыту мәселесіне қатысты И. Нұғыманұлы, Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева [60], К.Ш. Арынова, Г.М. Абызбекова, Ш.О Еспенбетова, Г.Т. Балықбаева [61], N.Kavak [62], Gençer, S. and Akkus, N. [63], Işık, B., Ekici, F., Kadayıfci, N., Akkus, N [64] және т.б. сынды ғалымдардың еңбектері бар.

Химия пәнін оқытуда ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану негізінде білім алушылардың кәсіби маңызды дағдыларын дамыту мәселелерін жан-жақты зерттеген отандық және шетелдік ғалымдар А.Р. Нурахметова, А.Е. Сагимбаева [65], Н.К. Ахметов [66], Медетбаева [67], Г.М. Мадыбекова [68], Н.Т. Шертаева [69, 70], Д.Қ. Берді [71], П.А. Абдуразова [72], М. Cooper, L.C. Williams және S.M. Underwood [73], Т.А. Holme, C.J. Luxford, K.L. Murphy, D. K. Lewis [74] және т.б. жан-жақты зерттеген.

Ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытудың әртүрлі аспектілерін көптеген отандық ғалымдар, соның ішінде Н.А. Асанов [75], А.Ж. Қайдарова [76], А.Қ. Құсайынов [77], Қ.Г. Құдайбергенова [14, б.73], К.У. Қунақова [78], Н. Катаев [79], М.З. Джанбубекова [80], Қ.М.Нағымжанова [81], А.Қ.Рысбаева [82], Б.А.Тұрғынбаева [15, б.64], әр қырынан зерттеулер жүргізген. Олардың ғылыми еңбектері бұл мәселені әртүрлі әдіснамалық және практикалық тұрғыдан қарастырады.

Болашақ химия педагогі университеттегі кәсіби дайындық кезінде заманауи технологияларды игеруі қажет. Аталған кәсіби дайындық цифрлық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары мен әдістерін таңдауды, білім алушылардың ақпаратты өз бетінше іздеу, игеру және өңдеу дағдыларын дамытуын және осы дағдыларды меңгеруге бағытталған әдістемелік оқыту жүйесін әзірлеуді талап етеді. Сонымен қатар болашақ педагогтар оқу процесі сапасын арттыратын және оқушылардың білімін бағалайтын интерактивті оқыту құралдарын, компьютерлендірілген бағалау құралдары және тестілеу сияқты электрондық оқу материалдарын жасай және пайдалана білуі уақыт талабына айналды.

Осыған байланысты, жоғары оқу орындарында кәсіби құзыреттілікті дамытуға негіз болатын цифрлық технологиялардың қолдану мүмкіншілігін арттыру қажет деп санаймыз.

Ғылыми әдебиеттерді талдау болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту және цифрлық технологияларды пайдалану жоғары білім беру жүйесінде жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмегендігін көрсетті. Қазіргі жоғары білім беру жағдайында аталған процестің мазмұны мен мәнін нақтылау, сондай-ақ болашақ химия педагогтарын кәсіби даярлау аясында оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтау, сонымен бірге цифрлық технологияларды білім беру процесіне кіріктіру қажеттілігі туындап отыр.

Заманауи білім беру стратегиялары, әдістері және ұйымдастыру формалары цифрлық технологияларды пайдалануға бағытталғанына қарамастан, жоғары оқу орындарында химияны оқыту тәжірибесінде олардың дидактикалық әлеуетін пайдалану мүмкіндіктері жеткілікті түрде анықталмаған, ал, болашақ химия педагогтарын кәсіби даярлау үдерісінде цифрлық технологияларды жүйелі түрде пайдаланудың әдістемелік қамтамасыз етілуі жеткілікті дамымаған күйінде қалып отыр.

Осыған байланысты келесі **қарама-қайшылықтар** анықталды: педагогикалық жоғары оқу орындары алдында тұрған кәсіби құзыреттілігі жоғары болашақ химия педагогтарын даярлау қажеттілігі мен осы үдерісті

жүзеге асыру жолдарының жеткіліксіздігі арасындағы; болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін цифрлық технологиялардың қолжетімділігі мен оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлардың жеткілікті деңгейде айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылық.

Анықталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздеу бізге зерттеу проблемасын анықтауға және диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамыту» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологиялар негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу нысаны – жоғары педагогикалық оқу орнында болашақ химия педагогтарын кәсіби даярлау процесі.

Зерттеу пәні – цифрлық технологиялар арқылы болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы – егер, болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздері, оның педагогикалық шарттары анықталып, бұл процестің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынып және оны қамтамасыз ететін әдістеме әзірленсе, онда болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің деңгейі артады, өйткені білім алушылардың цифрлық технологияларды пайдалануға тұрақты кәсіби мотивациясы дамиды, пәндік, психологиялық, педагогикалық және цифрлық білімі тереңдейді, кәсіби бағытталған оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын, платформаларын және виртуалды зертханаларды қолдану дағдылары дамиды, цифрлық білім беру ортасында білім беру процесін ұйымдастыруға және басқаруға даярлығы артады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
2. Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау;
3. Цифрлық технологиялар арқылы болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
4. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдістемесін әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамыту оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, кәсіби дайындықтың мазмұны мен әдістемесін жетілдіруге, цифрлық білім беру ортасында кәсіби мәселелерді шешу мүмкіндігін арттыруға, зерттеу және шығармашылық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ, болашақ педагогтардың кәсіби және тұлғалық өсуіне ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу мәселесін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеуде келесі теориялар жиынтығы мен әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынады: «Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының мәні (Ш.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева, К.С.Құдайбергенова, Р. Уайт, Дж. Равен, П. Бурдые, Д. Хаймс, П. Вейл, Ф. Данвер, С. Уиддет, С. Холлифорд, А. Г. Бермус, Ю. Ю.Гавронская, И.А.Зимняя, А.В.Хуторской); «кәсіби құзыреттілік» және «болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі» терминдерінің мәні (Б.Т. Кенжебеков, К.В. Шапошников, А.К. Маркова, Т.Е. Исаева, Е.Г. Злотников, М.С. Пак, И.А. Орлова, М.К. Толетова, Ю.Ю. Гавронская, М.Ю. Чуркина); болашақ химия педагогтарын кәсіби даярлау үдерісіне ақпараттық және компьютерлік технологияларды енгізудің маңыздылығы (А.Р. Нурахметова, Н.К. Ахметов, А.Е. Сагимбаева, С.А. Медетбаева, К.Ш. Арынова, Г.М. Мадыбекова, Д.Қ. Берді, Н.Т. Шертаева, П.А. Абдуразова, Н.Т.,В.А. Акопян, Ю.В. Гавронская, С.И. Гильманшина, С.С. Космодемьянская, О.В. Романова, Шкилменская және т.б.); «цифрландыру» және «цифрлық білім беру ортасы» ұғымдарының мазмұны (Л.Е.Вартанова, Е.А. Кашина, А. Марей, Р.М. Сафуанов, А.Г. Бадалов, В.А. Бондаренко және т.б.) туралы ғалымдардың еңбектері, тұжырымдамалары және әдіснамалық тұғырлар: жүйелік тұғыр, тұлғаға бағытталған тұғыр, құзыреттілікке негізделген тұғыр және технологиялық тұғырлар басшылыққа алынады.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Жолдаулары, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандарттары, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы «Білімді ұлт-сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, зерттеу мәселесі бойынша философ, психолог, педагогтардың ғылыми еңбектері, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер, педагогиканың ғылыми жетістіктері алынды.

Зерттеу әдістері: тақырыпқа қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделеу; зерттеу мәселесі бойынша ғылыми дереккөздерді талдау және салыстыру, контент-талдау, білім беру процесінде цифрлық технологияларды пайдаланудағы отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибені зерттеу және жүйелеу, модельдеу, педагогикалық эксперимент жүргізу, диагностикалау, сауалнама, алынған нәтижелерді түсіндіруге арналған статистикалық-математикалық өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;
2. Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары анықталды;

3. Цифрлық технологиялар арқылы болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модель негізінде алғаш рет интегративті цифрлық микро-флипмед әдісі ұсынылды.

4. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Қазақстан педагогикасында «аналитикалық химия» пәні бойынша алғаш рет цифрлық технология элементтерімен толықтырылған интерактивті оқу-әдістемелік кешен әзірленді;

- болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамыту бағытында алғаш рет CHEMED.KZ цифрлық білім беру платформасы әзірленді;

- болашақ химия педагогтарын кәсіби даярлау барысында «Ионды тап» компьютерленген оқу ойыны қолданылды;

- екі авторлық куәлік алынды (Қосымша Ә). Олар: «Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытуға бағытталып дайындалған «Аналитикалық химия» оқулығы» 22.01.2024. - № 42748; «Интегративті цифрлық микро-флипмед әдісін жүзеге асыруға дайындалған CHEMED.KZ цифрлық білім беру платформасы» 17.11.2025. - № 64279;

- болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы дамыту бағытында әзірленген оқулық пен chemed.kz цифрлық білім беру платформасын жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орындарында қолдану химия педагогтарын дайындау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны бойынша жарияланған еңбектердің жалпы саны - 16, оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасына кіретін ғылыми журналда - 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 4, шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинағында – 2, ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинағында – 4, басқа да ғылыми журналдарда – 1 мақала, 2 - авторлық куәлік, 1- оқулық, 1- chemed.kz цифрлық білім беру платформасы жарияланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- «Болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігі» дегеніміз - бұл химия пәнін оқытуға қажетті пәндік, әдістемелік, зертханалық, зерттеу, коммуникативтік және цифрлық дағдылардың интеграцияланған жүйесі, оқу үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды, виртуалды эксперименттерді, онлайн платформа мүмкіндіктерін тиімді қолдана алу қабілеті. Осы зерттеу аясында болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік және ұйымдастырушылық компоненттердің бірлігі ретінде айқындалды. Сонымен қатар зерттеуде цифрлық

технологиялар білім беру мазмұнын ұсыну, білім беру қызметін ұйымдастыру және болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қолданылатын бағдарламалық, мультимедиялық және интерактивті құралдар жүйесі ретінде қарастырылады. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдіснамалық тұғырлары ретінде жүйелік тұғыр, тұлғаға бағытталған тұғыр, құзыреттілікке негізделген тұғыр және технологиялық тұғырлар негізге алынды.

- Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың келесі педагогикалық шарттары анықталды: психологиялық-педагогикалық шарттар - болашақ химия педагогтарының кәсіби маңызды қасиеттері, білім алушылардың мақсаттары мен мотивациясы, сондай-ақ білім беру мазмұны; ұйымдастырушылық шарттар - білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, білім алушылардың аудиториядағы және аудиториядан тыс іс-шараларының ұтымды үйлесімі; сонымен қатар дидактикалық шарттар - дидактикалық қағидаттарды ұстану, қойылған мақсаттарға сәйкес оқыту формалары мен әдістерін таңдау.

- Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамытуға арналған мақсатты, мазмұнды-ұйымдастырушылық, әдістемелік және нәтижелік компоненттерден тұратын құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді. Модель негізінде алғаш рет химияны оқытуда микрооқыту, флипмед-класс және сценарийлік виртуалды зертхана әдістерін біріктіретін интегративті цифрлық микро-флипмед әдісі ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделіп ұсынылды. Аталған әдіс болашақ химия педагогтарын оқытуға бейімделген және кәсіби, цифрлық құзыреттіліктерді жан-жақты дамытуға бағытталған.

- Педагогикалық университеттердің оқу процесіне алғаш рет цифрлық технология элементтерімен толықтырылған интерактивті тапсырмаларды қамтитын «Аналитикалық химия» оқулығы және авторлық әдісті жүзеге асыратын: бейнедәрістер, кешенді интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар мен автоматтандырылған бағалауды ұсынатын chemed.kz цифрлық білім беру платформасы енгізілді. Интегративті цифрлық микро-флипмед әдісінің және нәтижесінде алынған цифрлық ресурстардың тиімділігі эксперименталды түрде расталды.

Зерттеу базасы: Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Жаратылыстану факультеті, «Химия» кафедрасы, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Химия және биология» кафедрасы.

Зерттеудің негізгі кезеңдері. Зерттеу жұмысы қойылған мақсатқа сай 3 кезең бойынша жүргізілді.

I кезеңде (2021-2022 оқу жылы) зерттеліп отырған мәселеге қатысты ғылыми-әдіснамалық, философиялық, педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық әдебиеттерге талдау жасалып, химияны оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктері мен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдіснамалық

тұғырлары анықталды. Химияны оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды қолданудың қазіргі жағдайына талдау жасалды. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, болжамы тұжырымдалып, көкейкестілігі негізделді.

II кезеңде (2022-2023 оқу жылы) бұл кезеңде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытуға қажетті педагогикалық шарттар айқындалды. Осыған сәйкес алғаш рет интегративті цифрлық микро-флипед әдісі ұсынылып, оның негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель жасалды.

Зерттеу әдістемесін іске асыру мақсатында: – «Аналитикалық химия» пәнінің бірінші бөліміне арналған цифрлық технологиялар элементтері енгізілген оқулық; – видеолекциялар, тақырыптарға сәйкес кешенді тапсырмалар, виртуалды зертханалар және автоматты бағалау жүйесін қамтитын Chemed.kz цифрлық білім беру платформасы әзірленді. Аталған әдістеменің тиімділігі педагогикалық тәжірибелік-эксперимент арқылы сынақтан өткізілді. Эксперимент барысында білім алушылардың бастапқы және қорытынды кәсіби құзыреттілік деңгейлері салыстырылып, Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) статистикалық критерийі арқылы әдістеменің нәтижелілігі дәлелденді. Зерттеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ Комитет тізбесіндегі журналдарда жарияланды.

III кезеңде (2023-2024 оқу жылы) Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы дамытудың әдістемесі оқу үдерісіне ендірілді (Қосымша Б). Негізгі зерттеу нәтижелері халықаралық рецензияланған ғылыми журналға жарияланды. Диссертациялық зерттеу жұмысы қорытындыланып, ғылыми ұсыныстар дайындалды, әдебиеттер жүйеленіп, диссертация талап бойынша рәсімделді.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен, сондай-ақ зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, нысаны мен пәніне сай әдістердің қолданылуымен, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің сәйкестігі мен үйлесімділігімен, әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде анықталуымен, эксперимент нәтижесінің математикалық-статистикалық тәсілдермен тексерілуімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен және ЖОО оқу үдерісіне эксперименттен алынған нәтижелердің енгізілуімен қамтамасыз етіледі.

Диссертация құрылымы. Диссертацияның құрылымы бекітілген жоспарға сәйкес келетін кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы, тақырыбы негізделеді және педагогика ғылымында шешіліп жатқан мәселенің қазіргі жағдайына баға беріледі. Бұл жұмыстың басқа ғылыми зерттеу жұмыстарымен байланысы анықталады. Зерттеу құрылымы оның негізгі элементтерін көрсетеді: жұмыстың нысаны, пәні, мақсаты және міндеттері, зерттеу көздері мен әдістері анықталады, жетекші идея тұжырымдалады және зерттеу кезеңдері белгіленеді.

Ғылыми болжам, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұжырымдалады, қорғауға ұсынылған қағидалар нақтыланады және алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі айқындалады.

«Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесіне арналған отандық және шетелдік зерттеулер кең көлемде талданады. «Құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда теориялық талдаулары жүйеленіп, «болашақ химия педагогінің кәсіби құзыреттілігі» ұғымына авторлық тұжырымдама ұсынылады. Болашақ химия педагогтарын цифрлық технологияларды пайдалануға даярлаудың мәні мен құрылымы нақтыланады. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары беріледі.

«Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың дидактикалық негіздері» деп аталатын екінші бөлімде болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық аспектілері талданады. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы жоғары оқу орыны жағдайында қалай дамытуға болатынын түсіндіретін педагогикалық шарттар айқындалады. Бұл шарттарды жүзеге асыру үшін құрылымдық-мазмұндық модель әзірленеді және компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделіп логикалық әрі динамикалық байланыста беріледі. Модельде кәсіби құзыреттіліктің дамуына ықпал ететін алғаш рет ұсынылған әдіс – Интегративті цифрлық микро-флипсид әдісі сипатталады.

«Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» деп аталатын үшінші бөлімде болашақ химия педагогтарының цифрлық және кәсіби құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстардың мазмұны сипатталады. Цифрлық технологияларды қолдана отырып, болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесі ұсынылып, негізделеді және оның жүзеге асырылу мазмұны талданады. Сонымен қатар, бұл бөлімде педагогикалық эксперименттің бақылау кезеңінің нәтижелері ұсынылады, онда әзірленген әдістеменің тиімділігі және болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілік деңгейінің өзгеру динамикасы көрсетіледі.

Қорытындыда зерттеудің маңыздылығы және зерттеу барысында алынған білім беру нәтижелері, негізгі теориялық және практикалық тұжырымдар жасалады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі талданады және әзірленген модельді білім беру тәжірибесінде қолдану бойынша нақты ұсыныстар ұсынылады.

1 БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ДАМУДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Отандық және әлемдік зерттеулерде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мағынасы мен маңызды сипаттамалары

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі жағдайында кәсіби және цифрлық құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау ерекше маңызға ие. Бұл басымдық білім беру жүйесін жаңғыртуға, цифрлық трансформацияға және адами капиталды дамытуға бағытталған мемлекеттің стратегиялық және нормативтік құжаттарында көрініс тапқан (1 сурет).



Сурет 1 - Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытудың нормативтік-құқықтық негізі

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларында білім беру сапасын жақсарту, цифрлық технологияларды енгізу және тез өзгеретін білім беру ортасында тиімді жұмыс істей алатын педагогтарды даярлау қажеттілігі

бірнеше рет атап өтілген. Ұқсас ережелер Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру сапасын қамтамасыз етудің негізгі факторы ретінде педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аударылған, сондай-ақ кәсіптік білім берудің мазмұны мен әдістерін жаңартуға бағытталған ұлттық есептер мен саяси құжаттарда көрініс тапқан.

Бұл нормативтік құжаттар болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту негізі болып табылатын маман даярлаудың білімге негізделген моделінен құзыреттілікке негізделген тәсілге көшуге деген әлеуметтік және білім беру сұранысын қалыптастыруда. Осыған байланысты отандық және шетелдік зерттеулерде ұсынылған «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарын, олардың мазмұнын, құрылымын және маңызды сипаттамаларын ғылыми тұрғыдан түсіну ерекше өзекті.

Болашақ педагогтарды дайындау тұжырымдамасын әзірлеудің негізіне айналған құзыреттілікке негізделген тәсіл 1960-1980 жылдары Америка Құрама Штаттарында белсенді қолданылды. Алайда, кейіннен оған ғылыми қызығушылық төмендеді, себебі оны енгізу болашақ педагогтардың ойлау қабілеті мен санасын жеткілікті түрде ескермеді [38, б.158].

Соңғы онжылдықта құзыреттілік көзқарасқа деген қызығушылық қайта пайда болды. Бұл, басқалармен қатар, «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын түсінумен (Н.В. Евдокимова [83], Т.Б. Михеева [84], Н.Н. Нечаев, Г.И.Резницкая [24, б. 12] және т.б.); педагогика ғылымындағы кәсіби талаптарды құрылымдау мен жіктеу сұрақтарын әзірлеу және маманның негізгі құзыреттерін анықтаумен (Н.Ф. Ефремова [85], В.Г. Казанович [86], В.Г.Максимов [87], А.К.Маркова [37, б.117], Е.В.Писменный, С.В.Санникова [88], А.В.Хуторской [28, б. 42] және т.б.); құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыруды басқару және ұйымдастырумен (Б.В. Андинш [89], А.Г. Бермус [25, б. 18], Е.А. Балыгина [90], Е.Ю.Занкова, И.А.Стеценко [91], О.Г. Максимова [92], және басқалар); кәсіби және педагогикалық құзыреттіліктің мәні мен құрылымын анықтауға (О.А. Козырева [93], А.К. Маркова [37, б.125], т.б.); сондай-ақ оқытудың кәсіби стандарттарын құзыреттілікке негізделген тәсіл тұрғысынан зерттеуге (В.Д. Щадриков [34, б.17], Е.А. Ямбург [94], т.б.) назар аударды.

Дегенмен, бүгінгі күнге дейін ғылыми әдебиеттерде «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының бірыңғай түсіндірмесі жоқ: бұл ұғымдар не теңестіріледі не ерекшеленеді [90, б.77]. Көп жағдайда «құзыреттілік» оқу нәтижесін білдіру үшін қолданылады, ал «құзырет» ұғымы көбінесе «білім» немесе «хабардарлық» деп түсіндіріледі. [83, б. 47].

Бірқатар зерттеушілер кәсіби және педагогикалық құзыреттіліктің мәні мен құрылымын анықтауға (О.А. Козырева, А.К. Маркова және т.б.), сондай-ақ оқытудың кәсіби стандарттарын құзыреттілікке негізделген тәсіл тұрғысынан зерттеуге (В.Д. Щадриков, Е.А. Ямбург және т.б.) назар аударды.

Шетелдік зерттеушілер «құзыреттілік» тұжырымдамасының мазмұнына ең алдымен, нақты пән саласында нақты іс-әрекетті тиімді орындау үшін қажетті қабілеттердің болуымен практикалық толықтыру жасады (Дж. Равен (John

Raven) [18, б.89], С. Уиддет, С. Холлифорд (Whiddet S., Hollyforde S.) [21, б. 138], П. Хайне (Heine P.) [22, б. 53] және т.б.).

«Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын түсіндіруге деген көзқарастардың әртүрлілігіне байланысты, 1-кестеде келтірілген салыстырмалы талдауды қажет ететін қолданыстағы ғылыми ұстанымдарды жүйелеу керек деп есептейміз.

Кесте 1 – Шетелдік және отандық ғалымдардың «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарына берген анықтамалары

Автор(лар)	Қарастырылып отырған тұжырымдама	Анықтаманың мазмұны / автордың ұстанымы
Дж. Равен	Құзыреттілік	Көп компонентті тұлғаның қалыптасуы; ол іс-әрекетте қалыптасады және көрінеді
С.Уиддет, С. Холлифорд	Құзыреттілік	Тиімді кәсіби мінез-құлық стандарттарын көрсету мүмкіндігі
П. Хайне	Құзырет, құзыреттілік	Құзырет – функционалдық сипаттама; құзыреттілік – оны жүзеге асыру мүмкіндігі
И.А. Зимняя	Құзырет, құзыреттілік	Құзыреттілік белгілі бір іс-әрекеттегі құзыреттіліктің нақты көрінісі ретінде қарастырылады
А.В. Хуторской	Құзырет	Интегративті жеке сапа (білім, дағдылар, қабілеттер, жеке қасиеттер)
Ш.Таубаева	Құзыреттілік	Білім мен тәжірибеге негізделген интегративті жеке сапа
Б.А.Тұрғынбаева	Құзыреттілік	Өмірлік мәселелерді шешу үшін білім мен тәжірибені қолдана білу
Қ.С. Құдайбергенова	Құзырет, құзыреттілік	Құзыреттілік – проблемалық жағдайлардың шешімі; құзыреттілік – қасиеттердің интегративті бірлігі

1-кестеде келтірілген ғылыми тәсілдер шетелдік және отандық педагогикалық және психологиялық ғылымда қалыптасқан «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын түсіндірудегі негізгі үрдістерді көрсетеді. Дегенмен,

кестенің қысқаша форматы бұл ұғымдардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін толық ашуға мүмкіндік бермейді, сондай-ақ оларды жеке зерттеушілердің еңбектерінде түсіндіру ерекшеліктерін ашпайды. Сондықтан, кәсіби даму тұрғысынан құзырет пен құзыреттіліктің мәнін, құрылымын және компоненттерін терең талдау үшін жетекші шетелдік және отандық авторлар ұсынған негізгі тұжырымдамалық ұсыныстарды одан әрі зерттеу қажет деп санаймыз.

Сонымен, Дж. Равен көзқарасы бойынша, құзыреттілік – бұл көп компоненттерден тұрады, олардың көпшілігі салыстырмалы бір-бірінен тәуелсіз, кейбір компоненттер когнитивтік, ал басқалары – эмоционалды салаға қатысты, бұл компоненттер тиімді мінез-құлықтың құрамдас бөлігі ретінде бірін-бірі алмастыра алады [18, б.253].

Автордың пікірінше, пәндік білім, дағдылар, ойлау тәсілдерін қамтитын құзыреттілік нақты пән бойынша нақты іс-әрекетті орындау үшін қажет. Әрі қарай ол төмендегідей бекітеді:

1. Құзыреттілік компоненттері адам қызметі үшін қызықты орындау процесінде ғана пайда болады және дамиды.

2. Тиімді қызмет - нәтижелі бірнеше факторлар – белгілі бір жағдайда көрінетін қабілеттілік немесе жеке құзыреттілік деңгейінен гөрі мақсатқа жету процесінде көптеген жағдайларды қамтитын, бірқатар тәуелсіз және бірін-бірі толықтыратын құзыреттілікке байланысты. Кез-келген жеке қабілеттің деңгейін емес, маңызды мақсаттарға қол жеткізуге жұмсайтын, әр түрлі жағдайларда ұзақ уақыт бойы тұлғалар көрсеткен құзыреттіліктің толық жиынтығын бағалау керек.

3. Жеке тұлға көрсетілетін нақты жағдай оның құндылығының қалыптасуына және жаңа құзыреттіліктерді дамыту мен игеру мүмкіндігіне тікелей әсер етеді. Бұл жағдайда әлеуметтік рөлдерді орындау және әлеммен өзара әрекеттесу үшін қажетті қабілет, білім, дағды, мотив, қатынас, наным, құндылықтарды дамытуға баса назар аударылады.

С. Уиддет және С. Холлифорд құзыреттілікті тиімді жұмыс істеу үшін қажетті белгілі бір мінез-құлық стандарттарын көрсету қабілеті деп қарастырады [21, б. 137].

П. Хайне құзырет және құзыреттілік терминдерін қолданады. Бірақ оның еңбектерінде «құзырет» термині міндетті түрде педагогтың функционалдык сипаттамаларымен байланысты, ал «құзыреттілік» педагогтың тиісті кәсіби функцияларды орындау қабілеті ретінде түсініледі [22, б. 53].

Американдық психолог Р.Шорт (R.Short) «тұлғаның құзыреттілігі» тұжырымдамасының мәнін ашады. Автор құзыретті жеке тұлғаны ғылыми білім негіздері мен тиісті дағдыларға ие, психомоторлық дағдылары дамыған, кәсіби рөлдер мен когнитивті операцияларды орындай алатын, сондай-ақ тиімді тұлғааралық өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдыларға ие адам ретінде анықтайды [95, б. 66].

Батыс еуропалық құзыреттілік модельдері кешенді міндеттерді шешу жолдарын өздігінен табу, жаңа білім, біліктерді өз бетінше меңгеру, тұлға

ретінде өзіне оң көзқарас, үйлесімді қарым-қатынас қабілеті, ұжымда өзін ұстау сияқты қасиеттерге назар аударады.

Жалпы, шетелдік ғалымдар құзыреттілікті нақты дағдылармен байланыстырмайды, оны жеке тұлғаның жалпы сипаттамасына жатқызады.

20 ғасырдың ортасындағы Ресейлік ғылыми басылымдар «құзыреттілік» ұғымының мазмұнында қажетті жеке қасиеттердің, білім мен дағдылардың жиынтығы, сондай-ақ оларды кәсіби қызметте қолдану жолдары мен әдістері ретінде түсіндірілді.

Кеңес энциклопедиялық сөздігінде «құзыреттілік» термині белгілі бір саладағы білім мен кәсіби тәжірибенің болуы ретінде түсіндіріледі [96, б. 614].

В.А. Метаеваның көзқарасы бойынша, құзыреттілік және құзырет ұғымдары өзара байланысты: құзыретті тұлғаның құзыреті болуы керек [23, б. 59].

Н.Н.Нечаев және Г.И.Резницкаяның көзқарасы бойынша құзыреттілік анықтамасы – қойылған мақсаттарға жету жолдары мен құралдарын түсінуді, процестер мен құбылыстар арасындағы байланыстарды, сондай-ақ орындалатын іс-әрекеттердің мәнін түсінуді көрсетеді. [24, б. 11].

Сөздіктер мен ғылыми әдебиеттер құзыреттіліктің кең ауқымды анықтамаларын ұсынады. Нақтырақ айтқанда, олар кәсіби және кәсіби бағытталған, жалпы және басқа да құзыреттілік түрлерін сипаттайды. Жалпы құзыреттіліктер өз кезегінде әмбебап, базалық, мета-кәсіби, транскәсіби, трансдисциплинарлық және басқаларға бөлінеді [97,98]. Басқа да классификациялар бар, мысалы: жеке тұлғаның қызмет етуіне қажетті стандартты құзыреттер; еңбек нарығында жеке тұлғаларға басқа қатысушылардан артықшылығы бар болып, табысты бәсекелесуге мүмкіндік беретін кілттік құзыреттер; тапқырлық, жаңашылдық, коммуникация, көп мәдениеттілік және т.б. жауап беретін жетекші құзыреттер [99].

Құзырет, ғалымдардың көпшілігінің пікірінше (А. Г. Бермус [25, б.63], Ю. Ю. Гавронская [28, б.174], И.А. Зимняя [100], А.В. Хуторской [28, б. 46], т.б.), интегративті тұлғалық қасиет болып табылады. Кейбір айырмашылықтарға қарамастан, көптеген ғалымдардың еңбектерінде Гавронская [39, б.17], И.Б.Костылева [29, б.94]), құзыреттің бірнеше негізгі компоненттерді қамтитынын атап көрсетеді: білім, қабілеттер, дағдылар және кәсіби маңызды жеке қасиеттер. Дегенмен, Н.Ф. Талызина, Н.Т. Печенюк және Л.Б. Хихловскийдің пікірінше, бұл элементтер құзыреттіліктің мәнін толық түсіну үшін жеткіліксіз, себебі ол өмірлік тәжірибені де қамтуы керек [30, б. 189].

Н.И. Алмазова құзыретті кәсіби білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде, ал құзыреттілікті бұл құзыреттерді іс жүзінде тиімді қолдану мүмкіндігі ретінде қарастырады [31, б.113].

етеді. Сондықтан, келесі 7 - кестеде осы ұйымдастырушылық шарттар жүйеленген.

Кесте 7 – Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың ұйымдастырушылық шарттары

Ұйымдастырушылық шарттар	Маңызды сипаттамалары
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Компьютерлік аудиториялардың, тұрақты интернетке қол жеткізудің, виртуалды зертханалардың және цифрлық білім беру платформаларының болуы
Цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру	Онлайн платформаларды, оқуды басқару жүйелерін (ОБЖ) пайдалану, цифрлық ресурстарды оқу процесіне интеграциялау
Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың үйлесімдігі	Аралас және қашықтықтан оқытуды енгізу, білім алушылардың өзіндік және жобалық іс-әрекеттерін ұйымдастыру
Оқу процесін басқару және мониторинг жүргізу	Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, академиялық жетістіктерді бақылау және жедел кері байланыс беру
Педагогтар мен білім алушылар арасындағы цифрлық өзара әрекеттесу	Онлайн кеңестер, білім беру форумдары, кері байланыс жүйелері және білім беру іс-шараларын қолдау

Кестеде берілген ұйымдастырушылық шарттар болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологияларды қолдана отырып дамытудың жүйелі және тұтас процесін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайлар білім алушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс іс-шараларында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал ететін білім беру ортасын құруға бағытталған.

Негізгі ұйымдастырушылық шарттарға білім беру процесін тиісті материалдық-техникалық базамен, соның ішінде компьютерлік зертханалармен, интернетке қолжетімділікпен, цифрлық білім беру платформаларымен, виртуалды зертханалармен, мультимедиялық жабдықтармен және химияны оқуға арналған мамандандырылған бағдарламалық жасақтамамен қамтамасыз ету жатады. Бұл ресурстардың қолжетімділігі болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда цифрлық технологияларды толық енгізу үшін өте маңызды.

Білім алушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс іс-шараларын ұтымды үйлестіру де маңызды аспект болып табылады. Цифрлық технологиялар білім беру кеңістігін дәстүрлі жағдайлардан тыс кеңейтуге мүмкіндік береді, қашықтықтан және аралас оқытуды, білім алушылардың өзіндік жұмысын, онлайн жобаларға қатысуды және зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді. Бұл болашақ педагогтарға білім беру іс-шараларын өз бетінше жоспарлау дағдыларын және өздерінің білім беру нәтижелері үшін жауапкершілікті дамытуға көмектеседі. Тәжірибелік зерттеу барысында ұйымдастырушылық

шарттар цифрлық білім беру ресурстарын оқу бағдарламасына интеграциялау, онлайн платформаларды пайдалана отырып, білім алушылардың тәуелсіз және жобалық іс-шараларын ұйымдастыру және оқытушы мен студенттер арасындағы кері байланыс үшін цифрлық құралдарды жүйелі түрде пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Бұл шарттардың тиімділігі эксперимент барысында білім алушылардың тапсырмаларды орындаудағы дербестік, оқу іс-әрекеттеріне қатысу және ұйымдастырушылық деңгейін, болашақ кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды пайдалануға дайындығын талдау арқылы тексеріледі.

Ұйымдастырушылық шарттармен қатар, цифрлық білім беру ортасында оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын және құралдарын анықтайтын дидактикалық шарттар болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін өте маңызды. Төмендегі 8-кестеде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін мақсатты түрде дамытуды қамтамасыз ететін дидактикалық шарттар көрсетілген.

Кесте 8 – Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың дидактикалық шарттары

Дидактикалық шарттар	Маңызды сипаттамалары
Дидактикалық қағидаттарды сақтау	Ғылыми, жүйелі, көрнекі, белсенді және кәсіби бағытталған оқыту принциптерін енгізу
Белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдану	Проблемалық оқытуды, кейс-стадилерді, флипид класс, микрооқыту, геймификация және сценарийлік тәсілдерді пайдалану
Цифрлық модельдер мен виртуалды зертханаларды пайдалану	Білім алушылардың теориялық білімі мен практикалық іс-әрекеті арасындағы байланысты қамтамасыз ету
Зерттеу және шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру	Модельдеу эксперименттері, деректерді талдау, зерттеу дағдыларын дамыту
Бағалау және кері байланыс жүйесін ұйымдастыру	Критерийлік бағалау, өзін-өзі бағалау, оқу іс-әрекетінің нәтижелері туралы ой жүгірту

8-кестеде келтірілген дидактикалық шарттар білім алушыларды цифрлық білім беру ортасында кәсіби бағдарланған даярлауды қамтамасыз ететін мақсатты педагогикалық араласулардың жиынтығын көрсетеді.

Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың дидактикалық шарттары негізгі дидактикалық қағидаттарды ұстануды және белгіленген білім беру мақсаттарына сәйкес оқыту әдістерін, формаларын және құралдарын мақсатты түрде таңдауды талап етеді. Білім беруді цифрландыру жағдайында цифрлық технологияларды педагогикалық тұрғыдан тиімді пайдалану ерекше маңызды, бұл тек пәндік білімді игеруді ғана емес, сонымен қатар кәсіби маңызды дағдылар мен қабілеттерді дамытуды да қамтамасыз етеді.

Зерттеуде дидактикалық шарттар ғылыми, көрнекі, жүйелі, белсенді және кәсіби бағытталған оқыту қағидаттарына негізделген. Цифрлық модельдерді, виртуалды зертханаларды, интерактивті модельдеулерді және цифрлық білім беру платформаларын пайдалану теориялық білімді практикалық іс-әрекеттермен байланыстыруға мүмкіндік береді және болашақ педагогтарда сыни ойлау мен кәсіби дағдыларды дамытуға жағдай жасайды.

Педагогикалық эксперимент барысында дидактикалық шарттар проблемалық оқытуды, кейс-стадийлерді, флипид-класс, микрооқыту, геймификация және сценарийлік тәсілдерді, химиялық процестерді модельдеуді және виртуалды эксперименттерді талдауды қоса алғанда, белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқыту әдістері жеке, топтық және ұжымдық жұмысты біріктіреді, бұл білім алушылардың коммуникативтік, цифрлық және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Бұл бөлімде цифрлық білім беру ортасында болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттарының теориялық негізі берілген. Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерді талдау кәсіби құзыреттілікті дамыту білім беру мазмұнының құрылымына, қолданылатын оқыту әдістеріне, білім беру ортасына және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне тікелей байланысты көп өлшемді, жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастырылатын процесс екенін көрсетті.

Зерттеу болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың үш негізгі шарттары тобын анықтады. Бұл шарттарды жүзеге асыру білім алушылардың кәсіби дайындығының жүйелі дамуын, олардың цифрлық технологияларды пайдалануға дайындығын және кәсіби қызметке бағдарлануын қамтамасыз етеді.

Осылайша, анықталған педагогикалық шарттар болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамыту моделін тиімді жүзеге асырудың теориялық негізі ретінде қарастырылады және олардың тиімділігі педагогикалық эксперимент кезінде тексеріледі. Келесі тармақшада цифрлық технологияларды қолдану негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі қарастырылады.

2.3 Цифрлық технологияларды қолдану негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Диссертацияның бірінші бөлімінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық технологияларды пайдаланудың теориялық қағидалары қорытындыланған. Бұл болашақ химия педагогтарының оқу процесінде цифрлық құралдарды пайдалануға дайындығын бағалау моделін құрудың ғылыми-әдістемелік негізі болды. Болашақ педагогтардың кәсіби дамуын дамыту құралы ретінде технологияны таңдау зерттеушілердің педагогикалық және цифрлық технологиялардың оқу процесіне

интеграциялануы білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді деген сенімімен тікелей сәйкес келеді [247-250].

Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі цифрлық технологияларды қолдана отырып, жоғары оқу орнында болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту моделін жасау болып табылады.

Модельдеу педагогикалық ғылымда ғылыми зерттеудің тиімді әдісі ретінде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс педагогикалық эксперимент нысаны мен жасалып жатқан логикалық құрылымдар немесе теориялық жалпылаулар арасындағы сәйкестікті орнатуды қамтиды. Жалпы алғанда, модельдеу - зерттеліп жатқан педагогикалық жүйенің құрылымы мен негізгі қағидаларын көрсететін жеңілдетілген бейнесін құру процесі.

«Модель» термині латынның *modulus* сөзінен шыққан, яғни «өлшем, үлгі, аналог» дегенді білдіреді. Әртүрлі сөздіктерде модель басқа объект туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін арнайы жасалған жүйе ретінде анықталады; оның қасиеттерін зерттеу үшін қажетті құрылғының, процестің немесе құбылыстың жеңілдетілген көшірмесі.

Логикалық және математикалық дереккөздерде модельдеу нақты объектінің жасанды аналогын жасау ретінде анықталады - физикалық құрылым, символдық-математикалық диаграмма немесе түпнұсқаның сипаттамалық ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік беретін басқа көрініс түрінде [251].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «модель» ұғымы келесідей материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде анықталады:

1) түпнұсқаның ең маңызды қасиеттері мен қатынастарын көрсететін және қайталайтын;

2) қатаң анықталған зерттеу контекстінде оның орнын басатын;

3) объектінің өзі туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беретін.

Барлық материалдық модельдерде орын басу функциясы түпнұсқа объектінің құрылымы мен жұмыс істеуінің ұқсастығына негізделген.

«Модель» термині «модельдеу» ұғымымен тікелей байланысты. Модель құру теориялық білімнің маңызды санаты болып саналады: теориялық деңгейде абстрактілі және символдық модельдер қолданылады, ал эксперименттік деңгейде модельдеу пәндік аналогтар арқылы процестер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі ретінде қызмет етеді. Осы себепті модельдеу және оны қолдану педагогикалық зерттеулерде маңызды орын алады.

Қорытындылай келе, маман моделінің құрылымы мен мазмұнын үш компонент ретінде ұсынуға болады: қызмет жүзеге асырылатын әлеуметтік-кәсіби контекст; кәсіби қызметтің негізгі бағыттары; және осы қызметтің психологиялық және педагогикалық сипаттамалары.

Ал маман моделін әзірлеу кәсіби дайындықтың сәтті өтуін қамтамасыз ететін бірқатар негізгі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- маманның кәсіби және әлеуметтік қызметінің мазмұнын, сондай-ақ оларды тиімді жүзеге асыру үшін қажетті біліміне, дағдыларына, қабілеттеріне және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарды талдау;

- оқыту мазмұнын жобалаудың негізді әдістемелік нұсқаулары мен критерийлерін анықтау, болашақ маманның қажетті құзыреттіліктері мен жеке ерекшеліктерін дамытуды қамтамасыз ету үшін білім беру процесін ұйымдастыру;

- кәсіби дайындық деңгейі мен түлектің жеке өсуі мен осы модельдің талаптары арасындағы максималды сәйкестікке қол жеткізу;

- білім беру ұйымының имиджін нығайту және берілген дипломның құндылығын арттыру, сондай-ақ оның түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз [252].

Модель белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар және қатынастар идеясына негізделгенін түсінуіміз керек.

В.А.Штофф «модельді зерттеу объектісін бейнелейтін және жүзеге асыратын, сонымен қатар оны зерттеуде жаңа ақпарат беретін жүйе» деп таныды [253].

Таубаева Ш.Т. «модельдеуді» «модель» деп аталатын бір ғана объектідегі басқа объектінің сипатын жүзеге асыру ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, модель мен түпнұсқа арасында айқын және бірмәнді ұқсастық болуы керек: ғылыми білім процесінде модель зерттелетін объектінің орнын басады, ал модельді талдау нәтижелері түпнұсқаның өзі туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді [254].

Ғылыми әдебиеттерді талдағаннан кейін біз көптеген анықтамаларда кездесетін екі маңызды ерекшелікті анықтай аламыз:

– бейнелеуге және ауыстыруға қабілетті объект (Ю.К. Бабанский [255], В.П. Заболоцкий [256] және т.б.);

– маңызды қасиеттерді жаңғыртушы жүйе (Б.А. Глинский [257], А.А. Ушаков [258], В.В. Краевский [259] және т.б.).

Зерттеуімізде В.В. Краевский [259, б. 63] көзқарасымен бөліссек, ол «модель» ұғымы арқылы зерттеу пәнінің белгілі бір аспектілерін, байланыстары мен функцияларын жаңғыртатын элементтер жүйесін түсінеді.

Модельдердің бар түрлерін талдағаннан кейін Т.К. Щербакова [260] педагогикалық салада оқу үдерісін оңтайландыру мақсатында жоғары оқу орындарында құрылымдық-функционалдық модель қарастырылуда деп қорытындылады. Бұл модель келесі элементтерді қамтиды:

– мақсатты, процестің мазмұнын және күтілетін нәтижені қамтитын құрылымдық блок;

– кәсіби құзыреттіліктің даму кезеңдерін, критерийлерін, көрсеткіштерін және оның даму деңгейлерін көрсететін функционалдық компонент.

Г.К. Нұрғалиева өз зерттеуінде білім беру процесінің когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік және белсенділік-мінез-құлық компоненттерін талдау арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігінің дамуын зерттейді [261].

Осы ережелерге сүйене отырып, педагогикада модельдеу бірқатар жағдайларда қолданылатынын атап өтуге болады:

а) педагогикалық міндеттер мен педагогикалық жағдайлардың модельдерін жасағанда;

б) оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту процестерін модельдеген кезде;

в) білім беру мекемесінің басқару жүйесінің жағдайы мен жұмыс істеуін модельдеген кезде.

Модельдің мазмұндық аспектісі келесі талаптарға сай болуы керек:

- жүйенің жұмыс істеу принциптерінің нақты анықтамасы;
- модельденген жүйенің элементтері мен олардың өзара байланыстарын міндетті түрде көрсете отырып, нақты болжамдарға негізделген құрылым;
- эксперименттік деректермен расталған қорытындылар жасау мүмкіндігі [262].

Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту моделін әзірлеу кезінде келесі факторлар ескерілді:

– құзыреттілікке негізделген және белсенділікке негізделген процестің ерекшелігі;

– университет түлектерінің интегративті кәсіби құзыреттілік иелері ретіндегі сипаттамалары;

– оқытушылық қызметтің болашақ педагогтердің кәсіби қасиеттерін дамытуға бағытталуы.

Ұсынылған модельдің негізгі ерекшеліктері:

- 1) оның құрамдас бөліктеріндегі бірлік пен әртүрліліктің үйлесімі;
- 2) университеттегі білім беру процесінің болашақ педагогтардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес келуі;
- 3) оқу тобындағы болашақ педагогтар арасындағы тұлғааралық өзара әрекеттесудің ерекшелігі.

ЖОО-ның оқу үдерісінде өзін-өзі ұйымдастыруға және дамытуға қабілетті күрделі, ашық жүйе ретінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Бұл модельдің графикалық диаграммасы 13 - суретте көрсетілген.

Әзірленген модельдің негізгі мақсаты болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады, оған келесі міндеттерді орындау арқылы қол жеткізуге болады:


- болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізінде жатқан теориялық және әдіснамалық қағидаттарды анықтау;
- білім алушыларды кәсіби құзыреттіліктерді игеруге ынталандыру;
- болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды жасау және енгізу;
- кәсіби және әлеуметтік салаларда өзін-өзі жүзеге асыра алатын жеке тұлғалардың дамуына ықпал ету.

Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың мақсаттары мен міндеттері педагогикалық процестің қағидаттарына негізделуі және негізгі өнімділік талаптарына сай келуі керек, яғни оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін бірыңғай жүйеге біріктіретін педагогикалық қағидаттарға негізделуі керек.

Зерттеудің алдыңғы бөлімдерінде келтірілген тұжырымдар университеттің білім беру жүйесінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісіне айтарлықтай әсер етті. Жоғарыда айтылғандардың барлығы химия педагогтарын кәсіби даярлаудың маңыздылығын көрсетеді, оның жалпы мақсаты тез өзгертін ортада белсенді және тиімді кәсіби өмірге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі бар маманды дамыту болып табылады.

Ұсынылып отырған модель болашақ химия педагогтарын кәсіби құзыреттіліктерге жоғары деңгейде дайындау процесіне бағытталған педагогикалық жүйенің сипаттамасы болып табылады. Біз әзірлеген модель болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту процесін сипаттайды, оның көмегімен модель объектілер мен құбылыстардың өзара байланыстары мен қатынастарын көрсетеді, модельдің негізгі қызметі – зерттелетін мәселенің мәнін ашуға және оны құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік беру.

Бұл модель оқу процесін көрсететін келесі құрылымдық құрамдас бөліктерден тұрады: мақсатты, әдістемелік, мазмұнды-ұйымдастырушылық, нәтижелі.



Сурет 13 – Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылған модельде әрбір компонент бөлек блокқа бөлінген, бұл құрылымдауды жеңілдетеді. Модель тек оның барлық элементтері өзара әрекеттескен жағдайда ғана жұмыс істей алады.

Сонда ғана модель тұтас сипатқа ие болады және жүйелілік принципін жүзеге асырады.

Бұл компоненттерді толығырақ сипаттайық.

Мақсатты компонент - қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті кәсіби тұлғаның дамуы бірқатар сыртқы және ішкі контексттермен анықталады. Біз сыртқы контексттерді адамға сырттан (қоғам, мемлекет) әсер ететін факторлар ретінде анықтаймыз. Тиісінше, ішкі контекст адамның өзіне тән ерекшеліктері болып табылады. Осы сипаттамалардың өзара әрекеттесуімен заманауи бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті тұлға қалыптасады, біздің жағдайда химия білім беру бакалавры, ол тек пәндік білім мен практикалық іскерліктерді меңгеріп қана қоймай, алған білімін күнделікті өмірде, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметте тиімді қолдануға қабілетті болуы тиіс. Соған сәйкес модельдің мақсаты – болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамыту.

Әдістемелік компонент - әдістемелік негіздер болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісін жобалаудың негізі болып табылады. Болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі интегративті цифрлық-микро-флипед әдісі негізінде құрылған.

Интегративті цифрлық-микро-флипед әдіс – үш педагогикалық тәсілді (флипед-класс, микрооқыту, сценарийлік тапсырмалар) бір платформа аясында интеграциялау (14-сурет).



Сурет 14 - Интегративті цифрлық-микро-флипед әдісінің құрылымы

Суретте интегративті цифрлық микро-флиппед әдісінің құрылымы көрсетілген, ол логикалық тұрғыдан өзара байланысты және бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істейтін үш педагогикалық тәсілдің бірігуін көрсетеді. Бұл әдістің мазмұнын толығырақ түсіну үшін оның әрбір құрылымдық компонентін бөлек қарастырайық:

1. Флиппед-класс (*flipped classroom*) – дәріс мазмұнын студенттер алдын ала цифрлық форматта (видео, интерактивті модульдер, оқу материалдары) меңгеріп келеді, ал сабақ уақытында практикалық тапсырмалар, талдау, зертханалық жұмыс орындалады. Bergmann және Sams «Flipped Classroom» моделін алғаш кеңінен ұсынды. Авторлар өз еңбектерінде алғаш рет "Flipped Classroom" (аударылған сынып) моделін жүйелі түрде сипаттап, оны мектеп пен колледж жағдайында енгізудің нәтижелерін келтіреді [263]. Зерттеу нәтижесі бойынша:

сабақ алдындағы видео-нұсқаулықтар білім алушылардың дайындық деңгейін көтерді;

сабақ уақыты теориялық түсіндіруден гөрі практикалық жұмыс пен талқылауға бағытталды;

білім алушылардың белсенділігі мен ынтасы артты.

Кейінгі зерттеулерде бұл тәсілдің практикалық дағдыларды қалыптастыруда тиімділігі анықталды.

2. Микрооқыту (*microlearning*) – оқу материалы қысқа, шағын модульдер түрінде беріледі (бейнеролик, шағын тапсырма). Бұл әдіс білім алушыларға қажетті ақпаратты тез әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Микрооқыту педагогикада ұстаздардың тәжірибесін жаңарту үшін қол жеткізетін әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Ол қысқа оқу модульдері, бейнематериалдар, аудио, интерактивті тапсырмалар түрінде беріледі, сондықтан білім алушының қызығушылығын оятып, білімді үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми негізі саласында түрлі ғалымдар зерттеулер жүргізген. Hug, Theo «Microlearning: Emerging concepts» еңбегінде білімді шағын бөліктерге бөлудің тиімділігін көрсетті [264]. Зерттеу нәтижесінде студенттің когнитивтік жүктемесі азайып, материалды ұзақ уақыт есте сақтау қабілеті артқан.

3. Сценарийлік зертханалық тапсырмалар (*scenario-based lab tasks*) – студент зертханалық жағдайда шынайы немесе виртуалды проблемалық жағдаятты шешеді. Бұл білім алушыларға нақты сценарий немесе жағдай беріліп, сол жағдайды шешу үшін зертханалық жұмыстарды орындау форматы. Мұндай тапсырмалар білім алушының зерттеу, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытып, практикалық шешім қабылдауға бағытталады. Сценарийлік тәсіл ғылыми зерттеудің нақты проблемалық жағдайларында тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға қолайлы. Көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде сценарийлік тәсілдің тиімділігін көрсетті. Оның ішінде Merrill проблемалық оқытуды сценарийлер арқылы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті [265]. Ғалым зерттеу нәтижесінде білім алушылардың зерттеушілік дағдысы, кәсіби құзыреттілігі артқанын дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, сценарийлік зертханалық тапсырмалар — оқыту процесінде білімді практикада қолдану және терең меңгеруге арналған тиімді әдіс, мұнда нақты өмірлік немесе кәсіби жағдайларға ұқсас сценарийлер қарастырылады.

Бұрын зерттеушілер көбіне жеке әдістерді қолданған. Жергілікті контекстте флипмед-класс пен микрооқытуды біріктіру бағытындағы алғашқы зерттеулер жүргізілген. Мысалы, Baigunissova G., Kunanbayeva S., Zhararova D. Қазақстан жоғары оқу орындарында флипмед әдісінің бейімделуін талдады [266]; басқа зерттеулер COVID-19 кезеңінде флипмедті виртуалды ортаға бейімдеуді сипаттады [267]. Сондай-ақ, Aitchanov және т.б. зерттеулері әлеуметтік медиа арқылы микрооқытуды енгізу тәжірибесін баяндады [268]. Халықаралық әдебиет микрооқыту мен флипмедтің қосылған моделінің оқытудың тиімділігін арттыратынын көрсетеді [269].

Ал біздің зерттеуде үш әдістің барлығы біріктіріліп, цифрлық платформа арқылы жүзеге асырылды. Басқа әдістерден бұл әдістің ерекшелігі:

- дәстүрлі оқытудан – студенттің пассивті тыңдаушы емес, сандық ортада белсенді орындаушы рөлін күшейтеді.

- жекелеген әдістерден – тек ақпарат беру немесе тек тапсырма орындаумен шектелмей, оқу процесін толық цикл ретінде (бейнедәріс → тапсырма → зертхана → бағалау) қамтамасыз етеді.

- қазіргі қолданыстағы платформалардан – көп жағдайда тек контент ұсынумен шектелсе, бұл әдіс оқу әрекетін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға, студентті бір қадамды бітірмей келесісіне өткізбей отыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми маңызы: үш әдістің интеграциясы Қазақстандағы педагогикалық зерттеулерде алғаш рет қолданылуда.

Күтілетін нәтиже: студенттің кәсіби құзыреттілігі, аналитикалық ойлау дағдысы және цифрлық ортада жұмыс істей білу қабілеті артады.

Мазмұнды-ұйымдастырушылық компоненті - цифрлық технологияларды пайдалана отырып, болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұнын, құрылымын, педагогикалық механизмдерін көрсететін жүйе. Бұл компоненттің негізгі мақсаты – цифрлық ортада оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруды және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін кезең-кезеңмен дамытуды қамтамасыз ету.

Мазмұнды және ұйымдастырушылық компонентінің өзегі оқу бағдарламасы мен білім беру мазмұны болып табылады. «Аналитикалық химия» курсының оқу бағдарламасы білім алушылардың кәсіби бағдарын, зерттеушілік, әдістемелік дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру мазмұны білім алушылардың жүйелі білімдерін, эксперименттік дағдыларын, химиялық құбылыстарды ғылыми ұстанымдар тұрғысынан түсіндіре білу дағдыларын дамытуға ықпал ететін теориялық және практикалық компоненттерді қамтиды.

Мазмұнды және ұйымдастырушылық компонентінің негізгі цифрлық құралы ретінде «**chemed.kz**» цифрлық білім беру платформасы қолданылады. Ол оқу үдерісін ұйымдастыру және басқару, білім алушылардың оқу

жетістіктерін бақылау және оқу траекториясын жекелендіру құралы ретінде қызмет етеді.

Платформа келесі элементтерді қамтиды (15-сурет):



Сурет 15 - Chemed.kz платформасының интегративті цифрлық микро-флипед әдісті жүзеге асыру құрылымы

Chemed.kz цифрлық білім беру платформасы интегративті цифрлық микро-флипед әдісін іске асырудың негізгі құралы болып табылады. Бұл платформада білім алушылар оқу материалын цифрлық форматта алдын ала меңгереді және аудиториялық сабақтар кезінде «флипед-класс» қағидаттарына сәйкес практикалық және зерттеу тапсырмаларын орындайды. Бұл оқыту тәсілі оқу тиімділігін арттырады, білім алушының дербестігін дамытады және оқу нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады.

Сонымен қатар оқу процесінде цифрлық технология элементтері кіріктіріліп әзірленген оқулық, соның ішінде білім алушылардың өз бетінше орындауына (БӨЖ) арналып (ЖИ элементтері бар) дайындалған тапсырмалар, сондай-ақ иондардың қасиеттерін меңгеруге бағытталған «Ионды тап» компьютерленген ойыны қолданылады. Бұл құралдар білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін бекітуге және оқу мотивациясын күшейтуге ықпал етеді.

Оқыту формалары ретінде аудиториялық, аудиториядан тыс, онлайн және аралас оқыту кіреді. Аудиториялық сабақтарға практикалық және зертханалық жұмыстар кіреді, ал аудиториядан тыс, онлайн оқыту БӨЖ тапсырмаларын орындауға, бейнедеріс, курс материалын меңгеруге және кері байланыс беруге

бағытталған. Аралас оқыту цифрлық және дәстүрлі оқу тәжірибелерін біріктіреді.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту процесі үш кезеңде жүзеге асырылады:

- анықтаушы кезең білім алушылардың бастапқы дайындық деңгейін, цифрлық сауаттылығын және кәсіби мотивациясын анықтауды қамтиды;

- қалыптастырушы кезеңі цифрлық платформаны, оқу құралын белсенді пайдалануды, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды орындауды және кәсіби құзыреттерді дамытуды қамтиды;

- бақылау кезеңі құзыреттілік деңгейін бағалауды, нәтижелерді қорытындылауды және рефлексияны өткізуді қамтиды.

Әрбір кезеңнің өз мақсаты, мазмұны, цифрлық оқыту құралдары және өнімділікті бағалау критерийлері бар.

Мазмұнды-ұйымдастырушылық компоненті болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің негізгі компоненттерін анықтайды:

- мотивациялық компонент – цифрлық білім беру ортасында кәсіби қызығушылықты, өзін-өзі дамытуға қажеттілікті және цифрлық технологияларды педагогикалық қызметте пайдалануға бағытталған педагогикалық мотивацияны дамыту;

- когнитивті компонент – химия ғылымының теориялық негіздерін терең және жүйелі меңгеру, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстары мен ЖИ элементтерін пайдалана отырып, алынған білімді әртүрлі күрделіліктегі кәсіби мәселелерді шешуде түсіндіру және қолдану қабілеті;

- іс-әрекеттік компонент – цифрлық және дәстүрлі оқу құралдарын біріктіре отырып теориялық ақпаратты нақты тәжірибеде қолдану, виртуалды және нақты химиялық тәжірибелер жүргізу, зерттеу әдістерін меңгеру және цифрлық деректерді ғылыми талдау дағдыларын дамыту қабілеті;

- ұйымдастырушылық компонент – цифрлық технологиялар негізінде оқу процесін тиімді жоспарлау, оқу жағдайларын жобалау және білім алушылардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттерін тиімді басқару, олардың бірізділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету қабілеті.

Бұл компоненттердің дамуына интегративті цифрлық-микро-флипид әдісі арқылы қол жеткізіледі. Осының нәтижесінде білім алушылар өз оқуын және кәсіби өсуін саналы түрде басқаратын оқу-тәрбие үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады.

Нәтижелі компонент – цифрлық технологияларды пайдалана отырып, болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту процесінің тиімділігін көрсетеді. Ол модельдің мақсаттары мен міндеттеріне қаншалықты қол жеткізілгенін анықтауға мүмкіндік береді және білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін бағалайды.

Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейін бағалау үшін критерийлер анықталды. Әрбір критерий кәсіби құзыреттіліктің белгілі бір құрамдас бөлігін сипаттайды және оны нақты көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Аталған критерийлер мен олардың мазмұны 9 - кестеде ұсынылған.

Кесте 9 – Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту критерийлері мен көрсеткіштері

Критерийлер	Көрсеткіштер
Мотивациялық критерийлер	Оқыту мен химияға деген жоғары қызығушылық; кәсіби дамудағы цифрлық технологиялардың маңыздылығын түсіну; өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге деген ұмтылыс; білім берудегі инновацияларға және цифрлық оқу құралдарын пайдалануға оң көзқарас.
Когнитивті критерий	Химия және цифрлық педагогика туралы терең және жүйелі білім; цифрлық оқытудың теориялық негіздерін, флипид-класс технологияны және микрооқытуды түсіну; теориялық білімді практикалық іс-әрекетке айналдыру қабілеті; химиялық білім беру мазмұнына цифрлық құралдар мен білім беру ресурстарын біріктіру қабілеті.
Іс әрекеттік критерий	Білім беру процесінде цифрлық құралдарды, білім беру платформаларын, виртуалды зертханаларды және интерактивті ресурстарды пайдалана білу; эксперименттік және виртуалды зертханалық сабақтарды ұйымдастыруға дайындық; кәсіби бағытталған мәселелерді шешу үшін цифрлық технологияларды қолдана білу.
Ұйымдастыру критерийлері	Жеке және топтық жұмысты онлайн және офлайн форматтарда ұйымдастыра білу; цифрлық білім беру ортасында қарым-қатынас дағдылары; коммуникациялық дағдылары мен цифрлық мәдениетті дамыту.

Кестеде берілген көрсеткіштер негізінде кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейлері анықталады:

Төмен – мотивацияның жоқтығы, білім мен дағдылардың шашырандылығы, цифрлық технологияларды іс жүзінде қолданудағы қиындықтар, топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігінің болмауы.

Орта – мотивацияның тұрақсыздығы, негізгі білім мен дағдылардың болуы, цифрлық құралдар мен әдістерді таңдап пайдалану, топтық және жеке жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігінің аздығы.

Жоғары – саналы және тұрақты мотивация, терең білім, оқу және ғылыми қызметте цифрлық технологияларды өз бетінше пайдалану, топтық және жеке жұмысты жоғары дәрежеде ұйымдастыру қабілетінің болуы.

Оқыту нәтижелері білім алушылардың қабілетімен өлшенеді. Бағалау екі форматта жүргізіледі: «chemed.kz» платформасында автоматтандырылған бағалау – ұпайлар әртүрлі тапсырмаларды, интерактивті тесттерді және зертханалық жұмыстарды орындау үшін беріледі; білім алушылардың өзін-өзі бағалауы және рефлексиясы – бақылау парақтары мен критерийлерін қолдану арқылы жүргізіледі, бұл олардың кәсіби өсуіне саналы көзқарасты қалыптастырады.

Осылайша, бағалау жүйесі сыртқы (объективті) және ішкі (өзін-өзі бағалау) бағалауды біріктіреді.

Модельді енгізу нәтижесінде болашақ химия педагогтары білім беруді цифрландыру жағдайында табысты оқыту үшін қажетті негізгі кәсіби құзыреттерді дамытады:

- тұлғалық құзыреттілік – кәсіби тұрғыдан үздіксіз өсуге дайындық, жоғары деңгейдегі жауапкершілік және жақсы қалыптасқан құндылықтар жүйесі;
- ақпараттық құзыреттілік – ғылыми және әдіснамалық ақпаратты тиімді іздеу, талдау және сыни тұрғыдан түсіндіру қабілеті;
- цифрлық құзыреттілік – заманауи цифрлық құралдар мен платформаларды меңгеру, оларды оқыту мен қарым-қатынас үшін пайдалану мүмкіндігі;
- зерттеу құзыреттілік – цифрлық технологияларды пайдалана отырып, химиялық зерттеулерді жобалау және жүргізу қабілеті;
- пәндік құзыреттілік – аналитикалық химияның мазмұнын және оны оқыту әдістемесін терең білу;
- коммуникативті құзыреттілік – ғылыми-педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын дамыта отырып, цифрлық және офлайн форматта білім алушылармен және әріптестермен өзара әрекеттесу қабілеті.

Бұл модельді іске асыру бәсекеге қабілетті, цифрлық сауатты, кәсіби құзыреттілігі дамыған болашақ химия педагогтарын дамытуды қамтамасыз етеді, ол:

- оқыту мен өзін-өзі дамытуға мотивацияның жоғары деңгейі;
- химияны, оны оқыту әдістемесін және цифрлық технологияларды терең білу;
- оқу үдерісінде цифрлық құралдарды, платформаларды және инновациялық тәсілдерді тиімді қолдану мүмкіндігі;
- дамыған зерттеу және қарым-қатынас мәдениеті;
- білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында кәсіби мәселелерді шешуге дайын болу.

Осылайша, бұл модельді жүзеге асыру басты мақсатқа - болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытуға қол жеткізуге ықпал етеді. Келесі бөлімде болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесін қарастырамыз. Келесі бөлімнің 3.1 тармақшасында болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың диагностикасын, 3.2 тармақшасында болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесін, 3.3 тармақшасында зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін қарастыратын боламыз.

3 БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың диагностикасы

Таңдалған зерттеу стратегиясына сәйкес болашақ химия пәні педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың негізгі мақсаты мен міндеттері, көрсеткіштері мен критерийлері анықталып, зерттеу жұмысының мазмұны әзірленіп, дайындалған әдістеменің тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізілді. Бұл ретте педагогикалық зерттеудің әрбір кезеңінде белгілі бір эксперименттік тапсырмаларды орындауға бағытталған ғылыми және әдістемелік жұмыстар да, ұсынылған әдістемені толықтыру, нақтылау және одан әрі сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.

Педагогикалық эксперименттік жұмыс Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, «Химия» кафедрасында, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, «Химия және биология» кафедрасында жүргізілді. Экспериментке Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Жаратылыстану факультеті, «Химия» кафедрасының 6В01504 – Химия мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының (БББ) екінші курс білім алушылары, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті, Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Химия және биология» кафедрасының 6В01507 Химия-биология мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының үшінші курс білім алушылары қатысты. Эксперимент «Аналитикалық химия» пәнінен жүргізілді. Жалпы 106 білім алушы қатысты. Нақты топтағы білім алушылар саны төменде 10 - кестеде келтірілген.

Кесте 10 - Экспериментке қатысқан білім алушылар саны

Топ	Университет	Курс, мамандық	Білім алушы саны
Эксперименттік	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті	2 – «6В01504 – Химия мұғалімін даярлау», 3 - «6В01507 - Химия-биология мұғалімін даярлау»	55
Бақылау	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті	2 – «6В01504 – Химия мұғалімін даярлау», 3 - «6В01507–Химия-биология мұғалімін даярлау»	51

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс **үш кезеңде** ұйымдастырылды:

- анықтау кезеңінде зерттеу мәселесінің өзектілігін, болашақ химия педагогтарының бастапқы білімі мен біліктерін анықтап алу;
- қалыптастырушы кезеңде білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану кезінде кездесетін қиындықтарына ғылыми-педагогикалық талдау жүргізіледі және бұл қиындықтарды жою әдістемесі әзірленіп, енгізіледі;
- бақылау кезеңде зерттеу нәтижелері тексеріліп, түсіндіріледі, ал ұсынылған гипотезаның дұрыстығы математикалық-статистикалық деректерді өңдеу арқылы расталады немесе жоққа шығарылады.

Анықтау кезеңінде болашақ химия педагогтарының аналитикалық химия пәні бойынша кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесін, олар үшін цифрлық технологиялардың маңыздылығын, сонымен қатар цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін педагогикалық ЖОО-ның студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Мобильді қолданба арқылы білім алушыларға жіберілген онлайн сауалнама *Google Forms* <https://forms.gle/uy2AmktHpRw8KfQs5> интернет арнайы қызмет арқылы жүргізілді (Қосымша В). *Google Forms* осы құралдың сауалнамалар жүргізуге тиімділігін бұрын дәлелдеген зерттеушілердің ұсыныстарына негізделі отырып пайдаланылды. *Google Forms* деректерді талдау үшін пайыздық жауаптарды бірден көрсетеді, бұл әрбір сұраққа жауаптардың таралуын бағалауға мүмкіндік берді.

Сауалнамада респонденттердің пікірін бағалау үшін мәлімдемелермен келісу немесе келіспеу дәрежесін сандық жазуға мүмкіндік беретін Likert шкаласы қолданылды. Лайкерт шкаласы респонденттердің белгілі бір тақырып бойынша қабылдауын, көзқарасын, мотивациясын, эмоционалдық қатынасын және өзін-өзі бағалауын өлшеуге арналған кең таралған психометриялық құралдардың бірі болып табылады. Оны 1932 жылы Р.Лайкерт (Ренсис Лайкерт) ұсынған және содан бері педагогикалық, социологиялық және психологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылып келеді. Шкаланың негізгі принципі: респонденттерге белгілі бір көзқарасты немесе пайымдауды көрсететін мәлімдемелер ұсынылады, содан кейін әр тұжырыммен келісу немесе келіспеушілік дәрежесін разрядтық шкала бойынша көрсету сұралады.

Лайкерт шкаласы (5 балл) бойынша сауалнама кезінде алынған сандық деректерді түсіндіру үшін деңгейлік талдау жүргізілді, оның шеңберінде жауап мәндері сәйкес көрсеткіштерді білдірудің үш деңгейіне топтастырылды: Мұндағы 1,2 балл – төмен деңгей, 3 балл- орта деңгей, 4,5 балл – жоғары деңгей. Бұл бөлу масштабты интерпретациялау логикасымен анықталады: экстремалды мәндер (1 және 2) келіспеушілікті, орталық мән (3) бейтараптылықты, ал жоғарғы шектер (4 және 5) келісімді көрсетеді. Бұл жіктеу деректерді жалпылау және бақылау мен эксперименттік топтар арасында салыстырмалы талдау жүргізу үшін сенімді негіз болып табылады. Сонымен 5 критерия бойынша алынған сауалнама нәтижелерін талдасақ:

1. Мотивациялық критерий. Қатысушылардан мәлімдемелерді 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда:


- 1 - мені мүлде қызықтырмайды, ешқандай ынтам жоқ

- 2 - аздап білгім келгенімен, нақты үйренуге ынтам жеткіліксіз
 3 - орташа деңгейде қызығамын, бірақ өзімді толық сенімді сезінбеймін
 4 - жалпы белсенді қызығушылығым бар, бұл менің жұмысымды анағұрлым қызықты етеді
 5 - өте жоғары қызығушылығым бар, мен үшін бұл процесс аса жағымды.
 Сауалнама нәтижелері төменде 11 - кестеде келтірілген.

Кесте 11 - Мотивациялық критерий бойынша эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
Химия пәнін оқытуға цифрлық құралдарды (виртуалды зертханалар, электронды оқулықтар) енгізуге мотивтерінің болуы	ЭТ	Саны	27	16	11
		%	50	29,63	20,37
	БТ	Саны	29	14	9
		%	55,77	26,92	17,31
Химия сабақтарын қызықты ету үшін заманауи компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды үйренуге ынтасының болуы	ЭТ	Саны	25	17	12
		%	46,30	31,48	22,22
	БТ	Саны	27	15	10
		%	51,92	28,85	19,23
Цифрлық платформаларды пайдалануда ішкі ынтасының болуы	ЭТ	Саны	28	15	11
		%	51,85	27,78	20,37
	БТ	Саны	30	13	9
		%	57,69	25	17,31
Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және химия педагогының болашақ кәсіби қызметін цифрлық форматта көріп (онлайн-ортада жұмыс істеу, электронды құралдар жасау және т.б.) өзіндік дайындығының даму деңгейін арттыру	ЭТ	Саны	26	17	11
		%	48,15	31,48	20,37
	БТ	Саны	28	15	9
		%	53,85	28,85	17,31

Мотивациялық критерий бойынша эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы кезең бойынша зерттеу нәтижелері төменде 16 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 16 - Эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелерін талдай келе химия пәнін оқытуға цифрлық құралдарды енгізуге деген мотивтердің болуы тұжырымы бойынша эксперименттік топта білім алушылардың жартысы (50%) бұл бағыттағы мотивациясы төмен екенін көрсетті, 29,63% – орташа деңгейде, ал 20,37% – жоғары деңгейде. Бақылау тобында да осыған ұқсас үрдіс байқалды: 55,77% – төмен, 26,92% – орта, 17,31% – жоғары. Бұл болашақ педагогтардың көпшілігінің цифрлық құралдарды қолдануға деген мотивтерінің төмен екенін білдіреді.

2. Заманауи бағдарламалар мен қосымшаларды үйренуге ынтасының болуы тұжырымы бойынша эксперименттік топта 46,30% білім алушы төмен деңгейде, 31,48% – орташа, 22,22% – жоғары деңгейде жауап берген. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 51,92%, 28,85% және 19,23%. Бұл болашақ педагогтардың цифрлық білімге деген қызығушылығының жеткіліксіз екенін аңғартады.

3. Цифрлық платформаларды пайдалануда ішкі ынтасының болуы. Бұл сұраққа жауап бергендердің 51,85% (ЭТ) және 57,69% (БТ) ішкі ынтасы төмен екенін көрсетті. Жоғары ынта танытқандардың үлесі ЭТ-да – 20,37%, БТ-да – 17,31%. Бұл білім алушылардың цифрлық ортада жұмыс істеуге деген ішкі қажеттілігінің қалыптаспағанын білдіреді.

4. Болашақ кәсіби қызметін цифрлық форматта елестету қабілеті эксперименттік топтың 48,15% бұл қабілет бойынша төмен деңгейде, 31,48% – орташа, 20,37% – жоғары деңгейде. Бақылау тобында сәйкесінше 53,85%, 28,85%, 17,31%. Бұл болашақ педагогтардың өз кәсіби жолын цифрлық форматта нақты елестете алмайтынын көрсетеді.

Жүргізілген мотивациялық критеріі бойынша сауалнама нәтижелері болашақ химия пәні педагогтарының көпшілігінде цифрлық технологияларды қолдануға жеткілікті мотивация, ішкі ынта және кәсіби бағдардың

калыптаспағанын көрсетті. Экспериментке дейінгі бұл көрсеткіштер зерттеу әдістемесінің қажеттілігін дәлелдейді және алдағы интервенциялық кезең үшін негіз болып табылады.

6 Когнитивті критерий. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің когнитивті критерийі бойынша көрсеткіштерін бағалау үшін қатысушылардан мәлімдемелерді 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда:

1 - мен бұл қызметті ешқашан атқарып көрмегенмін, тәжірибем мүлде жоқ

2 - тек үстірт таныспын, орындай алмаймын

3 - өз біліктілігіме аса сенімді емеспін, әрі қызметті тек тәлімгердің не әріптестің қолдауымен атқара аламын

4 - оқу материалдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды пайдалана отырып, қызметті өз бетімше орындай аламын


5 - бұл қызметті ешбір сыртқы көмексіз, өзім еркін әрі сенімді түрде жүзеге асыра аламын

Сауалнама нәтижелері төменде 12 - кестеде келтірілген.

Кесте 12 - Когнитивті критерийі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының анықтаушы кезеңдегі зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
Аналитикалық химия пәнінен виртуалды эксперименттер жүргізу үшін қандай цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдануға болатынынан хабардар болуы	ЭТ	Саны	23	19	12
		%	42,59	35,19	22,22
	БТ	Саны	25	17	10
		%	48,08	32,69	19,23
Аналитикалық химияның теориялық негіздерін цифрлық форматқа (презентациялар, бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар) оңай аудару алатындай деңгейде білуі	ЭТ	Саны	21	20	13
		%	38,89	37,04	24,07
	БТ	Саны	23	18	11
		%	44,23	34,62	21,15
Білім алушыларға химиялық процестердің мәнін дәстүрлі тәжірибелерді ғана емес, сонымен қатар онлайн зертханаларды қолдана отырып түсіндіре алуы	ЭТ	Саны	24	18	12
		%	44,44	33,33	22,22
	БТ	Саны	26	16	10
		%	50	30,77	19,23
Аналитикалық химияның виртуалды эксперимент нәтижелерін дәстүрлі зертханалық нәтижелер мен сабақтағы талқылауларға қалай біріктіру керектігін түсінуі	ЭТ	Саны	22	19	13
		%	40,74	35,19	24,07
	БТ	Саны	24	17	11
		%	46,15	32,69	21,15

Когнитивті критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері төменде 17 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 17 - Эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелерін талдай келе білім алушылардың басым бөлігінде виртуалды эксперименттер жүргізу үшін қандай цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдануға болатынынан хабардар болу деңгейі бойынша төмен және орта деңгей басым екенін аңғаруға болады. ЭТ мен БТ арасында айырмашылық үлкен емес. Бұл болашақ педагогтардың көпшілігінің цифрлық ресурстармен жұмыс жасауын дамыту керек екенін көрсетеді. Жоғары деңгейде хабардар білім алушылардың үлесі 20%-дан аспайды, бұл саланы тереңірек меңгеру қажеттігін білдіреді.

Аналитикалық химияның теориялық негіздерін цифрлық форматқа (презентациялар, бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар) оңай аудару алатындай деңгейде білуі - бұл көрсеткіш бойынша да төмен және орта деңгейдегі студенттер үлесі жоғары. ЭТ мен БТ тобында да жоғары деңгейдегілер үлесі (24,07%) (21,15%) төмен. Жалпы алғанда, екі топтағы білім алушылардың шамамен үштен бірі ғана бұл дағдыны жақсы меңгерген. Бұдан болашақ химия педагогтарының аналитикалық химияның теориялық негіздері бойынша білімін дамыту керек екенін байқауға болады.

Дәстүрлі және цифрлық зертханалық әдістерді біріктіре қолдану қабілеті бойынша да көрсеткіштер ұқсас. ЭТ тобында (22,22%), БТ (19,23%) да жоғары деңгей төмен. Яғни, әр екінші студент (50%) бұл бағытта жеткіліксіз дайын деуге болады. Бұл – оқу процесіне цифрлық зертханалар енгізудің өзектілігін дәлелдейтін көрсеткіш.

Аналитикалық химия бойынша виртуалды тәжірибе нәтижелерін дәстүрлі сабақпен ұштастыра білу деңгейі де жалпы алғанда орташа. Екі топта да жоғары

деңгейге жеткен студенттер үлесі 25%-тен аспайды, бұл болашақ педагогтардың интегративті ойлау қабілетін әрі қарай дамыту керектігін көрсетеді.

Когнитивті критерий бойынша екі топта да білім алушылардың басым бөлігі төмен және орта деңгейде екені байқалады. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі көрсеткіштер сәл жақсы болғанымен, айырмашылық айқын емес. Бұл зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың цифрлық технологиялар мен ресурстарды тиімді қолдану, теориялық білімді цифрлық форматқа көшіру және виртуалды эксперименттерді білім беру процесіне енгізу қабілеттерін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты оқу үдерісінде арнайы цифрлық әдістемелік құралдар мен платформаларды белсенді қолдану, сондай-ақ кәсіби дамуды қолдайтын практикалық тренингтер өткізу ұсынылады.

7 Іс-әрекеттік критерий. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің іс-әрекеттік критериясы бойынша көрсеткіштерін бағалау үшін қатысушылардан мәлімдемелерді 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда:

1 - мен бұл қызметті ешқашан атқарып көрмегенмін, іс жүзінде тәжірибем мүлде жоқ

2 - тек үстірт таныспын, іс жүзінде орындай алмаймын.

3 - өз біліктілігіме аса сенімді емеспін, әрі қызметті тек тәлімгердің не әріптестің қолдауымен атқара аламын

4 - оқу материалдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды пайдалана отырып, қызметті өз бетімше орындай аламын

5 - бұл қызметті ешбір сыртқы көмексіз, өзім еркін әрі сенімді түрде жүзеге асыра аламын.

Сауалнама нәтижелері төменде 13 - кестеде келтірілген.


Кесте 13 - Іс-әрекеттік критерий бойынша анықтаушы кезеңдегі эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
1	2	3	4	5	6
Аналитикалық химия пәнінің эксперименттерін модельдеу үшін виртуалды химиялық зертханаларды (PhET, ChemCollective, Labster) қолдана алуы	ЭТ	Саны	21	20	13
		%	38,89	37,04	24,07
	БТ	Саны	23	19	10
		%	44,23	36,54	19,23
Цифрлық платформаларда (Google forms, onlinetestpad, socrative, plickers, bamboozle, flippity және т.б.) химия бойынша интерактивті тесттер мен тапсырмаларды жасай алуы	ЭТ	Саны	19	21	14
		%	35,19	38,89	25,93
	БТ	Саны	21	20	11
		%	40,38	38,46	21,15

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Аналитикалық химия сабақтарына арналған өзінің электрондық ресурстарын (презентациялар, ҚМЖ, бейне сабақ, цифрлық кейстер) әзірлей алуы. (Өз дағдыларыңызды іс жүзінде бағалаңыз: мұны қаншалықты жиі және сәтті жасайсыз.)	ЭТ	Саны	23	19	12
		%	42,59	35,19	22,22
	БТ	Саны	25	18	9
		%	48,08	34,62	17,31
Химия пәнінің оқу материалын жасанды интеллект көмегімен (D-ID, genmo.ai) суреттерге "сөйлейтін" қасиеттер беріп, мәтіндік мазмұнды бейне пішіміне түрлендіру арқылы қызықты етіп түсіндіре алуы	ЭТ	Саны	24	18	12
		%	44,44	33,33	22,22
	БТ	Саны	26	17	9
		%	50	32,69	17,31

Іс-әрекеттік критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері төменде 18 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 18 - Эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Аналитикалық химия эксперименттерін виртуалды зертханалар арқылы модельдеу – цифрлық педагогиканың маңызды элементі. Зерттеу нәтижелерінен бұл қабілет бойынша екі топтағы білім алушылардың жартысынан астамы (ЭТ – 75,93%, БТ – 80,77%) тек төмен және орта деңгейде екенін көруге болады. ЭТ тобында жоғары деңгейдегі білім алушылардың үлесі сәл артық (24,07% қарсы 19,23%). Алайда бұл мәлімет екі топта да нақты практикалық дағдыларды әлі де дамыту қажеттігін көрсетеді.

Цифрлық платформаларда химия бойынша интерактивті тесттер мен тапсырмаларды жасай алуы - бұл көрсеткіш білім алушылардың платформалар арқылы тапсырма құру біліктілігін сипаттайды. Орта деңгей үлесі екі топта да шамалас (шамамен 38%). Төмен деңгейлілер саны азайған сайын, тәжірибелік іс-әрекет дағдыларының орнығуы байқалады. ЭТ тобында жоғары деңгейдегі студенттер үлесі (25,93%) айтарлықтай жоғары. Дегенмен де бұл нәтижелер екі топта да іс-әрекет дағдыларын дамыту қажеттігін білдіреді.

Келесі қабілет болашақ педагогтардың педагогикалық жобалау дағдысын сипаттайды. ЭТ тобында жоғары деңгейдегі білім алушылар үлесі 22,22%, ал БТ – 17,31%. Алайда екі топта да төмен деңгейдегі білім алушылардың үлесі 40% - тан жоғары, бұл білім алушылардың өзіндік цифрлық материалдарды әзірлеу тәжірибесінің жеткіліксіз екенін аңғартады. Қалыптасу сатысында тұрған бұл дағдыны дамыту үшін оқу процесіне жобалық әдіс пен практикалық жаттығулар енгізу қажет.

D-ID, genmo.ai сынды құралдарды қолдана отырып, оқу материалдарын визуалды және аудиовизуалды форматқа айналдыру қабілеті – қазіргі білім берудегі маңызды құзыреттіліктердің бірі. ЭТ тобында жоғары деңгейде меңгергендер 22,22%, ал БТ тобында – 17,31%. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың жасанды интеллект құралдарымен әлі кең көлемде жұмыс істемейтінін көрсетеді. Төмен деңгей үлесі екі топта да басым. Бұл нәтижелер екі топтың да жасанды интеллект қолдану дағдыларын арттыру керектігін көрсетеді.

Іс-әрекеттік критерий тұрғысынан екі топтың да нәтижелері орташа деңгейде. Екі топта да төмен деңгейдегілер үлесі елеулі, бұл практикалық дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын дәлелдейді. Мұндай нәтижелер болашақ педагогтардың іс-әрекеттік қабілеттерін дамыту үшін білім беру процесіне: виртуалды зертханалармен тұрақты жұмыс жүргізу, цифрлық тапсырма құру бойынша шеберлік сабақтар, жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта қолдану тренингтері қажет екенін айғақтайды.

8Ұйымдастырушылық критерий. Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің ұйымдастырушылық критерийі бойынша көрсеткіштерін бағалау үшін қатысушылардан мәлімдемелерді 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылды, мұнда:

1 - нақты қалай жоспарлау керектігін білмеймін

2 - аз-кем естігенмін, бірақ өз бетімше жүйелі түрде жоспарлау және реттеу қолымнан келмейді

3 - тұтастай ұйымдастыруға сенімім аз, тек тәлімгердің немесе әріптестің көмегімен атқара аламын


4 - оқу-әдістемелік нұсқаулықтар мен ережелерді пайдалана отырып, өз бетімше дұрыс жоспарлап, ұйымдастыра аламын

5 - қызметті ешқандай қосымша көмексіз, еркін жоспарлап, басқара аламын.
Сауалнама нәтижелері төменде 14 - кестеде келтірілген.

Кесте 14 - Ұйымдастырушылық критеріі бойынша анықтаушы кезеңдегі эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар	Деңгей			
			төмен	орта	жоғары
Химия сабағын тақырыпты түсіндіру мен цифрлық интерактивтер (виртуалды эксперимент, онлайн тест) бойынша уақытты дұрыс бөлу арқылы жоспарлай алуы	ЭТ	Саны	25	16	13
		%	46,30	29,63	24,07
	БТ	Саны	27	15	10
		%	51,92	28,85	19,23
Бірнеше цифрлық платформаларда (Genialy, wordwall, Google Classroom, Microsoft Teams, learningapps, reportgenie, classroomscreen) жақсы жұмыс істей отырып топтарды, тапсырмаларды, дедлайнды дұрыс ұйымдастыра алуы	ЭТ	Саны	23	17	14
		%	42,59	31,48	25,93
	БТ	Саны	25	16	11
		%	48,08	30,77	21,15
Тәртіп пен қауіпсіздікті сақтай отырып, сабақта гаджеттер мен онлайн-ресурстарды пайдалану ережелерін нақты реттей алуы	ЭТ	Саны	27	15	12
		%	50	27,78	22,22
	БТ	Саны	29	14	9
		%	55,77	26,92	17,31
Цифрлық материалдармен (бейнелер, модельдеу, тесттер) толық қамтамасыз етілген ұзақ мерзімді оқу модульдерін жоспарлауға қабілеттілігі	ЭТ	Саны	26	15	13
		%	48,15	27,78	24,07
	БТ	Саны	28	14	10
		%	53,85	26,92	19,23

Ұйымдастырушылық критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері төменде 19 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 19 - Эксперименттік және бақылау топтарының зерттеу нәтижелері

Химия сабағында цифрлық элементтер мен теориялық түсіндіруді дұрыс үйлестіру – педагогтың ұйымдастырушылық қабілетінің маңызды көрсеткіші. Зерттеу нәтижелері ЭТ тобында жоғары деңгейде жоспарлай алатындар 24,07%, бұл БТ-ға (19,23%) қарағанда көбірек екенін көрсетеді. Алайда екі топта да төмен деңгейде тұрғандардың үлесі 45%-дан жоғары, бұл цифрлық сабақ сценарийін тиімді жобалау дағдысының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Цифрлық платформаларда жұмыс ұйымдастыру – педагогтың цифрлық құзыреттілігіне тікелей байланысты. ЭТ тобында жоғары деңгейдегі білім алушылардың үлесі 25,93% болса, БТ тобында – 21,15%. Дегенмен, екі топта да төмен деңгей үлесі жоғары (шамамен 43–48%).

Тәртіп пен қауіпсіздікті сақтай отырып, сабақта гаджеттер мен онлайн-ресурстарды пайдалану ережелерін нақты реттей алуы - бұл көрсеткіш сабақ барысында гаджеттерді тәртіппен, жүйелі пайдалану, оқушы назарын шашыратпай, цифрлық этиканы сақтау қабілетіне байланысты. ЭТ тобында бұл дағдыны жоғары деңгейде меңгергендер 22,22%, ал БТ – 17,31%. Дегенмен, екі топта да бұл бағытта төмен деңгей көрсеткендер жартысынан көп. Бұл болашақ педагогтерге цифрлық тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін меңгерту қажеттігін аңғартады.

Цифрлық бейне, модель, тест сияқты контентпен толық қамтылған ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ) құру – педагогтың стратегиялық жоспарлау деңгейін

көрсетеді. ЭТ тобында бұл бағытта жоғары нәтижеге қол жеткізгендер – 24,07%, бұл БТ-дан (19,23%) жоғары. Алайда екі топта да төмен деңгейде жоспарлайтындар басым (48–54%), бұл әдістемелік тәжірибенің әлі жеткіліксіз екенін білдіреді.

Ұйымдастырушылық критерий тұрғысынан: екі топта да төмен деңгейдегілердің үлесі басым. Бұл болашақ химия педагогтарының цифрлық сабақтарды ұйымдастыру, құрылымдау, цифрлық тәртіпті сақтау және жоспарлау салаларында әлі де әдістемелік қолдауға мұқтаж екенін дәлелдейді.

Педагогикалық эксперименттен кейін жүргізілген зерттеулердің сенімділігін тексеру үшін және эксперименттің тиімділігін дәлелдеу үшін алынған мәліметтерді математикалық өңдедік. Ол үшін Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийі қолданылды, өйткені біздің зерттеуімізде үлгілер кездейсоқ және тәуелсіз болды, ал өлшенген қасиеттер үздіксіз таралуға ие болды. χ^2 (хи квадрат) келесі формула бойынша есептеледі:

$$\chi^2 = \frac{1}{n_1 \cdot n_2} \sum_{i=1}^c \frac{(n_1 o_{2i} - n_2 o_{1i})^2}{o_{1i} + o_{2i}} \quad (1)$$

Мұндағы n_1 – эксперименттік топ қатысушыларының саны, n_2 – бақылау тобының қатысушылар саны, O_{1i} – i тапсырмаларды орындаған ЭТ студенттерінің саны, O_{2i} – i тапсырмаларды орындаған БТ студенттерінің саны.

$$f = (c-1)(r-1) = (3-1)(2-1) = 2$$

Еркіндік дәрежесі (f) – 2-ге тең. $p = 0,05$ көрсеткіші үшін Пирсонның хи-квадрат (χ^2) критерийінің критикалық мәні $\chi^2 = 5,99$ тең. Экспериментке дейін алынған бақылау нәтижелерін математикалық өңдегенде алынған мәнді критикалық мәнмен салыстырғанда:

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 29 - 52 \cdot 27)^2}{29 + 27} + \frac{(54 \cdot 14 - 52 \cdot 16)^2}{14 + 16} + \frac{(54 \cdot 9 - 52 \cdot 11)^2}{9 + 11} \right) \approx$$

$$\approx 0,37 < 5,99 \text{ (мотивациялық)}$$

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 25 - 52 \cdot 23)^2}{25 + 23} + \frac{(54 \cdot 17 - 52 \cdot 19)^2}{17 + 19} + \frac{(54 \cdot 10 - 52 \cdot 12)^2}{10 + 12} \right) \approx$$

$$\approx 0,34 < 5,99 \text{ (когнитивті)}$$

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 23 - 52 \cdot 21)^2}{23 + 21} + \frac{(54 \cdot 19 - 52 \cdot 20)^2}{19 + 20} + \frac{(54 \cdot 10 - 52 \cdot 13)^2}{10 + 13} \right) \approx$$

$$\approx 0,48 < 5,99 \text{ (іс-әрекеттік)}$$

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 27 - 52 \cdot 25)^2}{27 + 25} + \frac{(54 \cdot 15 - 52 \cdot 16)^2}{15 + 16} + \frac{(54 \cdot 10 - 52 \cdot 13)^2}{10 + 13} \right) \approx$$

$\approx 0,47 < 5,99$ (ұйымдастырушылық)

Эмпирикалық мәннің критикалық мәннен кіші екенін көруге болады.

Бұл көрсеткішпен өсу бағытына ауысуының маңыздылығын білдіретін гипотезаны тұжырымдауға болады:

H_0 : Көрсеткіштің ұлғаю жағына қарай жылжудың қарқындылығы оның азаю жағына қарай жылжудың қарқындылығынан аспайды. Яғни, эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі бірдей деңгейде екенін дәлелдеуге болады.

Алынған нәтижелер білім алушылардың бұл салада теориялық және практикалық тұрғыдан жеткілікті дайындық деңгейіне жете қоймағанын көрсетті. Бұл көрсеткіштердің кәсіби құзыреттілік деңгейі бойынша төмен деңгейде болуы, әсіресе аналитикалық химия саласында цифрлық технологияларды қолданудағы қиындықтар, болашақ химия педагогтарының кәсіби даярлығында цифрлық технологиялар негізінде олардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесін дайындау қажеттігін айқындайды. Келесі тармақшада болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі сипатталады.

3.2 Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі

Эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңі зерттеудің өзектілігін негіздеуге, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық технологияларды пайдалану қажеттілігін және тиісті оқыту әдістеріне қажеттілікті анықтауға бағытталған.

Осы анықталған қажеттілік негізінде болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы дамытуға бағытталған әдістеме әзірленді. Білім алушыларды оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану олардың танымдық белсенділігін арттырады, зерттелетін материалға қызығушылықты оятады және цифрлық құралдарды қолдана отырып, білім беру процесін шығармашылықпен дамытуға мүмкіндік береді, әрбір білім алушының цифрлық сауаттылықта кәсіби өсуіне жағдай жасайды.

Ұсынылып отырған әдістеме болашақ химия педагогтарының кәсіби және цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған интегративті оқыту жүйесінің практикалық іске асырылуын қамтиды. Әдістеме 2-бөлімде теориялық тұрғыдан негізделген құрылымдық-мазмұндық модельге сүйенеді және эксперименттік жағдайда оның жүзеге асырылу тетіктерін сипаттайды.

Әдістеменің мақсаты – аналитикалық химия пәнін оқыту барысында цифрлық технологиялардың әлеуетін барынша пайдалану арқылы білім алушылардың кәсіби-тұлғалық сапаларын, зертханалық және зерттеушілік дағдыларын, пәндік білімін және цифрлық сауаттылығын, ұйымдастырушылық қабілетін кешенді түрде дамыту.

Әзірленген әдістеме оқу процесінде нақты оқу құралдары арқылы жүзеге асырылды. Осы мақсатта аналитикалық химияның бірінші бөліміне арналған цифрлық технология элементтерімен интеграцияланған оқу-әдістемелік кешені және chemed.kz цифрлық білім беру платформасы дайындалды (Қосымша А, Г).

Ал, қазір алғаш рет цифрлық технологиялар элементтерімен интеграцияланған, интерактивті тапсырмалармен толықтырылып әзірленген «Аналитикалық химия (1)» оқулығының құрылымы мен мазмұнын сипаттайық.

Оқулық Жоғары оқу орнында кредиттік жүйе технологиясы бойынша оқитын білім алушыларға арналып дайындалған. Ол Жоғары оқу орынының ғылыми кеңесінде бекітілген мамандықтың білім беру бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Оған құрылымдалған теориялық материалдар, БӨЖ-ге арналған - викторина түрінде, кроссворд шешу, есептер мен тесттер, кілтпен құлыпты ашу, ЖИ қолданып тапсырма орындау, қмж дайындау және т.б. (OnlineTestPad, Classtools, Padlet, Gamma AI, Magicschool, ChemCollective, PhET, Google.form және т.б.) платформаларында орналастырылған интерактивті тапсырмалар жиынтығы кіреді. ChemCollective платформасында есептер шығаруға көп көңіл бөлінген, ол білім алушыларды терең ойлап, нақты шешімдер қабылдауға баулиды. Есептердің шығару әдістері үлгілерде келтірілген. Есеп шығару нақты теориялық материалды іс жүзінде студенттің қандай дәрежеде меңгергеніне басты көрсеткіш болып табылады.

Білім алушылардың алған білімін дамыту, оны практикада қолдана алу қабілетін жетілдіру, аналитикалық химия пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында, практикалық сабақтарды «ойын-жарыс» технологиясы және «саралап-деңгейлеп оқыту» технологиясын қолданып өткізу ұсынылған. Сонымен қатар, әдебиеттік шолуда айтылып өткендей, көптеген зерттеушілер өз жұмыстарында ойын технологиясы білім алушылардың цифрлық ортада инновациялық ойлау, шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдыларын дамытуда және цифрлық сауаттылыққа үйретудің тиімді әдісі бола алатынын көрсетті. «Саралап-деңгейлеп оқыту» технологиясының мақсаты: жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, әрбір білім алушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. Тиімді де орынды пайдаланған оқыту технологиясының бірі, деңгейлеп-саралап оқыту – сапалы білім негізі бола алады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол білім алушының ойлау, елестету мен еске сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытуға көмектеседі. Практикалық сабақтың бір сабағында бірнеше платформалар қолданылған. Сабақ соңындағы кері байланыстарға да платформалар пайдаланылды. Осылайша, бұл оқулықты цифрлық технология элементтерін пайдалана отырып әзірлеу білім сапасын арттырып, тиімді және интерактивті оқыту үдерісін қамтамасыз етіп, болашақ химия пәні педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

«Аналитикалық химия (1)» оқулығының мазмұнына тоқталсақ. Төменде кесте түрінде (15-кесте) оқулықтың тақырыптық-мазмұндық жоспары берілген.


Кесте 15 - Цифрлық технологияны қолдана отырып кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқулықтың тақырыптық-мазмұндық жоспары

Тараулар атауы	Практикалық сабақтар	Лабораториялық сабақтар	Берілген тапсырмалар мен қолданылған платформалар
1	2	3	4
1-тарау Аналитикалық химия пәніне кіріспе, маңызы және негізгі даму кезеңдері	Аналититикалық химияның зерттеу әдістеріне сипаттама» тақырыбына сабақты wordwall.net платформасын қолданып өткізу	Катиондардың топ бойынша қышқылдық-негіздік классификациясы. Бірінші аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Li^+ , Na^+ , K^+ , NH_4^+	Тест, сәйкестендіру тапсырмасы, эссе жазу, қмж құрастыру- learningapps.org, onlinetestpad.com, magicschool ЖИ платформалары. Терминдер реті, кроссворд шешу, жоба қорғау - wordwall.net платформасы.
2-тарау Аналитикалық химияның теориялық негіздері Электролит ерітінділері теориясының ережелері. Күшті және әлсіз электролиттер. Сапалық талдаудың негізі-әрекеттесуші массалар заңы және химиялық тепе-теңдік	Электролит ерітінділері теориясының ережелері. сапалық анализ зерттеулерінде әрекеттесуші массалар заңын қолдану	Екінші аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Ag^+ , Hg^+ , Pb^{2+}	Тест тапсырмалары, кесте толтыру, викторина, тест құрастыру – kahoot, learningapps.org, flippity, gamma ЖИ платформалары. Кроссворд шешу, жоба қорғау – onlinetestpad, learningapps платформалары.
3-тарау Тұнба жүйесіндегі гетерогенді тепе-теңдік – ерімейтін электролиттің қаныққан ерітіндісі	Аналитикалық химиядағы гетерогенді тепе-теңдік. Катиондардың III тобының сапалық реакцияларының ерекшеліктеріне сипаттама	Үшінші аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Ca^{2+} , Sr^{2+} , Ba^{2+}	Есептер шығару, викторина, «XXI – ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысы, тест тапсырмалары - classtools.net, wordwall, flippity, Google test, Padlet, Phet платформалары.
4-тарау Протолиттік тепе-теңдік. Қышқылдар мен негіздердің протолиттік теориясы	Қышқылдар мен негіздердің протолитикалық теориясы туралы түсінік. Буферлік жүйелер	Төртінші аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Zn^{2+} , Al^{3+} , Sn^{2+} , Sn^{4+} , As^{3+} , As^{5+} , Cr^{3+}	Тест тапсырмалары, есеп шығару, кроссворд шешу, жоба қорғау – kahoot, google.com, learningapps, chemcollective платформалары.
5-тарау Тотығу-тотықсыздану тепе-теңдіктері және олардың аналитикалық химиядағы рөлі	Тотығу-тотықсыздану тепе-теңдіктері және олардың аналитикалық химиядағы рөлі. Катиондардың V тобының сапалық реакцияларының ерекшеліктеріне сипаттама	Бесінші аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Mg^{2+} , Sb^{3+} , Sb^{5+} , Bi^{3+} , Mn^{2+} , Fe^{2+} , Fe^{3+}	Есеп шығару, «Кім миллионер болғысы келеді» топтық ойыны, «XXI – ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысы, тест тапсырмалары - https://learningapps.org , flippity.net, kahoot, padlet.com, classroomscreen.com платформалары.

15 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
6-тарау Комплекс түзілу тепе-теңдігі және олардың аналитикалық химиядағы рөлі (аналитикада)	Комплекс түзілу тепе-теңдігі және олардың аналитикалық химиядағы рөлі	Алтыншы аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдау: Cu^{2+} , Cd^{2+} , Hg^{2+} , Co^{2+} , Ni^{2+}	Тест тапсырмалары, есеп шығару, викторина, жоба қорғау – quizz, learningapps, googleforms, genially платформалары.

Төменде аталған оқулықтың моделі [270] ұсынылды.




Сурет 20 - Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған цифрлық технологиялар негізінде дайындалған оқулық моделі

Оқулықта білім алушылардың өз бетінше орындауына арналған интерактивті тапсырмалар, практикалық сабақтардағы әртүрлі әдістер мен тапсырмалар цифрлық технология элементтерін қолданып дайындалған. Солардың біріне тоқталсақ:


II ТАРАУ
АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
2.1 ЭЛЕКТРОЛИТ ЕРІТІНДІЛЕРІ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ. КҮШТІ ЖӘНЕ ӘЛСІЗ
ЭЛЕКТРОЛИТТЕР

Электр тогының өтуі заттың иондар түрінде қозғалуына әкелетін өткізгіштер (иондық өткізгіштік) және химиялық түрлендірулер (электрохимиялық реакциялар) электролиттер деп аталады. Суда ерігенде немесе балқығанда электролиттің иондарға ыдырау процесі электролиттік диссоциациялану деп аталады.

Электролиттердің электрөткізгіштігін, күшті және әлсіз электролиттерді, электролиттік диссоциациялану процесін демонстрация жасап Phet виртуалды зертханасында көрсетуге болады. Ол үшін төмендегі QR – кодқа өтіңіз (21-сурет).



а



б

а – күшті электролит, сулы ерітіндіде иондарға ыдырайды, б – бейэлектролит, ерітіндіде молекулалары иондарға ыдырамайды

Сурет 21 - Ұялы телефонда QR - кодтың ашылуы және ерітінділердің электрөткізгіштігі

Білім алушылардың өз бетінше орындауына арналған тапсырмалар

Білім алушылар өз бетінше платформаларды пайдаланып тапсырмалар құрастыру керек. А және В тапсырмалары үшін – 3 баллдан, С тапсырмасы үшін 4 балл беріледі. Барлығы дұрыс толық орындалған тапсырмалар үшін жалпы – 10 балл.

А

Білім алушылар magicschool ЖИ қолданып «Электролиттік диссоциациялану механизмі (Electrolytic dissociation mechanism)» тақырыбы бойынша тест тапсырмаларын құрастырыңыздар. Құрастырылған тест жауаптарының дұрыстығын тексеріңіздер. Берілген тапсырманы орындау үшін төмендегі QR кодқа өтіңіз (22-сурет). Ашылған сілтемені whatsapp – қа жіберу арқылы компьютерде ашыңыз.



Сурет 22 - Ұялы телефонда QR – кодтың ашылуы және magicschool ЖИ үлгісі

В

Төмендегі есептеуді орындаңыз және ChemCollective виртуалды зертханасының көмегімен нәтиженің дұрыстығын тексеріңіз. Ол үшін төмендегі нұсқауларды оқып, платформада қажетті әрекеттерді орындаңыз. ChemCollective виртуалды зертханасына кіру үшін төмендегі QR кодын сканерлеуге немесе компьютерге көшірілген сілтемені пайдалануға болады.

1. 5,00 M NaOH ерітіндісін алу үшін 100 мл 1,00 M NaOH-қа қанша мл 10,0 M NaOH қосу керек? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

2. $pH = 7$ ерітінді алу үшін 100 мл 1,00 M NaOH-ға қанша мл 10,0 M HCl қосу керек? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

3. 100 мл 1,00 M NaOH-ға 75,0 мл 1,00 M HCl қосылады. Алынған ерітіндінің pH мәні қандай? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

4. 125 мл 1,00 M HCl 100 мл 1,00 M NaOH-қа қосылады. Алынған ерітіндінің pH мәні қандай? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

5. $pH = 1$ ерітінді алу үшін 10,0 мл 1,00 М NaOH-ға қанша мл 1,00 М HCl қосу керек? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).


6. $pH = 13$ ерітінді алу үшін 10,0 мл 1,00 М NaOH-ға қанша мл 1,00 М HCl қосу керек? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

7. 2,50 М сірке қышқылының pH ($HAc = CH_3COOH$) қандай? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

8. 2,50 М натрий ацетаты ($NaAc = CH_3COONa$) pH қандай? (Жұмысыңызды көрсетіңіз).

Қадамдық нұсқаулар:

1. Веб-сайтты ашып, виртуалды зертхананы іске қосыңыз. Ол үшін QR кодқа өтіп, ашылған сілтемені whatsapp – қа жіберу арқылы компьютерде ашыңыз (23-сурет).



Сурет 23 - Ұялы телефонда QR – кодтың ашылуы және ChemCollective виртуалды зертханасының үлгісі

2. Шыны ыдысты дайындаңыз:

Сол жақта жабдықтың тізімі бар. Араластыру үшін «100 мл стакан» (немесе 250 мл) алыңыз. 100 мл градуирленген цилиндрді алыңыз. Ерітінділері бар колбаларды алыңыз:

1,00 М NaOH

10,0 М NaOH

3. 100 мл 1,00 М NaOH қосыңыз:

1,00 М NaOH колбасын басыңыз.

Ашылмалы мәзірде «Pour» («Қю») → «Graduated Cylinder» («Төмендетілген цилиндр») тармағын таңдаңыз. 100 мл енгізіп, ОК түймесін басыңыз. Содан кейін цилиндрден стаканға құйыңыз.

4. 80 мл 10,0 М NaOH қосыңыз:

10,0 М NaOH колбасын басыңыз.

«Құю» → «Төмендетілген цилиндр» таңдаңыз, 80 мл енгізіңіз. Содан кейін бірінші ерітінді бар сол стаканға құйыңыз.

5. Соңғы концентрацияны тексеріңіз:

Стаканды басыңыз, «Шешім туралы ақпарат» таңдаңыз.

Болуы керек:

Көлемі: 180 мл


Концентрация: 5,00 М NaOH

 Ескерту

Егер сіз қателессеңіз, барлығын жоюға болады (ыдыстарды тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқыңыз → «Жою») және қайтадан бастауға болады.

С

Білім алушылар gamma ЖИ қолданып «Күшті және Әлсіз электролиттер (Strong and Weak electrolytes)» тақырыбы бойынша презентация құрастырыңыздар. Берілген тапсырманы орындау үшін төмендегі QR кодқа өтіңіз. 24 - суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және gamma ЖИ үлгісі берілген. Ашылған бетке презентацияның тақырыбын жазып, Generate батырмасын басыңыз. Құрастырылған презентацияны өңдеп, қатесі болса түзетіп, толықтырыңыздар.



Сурет 24 - Ұялы телефонда QR – кодтың ашылуы және gamma ЖИ үлгісі

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Сабақты ойын – жарыс түрінде өткізу ұсынылады. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойындар сабақтың тиімділігін арттырумен бірге білім алушының оқу белсенділігін, қызығушылығын, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Білім алушылардың жарысып оқу арқылы білімдерін шыңдайтыны белгілі, ал жарысты ойын түрінде өткізу олардың қызығушылығын одан да арттырады.


Алдымен ұйымдастыру кезеңінде білім алушылармен сәлемдесіп, түгелдеп болған соң, [Classtools.net](https://classtools.net) платформасындағы генератор арқылы білім алушылар 2 топқа бөлінеді. Ол үшін оқытушы төменде берілген QR кодқа өтіп, шыққан сілтемені *WhatsApp* - қа жіберу арқылы компьютерде ашады және «редактировать» батырмасын басып, топ білім алушыларының аты - жөнін толық жазып шығу керек. Астынан қызыл, көк және жасыл сияқты топ түрлерін кезекпен көрсетіп, «создавать» батырмасын басу арқылы генераторды қосады. Генератор бойынша есімі көрсетілген білім алушылар сәйкес топтарға бөлінеді. Генераторды кезекті айналдырудан алдын есімі көрсетілген студенттер өшіріліп отырады. Осылайша үш топқа бөлінеді. Бұл ойын үш турдан тұрады. I, II, III, турдың тапсырмалары бойынша балл беріледі. Берілген тапсырмаларды интерактивті тақтада көрсету ұсынылады. Ең жоғары балл жинаған топ жеңімпаз атанады. Жеңген топ білім алушылары сыйлықпен және белгілі дәрежеде жоғары баллмен марапатталады. Білім алушыларға бағалау парағы таратылады. Жарысқа қатысушыларға сәттілік! Төменде 25 – суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және classtools платформасы арқылы топқа бөлу мүмкіндігі көрсетілген.



Сурет 25 – Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және рандоммен топқа бөлу үлгісі


I тур – Викторина. Бірінші турда flippity платформасында «құлып пен кілт» әдісі бойынша дайындалған сұрақтарға білім алушылар төменде берілген QR кодқа өтіп жауап береді. Ойын шарты бойынша 10 құлып беріледі, әр құлыптың сұрағына дұрыс жауап берілсе ғана кілтпен ашуға болады, кері жағдайда құлып

ашылмайды. Әр білім алушы ашылған құлып санына қарай тиесілі балын алады. Құлыпта берілген сұрақтарға топшалар кезектесіп жауап береді. Білім алушылар оқулық соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес досыңды бағала әдісі бойынша бір бірін бағалайды. Төменде 26 – суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және flippity платформасында дайындалған құлып пен кілт үлгісі берілген.



Сурет 26 – Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және құлып пен кілт әдісінің үлгісі

II тур – кроссворд шешу. learningapps.org платформасында дайындалған кроссвордты QR кодқа өтіп, дұрыс әрі жылдам шешу керек. Төменде 27 – суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және LearningApps платформасында дайындалған кроссвордтың үлгісі берілген.




Сурет 27 – Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және кроссвордтың үлгісі

Кроссвордты шешуде сұраққа жауап беру үшін, кез келген ұяшықты тінтуірмен нұқыңыз. Ашылған ұяшықтарға әріптерді енгізіңіз. Жасыл терезе курсорды ауыстырады.

Сіздің жауабыңызды әрқашан екі рет тексеруге болады (төменгі оң жақтағы перне). Егер жауап дұрыс болмаса, сөз қызыл түспен белгіленеді. Тапсырманы орындап болған соң білім алушылар тарау соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес досыңды бағала әдісі бойынша бір-бірін бағалайды.


III тур – «Боулинг» форматында білім ойыны. Бұл турда интерактивті интеллектуалды құралдардың бірі Genially деп аталатын онлайн ойын платформасы қолданылып дайындалған тапсырмаларды орындайды. Genially — бұл презентация, ойын, викторина, инфографика, бейне мазмұн және басқа да интерактивті материалдар жасауға арналған онлайн платформа. Ол шығармашылықты дамыта отырып, күрделі ақпаратты оңай әрі тартымды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Genially платформасының мүмкіндіктері: интерактивті презентациялар жасау; викториналар, ойындар, білім беру квесттері әзірлеу; инфографикалар мен анимациялық слайдтар жасау; мәтін, сурет, бейне, сілтеме, тест сұрақтарын кірістіру; бірнеше қолданушымен бірге жобалар жасау мүмкіндігі; шаблондар мен дайын үлгілерді пайдалану арқылы жылдам жұмыс істеу.

Сонымен, бұл ойынды ойнау үшін, оқытушы төменде берілген QR кодқа өтіп, шыққан сілтемені *WhatsApp* - қа жіберу арқылы компьютерде ашады және берілген тапсырмаларды интерактивті тақтада көрсетеді. Білім алушылар әр сұраққа жауап беріп отырады. Дұрыс жауап таңдағанда "Жарайсың!" деген анимация көресіз. Қате жауап таңдасаңыз, "Қате, тағы ойлан!" деген белгі шығады. Дұрыс жауап берген сайын ұпай жинайсыз және келесі деңгейге өтесіз. Алғашқы бес сұраққа бірінші топ, қалған бес сұраққа екінші топ жауап береді, жауап бере алмаған жағдайда келесі топқа жауап беруге мүмкіндік беріледі. Сәйкесінше, балл жауап берген топқа өтіп отырады. Ойын соңында жеңген топ жинаған балл санына қарай анықталады. Білім алушылар әр сұраққа жауап бере отырып, өз білімін тексеріп қана қоймай, шығармашылық қабілетін де дамытады! Білім алушылар осы оқулықтың соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес досыңды бағала әдісі бойынша бір-бірін бағалайды. Төменде 28 – суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы мен genially платформасында дайындалған «Боулинг» форматындағы білім ойынының үлгісі берілген және ойындағы сұрақтар мен жауаптардың ашылу үлгісі көрсетілген.



Сурет 28 - Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және genially платформасында дайындалған «Боулинг» форматындағы білім ойынының үлгісі

IV тур – Жеке жұмыс. Төртінші турда сабақты қорытындылау ретінде onlinetestpad.com платформасында дайындалған тест тапсырмалары беріледі. Ол әр білім алушының жеке қабілеті мен білімін бағалауға мүмкіндік береді. Тест тапсыру үшін төменде берілген QR кодқа өтіп, көп нұсқалы сұрақтарға жауап беру керек. Әр сұрақтың қиындығына қарай балл көрсетілген. Тест тапсырмаларын толық орындап біткен соң, әр студент өзінің жинаған баллын және пайыздық көрсеткішін біле алады. Сонымен қатар, қатемен жұмыс жасау арқылы тақырыпты нақтылауға мүмкіндігі болады. Тапсырманы орындап болған соң білім алушылар тарау соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес өзін өзі бағалау әдісі бойынша өздерін бағалайды. Жоғары балл жинау үшін, өткен тақырыптарды толық оқып және жақсы дайындықпен келу керек. Төменде 29 – суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және onlinetestpad.com платформасында дайындалған тест тапсырмаларының үлгісі берілген.



Сурет 29 – Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және тесттің үлгісі

Сабақ соңында оқу тапсырмасы берілген соң, білім алушылармен кері байланыс жасау үшін classroomscreen.com платформасын пайдалануға болады. Ол үшін оқытушы classroomscreen.com платформасына кіріп try for free батырмасын басып, ары қарай traffic light таңдаймыз. Аудиторияда отырған білім алушының санына байланысты қанша бағдаршам керек, сонша рет бағдаршамды басамыз. Бұл тақтаны интерактивті тақтада ашып қоюға болады және әр студент өз смартфоннан сабақтан алған әсерлерімен ашық түрде бөлісе алады. Ол үшін QR кодқа өтіңіз. Төменде 30 - суретте ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және classroomscreen.com платформасындағы кері байланыстың үлгісі көрсетілген. Барлық білім алушылардың кері байланысын қатар көруге болады. Оқытушы білім алушылардың өздеріне қойған бағасына өз пікірін қоса отырып, оқулық соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес қорытынды балын қояды.



Сурет 30 - Ұялы телефонда QR кодтың ашылуы және classroomscreen.com платформасындағы кері байланыстың үлгісі

Қорыта келе, «Аналитикалық химия» пәнін оқытудың цифрлық технологияларды қолданып дайындалған оқулықпен ұйымдастырылуы білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға үлкен ықпал етті деп есептейміз. Себебі, сабақ барысында ұйымдастырылған «Құлып пен кілт», «Боулинг» форматындағы білім ойын сайыстарына білім алушылар белсенді қатысып, Phet платформасында виртуалды зертхананы орындау, chemcollective платформасында есеп шығару, викторина, кроссворд шешу, тест тапсырмаларын орындау, өзін-өзі бағалау, кері байланыстарды әртүрлі платформаларда орындау барысында сабаққа деген қызығушылықтарының артқаны, сондай-ақ, түрлі жасанды интеллекттерде презентация жасап, тест құрастырып, ҚМЖ жасап ойлау, шығармашылық қабілеттерінің артқаны байқалды. Дәрістерде әртүрлі анимациядағы видеоларды көру білім алушылардың білімге деген ынтасының артуына ықпал етті. Сонымен қатар, жоба қорғауда шығармашылық қабілеті мен алған білімдерін практикада озық қолдану мүмкіндіктері көрінді. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып дайындалған оқулықты сабақ барысында қолдану тәжірибесі олардың көпшілігі үшін ғылыми білім әдістерін пайдалана отырып, педагогикалық процесті құруға қабілетті, құра білетін және дайын мұғалім ретінде өзін ашу болды.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ

Екінші аналитикалық топ катиондарының сапалық реакциялары

Жұмыс мақсаты: II аналитикалық топ катиондарының қасиеттерін сапалық реакцияларына тәжірибе жасау негізінде үйрену.

КАТИОНДАРДЫҢ ЕКІНШІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ХЛОРИДТЕР ТОБЫ

Қышқыл-негіздік анализдеу әдісі бойынша периодтық жүйенің I-тобының қосымша топшасының элементтерінің катиондары Ag^+ , $[Hg_2]^{2+}$, Pb^{2+}

Кесте 16 - Топтық реагенті хлорсутек қышқылы 2н HCl

Иондар	$Ag^+ (4d^{10})$	$[Hg_2]^{2+}$	$Pb^{2+} (5d^{10}6s^2)$
1	2	3	4
Электрон қабатының құрылысы	2,8,18,18	-	2,8,18,32,18,2
Хлорлысутек қышқылы HCl және хлоридтер	AgCl Ақ NH ₄ OH-те ериді	Hg ₂ Cl ₂ ақ NH ₄ OH-та қосқанда [NH ₂ Hg]Cl + Hg түзілуіне байланысты қараяды	PbCl ₂ ақ кристалды тұнба, ыстық суда ериді. Ине- және ромб тәріздес
NaOH KOH натрий және калий гидроксиді	Ag ₂ O қоыр-қызыл	Hg ₂ O қара, HgO + Hg ыдырайды	Pb(OH) ₂ ақ, реагенттің артық мөлшерінде ериді

16 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
NH ₄ OH (артық мөлшері) аммоний гидроксиді	[Ag(NH ₃) ₂] ⁺ түссіз ерітінді	Қоспа: $\begin{matrix} \diagdown & \text{Hg} & \diagup \\ \text{O} & & \text{NH}_2 \end{matrix}$] NO ₃ + Hg қара	Pb(OH) ₂ немесе Pb(OH)NO ₃ ақ
H ₂ SO ₄ Күкірт қышқылы	Тұнбаға түспейді	Hg ₂ SO ₄ ақ	PbSO ₄ ақ сілтінің және аммоний тартратының (NH ₄) ₂ C ₄ H ₄ O ₆ артық мөлшерінде ериді
K ₂ CrO ₄ – калий хроматы K ₂ Cr ₂ O ₇ – калий дихроматы	Ag ₂ CrO ₄ кірпіш-қызыл Ag ₂ Cr ₂ O ₇ қара-қызыл NH ₄ OH-та және HNO ₃ ериді	Hg ₂ CrO ₄ қызыл, гидроксидте және сұйытылған қышқылдарда ерімейді	PbCrO ₄ Сары, гидроксидтерде ериді
KI калий иодиді	AgI сары, реагенттің артық мөлшерінде ериді	Hg ₂ I ₂ сары-жасыл, реагенттің артық мөлшерінде еріп, металдық Hg ⁰ бөлінеді	PbI ₂ – сары-алтын түстес, реагенттің артық мөлшерінде ериді
Металдарды ығыстырып шығарады	SnCl ₂ –мен қара тұнба Ag ⁰	1.SnCl ₂ –мен ақ түсті Hg ₂ Cl ₂ түзіледі, бос күйіндегі Hg ⁰ бөлініп, қараяды 2.мыс пластинкасының бетінде жылтыр сұр дақ пайда болады	бермейді
Жалын түсі	өзгертпейді	өзгертпейді	Ашық-көгілдір

Кесте 17 - II-аналитикалық топ катиондарының сапалық реакциялары

Зертте летін ион	Реагент	Реакция теңдеуі	Реакция нәтижесі	Тұнбаға анализ
1	2	3	4	5
Ag ⁺	HCl, NaCl	AgNO ₃ + NaCl = AgCl↓ + NaNO ₃ Ag ⁺ + Cl ⁻ = AgCl↓	ақ түсті тұнбалар	AgCl + 2NH ₄ OH = [Ag(NH ₃) ₂]Cl + 2H ₂ O AgCl + (NH ₄) ₂ CO ₃ = [Ag(NH ₃) ₂]Cl + H ₂ O + CO ₂ ↑ AgCl + 2Na ₂ S ₂ O ₃ = Na ₃ [Ag(S ₂ O ₃) ₂] + 2NaCl AgCl + 2RCN = K[Ag(CN) ₂] + KCl қышқылдар әсерінен аммиакаттар бұзылады: [Ag(NH ₃) ₂]Cl + 2HNO ₃ = AgCl↓ + 2NH ₄ NO ₃ [Ag(NH ₃) ₂] ⁺ + 2H ⁺ + Cl ⁻ = AgCl↓ + 2NH ₄ ⁺ немесе [Ag(NH ₃) ₂]Cl + KI + 2H ₂ O = AgI↓ + KCl + 2NH ₄ OH

17 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	NaOH, KOH	AgNO ₃ + KOH=AgOH + NaNO ₃ 2AgOH = Ag ₂ O+ H ₂ O	қара-қоныр түсті оксид	
	KI, KBr	AgNO ₃ + KBr = AgBr↓ + KNO ₃ Ag ⁺ + Br ⁻ = AgBr AgNO ₃ + KI = AgI↓ + KNO ₃ Ag ⁺ + I ⁻ = AgI↓	ашық жасыл түсті тұнба	AgBr↓+2NH ₄ OH = [Ag(NH ₃) ₂]Br + 2H ₂ O Күміс иодиді тек KCN мен Na ₂ S ₂ O ₃ ерітінділерінде ериді: AgI + 2Na ₂ S ₂ O ₃ = Na ₃ [Ag(S ₂ O ₃) ₂] + NaI
[Hg ₂] ²⁺	HCl	Hg ₂ (NO ₃) ₂ + 2HCl=Hg ₂ Cl ₂ ↓ + 2HNO ₃ Hg ₂ ²⁺ + 2Cl ⁻ = Hg ₂ Cl ₂ ↓	ақ тұнба (каломель)	Hg ₂ Cl ₂ + 2NH ₄ OH = [NH ₂ Hg ₂]Cl + NH ₄ Cl + 2H ₂ O [NH ₂ Hg ₂]Cl тұрақсыз, сондықтан ыдырайды: [NH ₂ Hg ₂ Cl] = [NH ₂ HgCl]↓ + Hg↓ Тұнба патша сұйығында ериді: NH ₂ HgCl + Hg + 2HNO ₃ + 4HCl = 2HgCl ₂ + 2NO ₂ + 2H ₂ O + NH ₄ Cl
	KI	Hg ₂ (NO ₃) ₂ +2KI =Hg ₂ I ₂ ↓+2KNO ₃ Hg ₂ ²⁺ +2I ⁻ =Hg ₂ I ₂	тұнба түзілгенін байқау	Калий иодидінің артық мөлшерінде мына теңдеу бойынша комплексті қосылыс түзеді: Hg ₂ I ₂ + 2KI = K ₂ [HgI ₄] + Hg↓ Hg ₂ I ₂ + 2I ⁻ = [HgI ₄] ²⁻ + Hg↓
	NaOH KOH	Hg ₂ (NO ₃) ₂ +2Na OH=Hg ₂ O↓+2N aNO ₃ +H ₂ O Hg ₂ ²⁺ +2OH ⁻ =Hg ₂ O↓+H ₂ O	қара түсті тұнба	
Pb ²⁺	HCl	Pb(NO ₃) ₂ + 2HCl = PbCl ₂ + 2HNO ₃ Pb ²⁺ + 2Cl ⁻ = PbCl ₂	тұнба түзілуін байқау	Концентрлі HCl-дың артық мөлшерінде комплексті қышқыл түзіледі: PbCl ₂ + 2HCl = H ₂ [PbCl ₄]
	NaOH, KOH	Pb(NO ₃) ₂ + 2NaOH = Pb(OH) ₂ ↓ + 2 NaNO ₃ Pb ²⁺ + 2OH ⁻ = Pb(OH) ₂ ↓	тұнба түзілгенін байқау	Pb(OH) ₂ ↓ + 2HNO ₃ =Pb(NO ₃) ₂ + 2H ₂ O Pb(OH) ₂ ↓ + 2H ⁺ = Pb ²⁺ + 2H ₂ O H ₂ PbO ₂ + NaOH =Na ₂ PbO ₂ +2H ₂ OPb(OH) ₂ ↓+ NaOH=Na ₂ [Pb(OH) ₄]

Тапсырма: Зерттелетін иондардың кестеде келтірілмеген сапалық реакциялары мен тұнбаға анализдерін дәптерге жазып кестені толықтырыңыз.

Тапсырманы орындап болған соң білім алушылар әр тапсырмаға сәйкес алған балдарын қосып өзін-өзі бағалайды. Оқытушы тарау соңында берілген бағалау критерийіне сәйкес қорытынды балын бағалайды.

Кесте 18 - II-тарау бойынша бағалау критерийлері

Атауы	Критерий	Балл
1	2	3
	Төрт турдың тапсырмалары толық орындалды, объект туралы білімдері жеткілікті болды. Оның маңызды және маңызды емес белгілерін, себепті байланыстарын анықтады. Өз бетінше орындауға арналған тапсырмаларды толық орындады. Бұл тарау бойынша материалды терең және тиянақты меңгергенін білдіреді, толық және жүйелі, дұрыс және логикалық түрде баяндайды. Платформаларда тапсырмаларды еркін құрастырады. Сонымен қатар тапсырмаларды орындауда платформаларды жақсы меңгерген.	16-20
Жалпы тапсырмалар	Үш турдың тапсырмалары толық орындалды, осы тарау бойынша өз бетінше орындауға арналған ережелер мен формулаларды меңгеруге негізделген есептерді толық шығарды, меңгерген білімдерін тереңдету үшін берілген кроссвордты оң нәтижемен орындай алды. Студент бұл мәселе бойынша материалды жақсы біледі, материалды баяндауда сауатты және бірізді, бірақ төртінші турдың тапсырмасын орындауда болмашы дәлсіздіктерге жол берді. Тапсырмаларды орындауда платформаларды қолдануды жақсы меңгерген. Бірақ платформаларда тапсырмаларды өз бетімен толық құрастыра алмайды, көмекті қажет етеді.	12-15
	Алғашқы екі турдың тапсырмалары орындалды, бірақ үшінші турдың тапсырмасын орындауда негізгі және кішігірім дәлсіздіктер мен себепті байланыстар анықталды. Студент тек негізгі материалды біледі, бірақ жеке бөліктері мен ерекшеліктерін білмейді, анықтамаларды тұжырымдау қиынға соғады. Төртінші турдың тапсырмалары орындалмады. Өз бетінше орындауға арналған тапсырмалар толық орындалмады, есептерді шығаруда қиындықтар байқалды, қателіктерге жол берілді. Платформаларда тапсырмаларды құрастыра алмайды. Тек тапсырмаларды орындау үшін платформаларды қолдана алады.	7-11
	Жауап толық емес. Тек бірінші турдың тапсырмасы орындалды. Қалған турдың тапсырмаларын орындауға мүмкіндігі жетпеді. Есептерді шығаруда қателіктерге жол берілді. Студент оқытушының көмегімен берілген есептерді қорытындылай алды. Платформаларда тапсырма мүлде құрастыра алмайды. Тапсырмаларды платформаларда орындау үшін оқытушының көмегін қажет етеді.	2-6
	Жауапта күрделі қателер болды. Бірінші турдың тапсырмасы толық орындалмады. Қалған турдың тапсырмаларын орындауға мүмкіндіктері жетпеді. Тақырыпқа байланысты негізгі ережелер мен формулаларды меңгермеген.	1

18 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Есептердің шығару жолдарын түсінбейді, сабаққа дайындықсыз келген. Тақырыпқа қатысты ешқандай дәлел, қорытынды немесе түсініктеме жоқ. Платформаларды мүлде қолдана алмайды.	
	Пәннің негізгі тапсырмаларына ешқандай жауаптар алынған жоқ.	0
Лабораториялық жұмыстарды орындау, қорытындылау, нәтижелерін қорғау, белсенділік	Лабораториялық жұмыстың мазмұнын, қосылыстардың химиялық қасиеттерін толық түсініп, иондардың ашу реакцияларын орындау техникасын меңгерді. Жұмысты қорытындылады. Реакциялар теңдеуі қатесіз түзілген. Хаттама талапқа сай толтырылды. Белгісіз қоспалардың құрамын анықтауда сандық талдау әдісін дұрыс негіздей алды. Аналитикалық химияның теориялық негіздерін меңгерген, анализдеу әдістерін сараптай алды;	5-7
	Студент зертханалық сабақты қорғауда материалды терең және тиянақты меңгергенін білдірді, толық және жүйелі, дұрыс және логикалық түрде баяндады. Белсенді. Виртуалды зертханаларды еркін қолдана алады.	
	Лабораториялық жұмыстың мазмұнын, теориялық негізін, зерттеу әдістерін сараптауды меңгерген. Жұмысты қорытындылады. Хаттама талапқа сай толтырылды. Бірақ реакциялар теңдеуін жазуда қателіктер орын алды. Зертханалық сабақты қорғауда дәлсіздіктер орын алды. Виртуалды зертханаларды қолдануды толық меңгермеген.	2-4
	Зертханалық сабаққа дайындық болмаған.	1

Өзірленген оқу-әдістемелік кешен білім беру мазмұнын тек ұсынумен шектеліп қалмай, оны заманауи цифрлық форматта жүзеге асыруды көздейді. Зерттеу аясында Қазақстан педагогикасында алғаш рет ұсынылған «Интегративті цифрлық микро-флипед» әдісін жүзеге асыратын **chemed.kz** цифрлық білім беру платформасы әзірленді (Қосымша А). Платформа Аналитикалық химия пәнінің бірінші бөлімі бойынша оқу материалын әр дәріске сәйкес бейнедәрістер, кешенді тапсырмалар, виртуалды зертханалар және автоматтандырылған бағалау модульдері арқылы жүзеге асырады.

Платформаның құрылымы. Платформа екі негізгі модульден тұрады. Әр модульде:

1. Бейнедәрістер – білім алушыларға теориялық білімді қашықтан және ыңғайлы түрде игеруге мүмкіндік береді. Күрделі ұғымдарды визуалды түсіндіру арқылы оқу материалын жеңіл қабылдауды қамтамасыз етеді, студенттің жеке оқу қарқынына бейімделуге жағдай жасайды және аудиториядан тыс өзіндік дайындықтың тиімділігін арттырады.

2. Кешенді тапсырмалар – әр дәрістен кейін автоматты түрде бағаланатын тесттер мен сәйкестендіру, оқытушымен бағаланатын шығармашылық, кейстік, жағдаяттық тапсырмалар білім алушының теорияны практикамен ұштастыруын қамтамасыз етеді.

3. Виртуалды зертхана – катиондардың сапалық реакцияларын кезең-кезеңімен орындауға мүмкіндік беретін интерактивті орта. Бұл модуль студентке нақты зертханалық тәжірибені моделдеуге, реакцияларды қауіпсіз цифрлық форматта қайталап орындауға, реагенттердің әсерін бақылауға, иондық топтарды ажырату логикасын түсінуге жағдай жасайды. Виртуалды зертхана әрбір қадамды визуалды түрде көрсетіп, таңдаған әрекеттің нәтижесін бірден көрсетеді, қате жасалған жағдайда түзетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ реакцияның жүру механизмі туралы қосымша теориялық ақпарат береді. Мұндай формат білім алушылардың зертханалық дағдыларын дамытуға, реакциялық процестерді тереңірек түсінуге және химиялық эксперименттің цифрлық модельдерін меңгеруге ықпал етеді.

Функционалдық мүмкіндіктері:

– Әр сабақты толық орындамайынша келесі сабақ ашылмайды, бұл білімді бірізді меңгеруді қамтамасыз етеді.

– Оқытушы білім алушының жазбаша жұмысын тексеріп, кері байланыс қалдырғаннан кейін платформа бағалау нәтижесін автоматты түрде шығарып, білім алушының жеке кабинетіндегі көрсеткіштермен синхрондайды. Бұл оқытушы тарапынан берілген кері байланысты ескере отырып, білім алушының оқу траекториясын нақты бағалауға және жеке прогресін бақылауға мүмкіндік береді.

– Пайдаланушы интерфейсі қазақ тілінде бейімделген.


Платформаға кіру үшін білім алушылар <https://chemed.kz/account/login/> сілтемесіне өтіп, жеке логин және пароль теріп тіркеледі (31-сурет).

The image shows two parts of the ChemEd website. On the left is the main page with the ChemEd logo (a blue flask with a flame) and the text 'Химия – қолыңда, ғылым – болашағыңда'. Below this is a navigation bar with 'Басту' and 'Негізгі бетке' buttons. A section titled 'Авторы:' features a circular profile picture of Ailya Karimova, a chemistry teacher. On the right is a login/registration form titled 'Қош келдіңіз' (Welcome) and 'Платформаға тіркелу формасы' (Registration form). The form includes fields for 'Пайдаланушының аты' (Username), 'Электронды пошта' (Email), 'Есімі' (First name), 'Тегі' (Last name), 'Сыныбы' (Class) with a dropdown menu for 'Топты таңдау' (Select class), 'Пароль' (Password), and 'Парольді қайталау' (Repeat password). There are 'Регистрация' (Registration) and 'Жүйеге кіру' (Login) buttons.

Сурет 31 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасына студенттің тіркелу үлгісі

Логин және пароль арқылы жүйеге тіркеліп кіргеннен кейін білім алушының жеке парағы ашылады (32-сурет). Бұл бетте білім алушының аты-жөні, статусы, оқылған және аяқталған пәндер саны және жалпы пәнді аяқтау пайызы көрсетіледі.

Сонымен қатар, білім алушы өз пәндерінің тізімін көре алады, олардың әрқайсысы бойынша үлгерімін, орындалған тапсырмалардың санын және пәнді оқытатын оқытушының байланыс ақпаратын көре алады.




Сурет 32 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы студенттің жеке парағы

«Аналитикалық химия» пәнінің үстін басқаннан кейін білім алушылар модульдерден және жеке сабақтардан тұратын курс құрылымына қол жеткізеді.

Әрбір модуль бейнедегіс, кешенді тапсырмалар, виртуалды зертханадан тұратын бірнеше тақырыптық сабақтарды қамтиды. Көрсетілген мысалда 1-модульдің 1-сабағы — «Аналитикалық химия пәніне кіріспе, маңызы және негізгі даму кезеңдері» ашық (32-сурет). Сабақ бетінде тақырып атауы, мақсаты және ұзақтығы, сонымен қатар келесілер көрсетіледі:


- сабақ жоспары — тапсырмалар ретін және оларды орындау үшін берілетін ұпайларды қамтиды;
- сипаттама — тақырыптың қысқаша мазмұнын қамтиды;
- ресурстар — бейне сабақтарға, презентацияларға, әдістемелік ұсыныстарға және басқа сандық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.



Сурет 33 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы пәннің құрылымы

Әрбір тапсырма белгілі бір ұпай санымен бағаланады (мысалы, тест – 30 ұпай, сәйкестендіру тапсырмасы – 20 ұпай, жазбаша тапсырма – 20 ұпай, виртуалды зертхана – 30 ұпай). Бұл жүйе білім алушыларға интерактивті форматта оқу материалының құрылымын көруге, үлгерімін бақылауға және тапсырмаларды дер кезінде орындауға мүмкіндік береді.

«Сабаққа кіру» түймесін басқаннан кейін білім алушы бейне сабақ бетіне бағытталады (34-сурет). Бұл бетте «Аналитикалық химия пәніне кіріспе, маңызы және негізгі даму кезеңдері» тақырыбына арналған бейнедәріс бар.




Сурет 34 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы бейнесабактың үлгісі

Бейнедәріс көрнекі иллюстрациялар, мысалдардың сүйемелдеуімен негізгі ұғымдар және аналитикалық химияның тарихи кезеңдері туралы түсініктеме береді.

Сабақ барысы интерфейстің жоғарғы жағында көрсетіледі, бұл студентке оқу кезеңдерін бақылауға мүмкіндік береді. Бейнедәрісті көргеннен кейін жүйе автоматты түрде осы кезеңнің аяқталуын жазады (статус «Аяқталды»).

Бейнедәріс сабақтың мотивациялық-ақпараттық элементі қызметін атқарады, одан әрі практикалық тапсырмаларды (тест, сәйкестендіру, жазбаша жауаптар) орындауға негіз жасайды, болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің танымдық және ақпараттық құрамдастарын дамытуға ықпал етеді.

Бейнедәрісті көріп аяқтағаннан соң, студент chemed.kz платформасында оқу әрекетінің басқа түрлерімен, атап айтқанда тесттер мен «сәйкестендіру» сияқты интерактивті тапсырмалармен жұмысын жалғастырады. Бұл әрекеттер 35 - суреттерде көрсетілген.



Сурет 35 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы тест тапсырмасының үлгісі


Тест формасы бейнедәріс пен сабақ материалдары барысында алынған теориялық білімдерді игеру деңгейін бағалауға арналған. Әрбір тест тапсырмасы бірнеше таңдау сұрақтарын және белгіленген ұпайлар санын қамтиды.

Жүйе бағалаудың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, нәтижелерді автоматты түрде бағалайды және студентке өз жетістіктерінің деңгейін бірден көруге мүмкіндік береді.

Тест тапсырмасы келесілердің дамуына ықпал етеді:


- кәсіби құзіреттіліктің когнитивтік құрамдас бөлігі, өйткені олар аналитикалық химияның негізгі ұғымдарын білу мен түсінуді талап етеді;
- өзін-өзі бақылау және нәтижелерді талдау үшін цифрлық ортаны пайдалану арқасында ақпараттық құзыреттілік;
- өзін-өзі реттеу және өз оқуы үшін жауапкершілік, өйткені студент сынақтың қарқыны мен уақытын өз бетінше таңдайды.

Келесі тапсырманың түрі сәйкестендіру (36-сурет). Тапсырманың бұл түрі интерактивті ұғымдарды, формулаларды, анықтамаларды және мысалдарды сәйкестендіруді қамтиды. Мысалы, білім алушыларға аналитикалық реакциялардың түрлері мен олардың сипаттамалары арасындағы сәйкестік орнату ұсынылады. Бұл формат логикалық және жүйелі ойлауды дамыту, танымдық белсенділікті арттыру, көрнекі ассоциативті байланыстар арқылы оқу материалын бекітуге бағытталған.



Сурет 36 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы сәйкестендіру тапсырмасының үлгісі

Сәйкестендіру тапсырмасын орындағаннан кейін студент 37-суретте көрсетілгендей жазбаша нысандағы практикалық тапсырмаға («Жазбаша» бөлімі) көшеді.



Сурет 37 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы жазбаша тапсырманың үлгісі

Бұл тапсырма болашақ химия педагогтарының аналитикалық және зерттеушілік ойлауын дамытуға, сонымен қатар пәндік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.


Тапсырма құрылымы студенттерден аналитикалық әдісті орынды таңдауды және өз шешімін негіздеуді талап ететін ситуациялық сұрақтарды қамтиды. Мысалы, сынамаларды ауыр металдарға байланысты сынау кезінде талдаудың қандай түрін — сапалық немесе сандық — пайдалану керектігін анықтауы және тиісті аналитикалық әдістерді таңдауды түсіндіруі керек.

Платформаның интерфейсі егжей-тегжейлі жауапты енгізуге арналған мәтіндік өрісті, файлды тіркеу мүмкіндігін және аяқталған тапсырманы жіберу функциясын («орындалған тапсырманы жіберу») қамтиды.

Әрбір тапсырмаға ұпай беріледі (бұл жағдайда 20 ұпай), бұл білім алушыларға олардың үлгерімі мен түсіну деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

Мұндай жазбаша тапсырмалар кәсіби құзіреттіліктің когнитивтік және іс-әрекеттік компоненттерін, дәлелдеу және ғылыми жазу дағдыларын дамытуға, теориялық материалды және бейнедәрістерді оқудан алған білімдерін бекітуге ықпал етеді. Осылайша, chemed.kz платформасындағы оқытудың бұл кезеңі ақпаратты теориялық түсінуден оны практикалық қолдануға көшуді қамтамасыз етеді, «аударылған сынып» принципін көрсетеді және білім алушының мазмұнды меңгеру процесіне жеке белсенділігін арттырады.

Жазбаша тапсырмадан кейін студенттер виртуалды зертхананың практикалық бөліміне көшеді. Студенттер ең алдымен 38-суретте көрсетілгендей зертханалық жұмыстың теориялық бөлімімен танысады.



бақыланған нәтижелерді реакция сипаттамаларын көрсете отырып, кестеге жазыңыз.

№1. Катиондардың бірінші аналитикалық тобы

		$\text{Na}^+ + \text{H}_2\text{YBO}_4^- = \text{NaH}_2\text{YBO}_4$	кристаллы тұнба
--	--	---	-----------------

Сценарийлік зертханалық тапсырма (1 топ катиондары)

Сіз – болашақ химия пәні мұғалімісіз. Аналитикалық химиядан ашық сабақ дайындап жатырсыз. Сабақ тақырыбы – «1 топ катиондарының сапалық реакциялары».

Сіз тәжірибе ретінде қолдануға болатын 3 катионның (Na^+ , K^+ , NH_4^+) тұздарын зертханада дайындадыңыз.

Сіздің міндетіңіз – олардың тұнба тұзу реакцияларын орындау, байқалған белгілерді жазу, теңдеулерді көрсету және ең көрнекі реакцияны таңдау.

Нұсқау:

1. Әр катионды жеке зерттеп, реакция жасаңыз.

2. Бақылау нәтижелерін және реакция теңдеулерін кестеге толтырыңыз.

Сурет 39 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы сценарийлік тапсырманың үлгісі

Студенттер осы тапсырма негізінде виртуалды зертхананы орындайды. 40-суретте «Катиондардың бірінші аналитикалық тобы» тақырыбы бойынша виртуалды зертханалық тапсырманы орындау үлгісі көрсетілген. Бұл тапсырма білім алушылардың аналитикалық зерттеу жүргізу, иондық қосылыстардың химиялық қасиеттері туралы білімдерін қолдану, бақылау нәтижелерін цифрлық түрде жазу дағдыларын дамытуға бағытталған.

№1. Катиондардың бірінші аналитикалық тобы

Кайта бастау Нәтижесі

КCl NH₄Cl NaCl


NaHC₄H₄O₂ Na₂[Co(NO₂)₆] NaOH

K₂[HgI₄] + KOH Zn(UO₂)₂(CH₃COO)₄ KH₂SbO₄

Сурет 40 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы виртуалды зертхананың үлгісі

Виртуалды зертхана Na^+ , K^+ және NH_4^+ катиондарымен сапалы реакцияларды жүргізу процесін имитациялайды. Оқу платформасының интерфейсі реагенттерді химиялық заттардың сандық аналогтары ретінде (KCl , NH_4Cl , NaCl , NaOH , $\text{NaHC}_4\text{H}_4\text{O}_6$, $\text{K}_2\text{H}_2\text{SbO}_4$ және т.б.), сондай-ақ эксперименттер жүргізуге арналған сынауықтардың жиынтығын ұсынады. Студент өз бетінше қажетті реагенттерді таңдайды, әрекеттер тізбегін орындайды және химиялық реакциялардың нәтижелерін — тұнбаның түзілуін, түсінің өзгеруін немесе газдың бөлінуін бақылайды.


Барлық қадамдарды орындағаннан кейін студент виртуалды зертхананың келесі көрнекі нәтижесін алады (41-сурет). Экранда қолданылатын реагенттер мен орындалған реакциялардың сипаттамалық белгілері бар пробиркалар көрсетіледі.



Сурет 41 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы виртуалды зертхана нәтижесінің үлгісі

Әрбір пробирка химиялық әрекеттесудің белгілі бір түрін бейнелейді: ақ немесе сары кристалды тұнбаның түзілуі, газдың бөлінуі, қызыл-қоңыр түсті тұнбаның түзілуі және т.б. Бұл көрнекі әсерлер бірінші аналитикалық топтың катиондары — Na^+ , K^+ және NH_4^+ үшін сапалы реакциялардың сипаттамаларын көрсетеді. Осылайша, виртуалды зертхананы орындау студентке: реагент пен байқалатын реакция өнімінің түрі арасындағы байланысты қадағалау; сапалық реакциялардың сипаттамалық белгілері мен теңдеулері туралы білімдерін бекіту; эксперименттік бақылаулар негізінде қорытынды жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Виртуалды зертхананы аяқтаудың соңғы кезеңі реакциялар кестесін толтыру болып табылады (42-сурет). Бұл интерфейс элементі эксперименттердің нәтижелерін жазуға және талдауға арналған.



Сурет 42 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы виртуалды зертхананың нәтижесін жазатын кесте үлгісі

Кесте зерттеудің негізгі компоненттерін көрсетеді:

- Ион — анықталатын катион (Na⁺, K⁺, NH₄⁺);
- реагент — сапалық реакцияны орындау үшін қолданылатын зат (NaHC₄H₄O₆, Na₂[Co(NO₂)₆], NaOH, K₂[HgI₄] + KOH, Zn(UO₂)₃(CH₃COO)₆, K₂H₂SbO₄ т.б.);
- реакция теңдеуі — тұнбаның түзілуімен, газдың бөлінуімен немесе түсінің өзгеруімен жүретін процестің химиялық көрінісі;
- реакция нәтижесі — өнім түрінің сипаттамасы (тұнба, газ, еру, түсінің өзгеруі);

Барлық виртуалды тәжірибелерді орындағаннан кейін студент реакция теңдеулері мен байқалған әсерлерді көрсететін кестені өз бетінше толтырады. Бұл есеп беру пішімі алынған деректерді мағыналы талдауды жеңілдетеді және келесі дағдыларды дамытады: иондық реакция теңдеулерін дұрыс жазу; визуалды белгілерді химиялық процесспен салыстыру; ерітіндіде белгілі бір катионның болуы туралы қорытынды.

Кестені толтыру виртуалды зертханадағы соңғы қадам ретінде қызмет етеді және студенттің реагент таңдаудан бастап нәтижелерді талдауға дейінгі эксперименттің барлық кезеңдерін аяқтағанын растайды.


Интерактивті «тексеру» мүмкіндігі студентке өз жауаптарының дұрыстығын лезде тексеруге және кері байланыс алуға мүмкіндік береді, оның дербестігі мен жұмысының сапасына жауапкершілігін арттырады.

Сондай-ақ, виртуалды зертхана білім алушылардың эксперименттік дағдыларын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар кәсіби және әдістемелік құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді, өйткені жұмыс педагогикалық контекст аясында құрылымдалған — студент химиялық экспериментті жоспарлау және көрсету арқылы мұғалімнің рөлін меңгереді.

Виртуалды зертхананы пайдалану келесілерге мүмкіндік береді: қауіпті немесе реагент қалдықтарыңызсыз қауіпсіз химиялық эксперименттер; аналитикалық және логикалық ойлауды дамыту; химиялық процестер мен заңдылықтарды визуализациялау; интерактивті формат пен ойын сценарийі арқылы мотивацияны арттыру.

Осылайша, виртуалды зертхана цифрлық білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қызмет етеді, теориялық білімнен практикалық іс-әрекетке біртіндеп ауысуды қамтамасыз етеді және болашақ химия педагогтары - студенттер арасында зерттеу мәдениеті мен цифрлық құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді.

43-суретте «Аналитикалық химия» курсының бірінші модулінің құрылымы көрсетілген. Студенттер екінші сабаққа тек бірінші сабақтың тапсырмаларын толық орындағаннан кейін ғана өте алады. Сол сияқты, келесі сабақтарға қол жеткізу курстың жүйелі және логикалық ілгерілеуін қамтамасыз ете отырып, біртіндеп ашылады.



Сурет 43 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы бір сабақты аяқтағаннан кейін екінші сабақтың ашылу үлгісі


Әрбір сабақты аяқтағаннан кейін студент материалды меңгеру деңгейін көрсететін қорытынды баға (пайызбен және ұпаймен) алады. Көрсетілген мысалда бірінші сабақтағы жалпы балл 62% құрады, ол статистика бөлімінде жазылған.

Бұл жүйе студенттің жеке үлгерімін бақылауға, ешбір нүктені өткізіп жібермей материалды жүйелі меңгеруге ынталандыруға, аналитикалық химиядағы негізгі ұғымдардан күрделі тақырыптарға көшудің педагогикалық логикасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, пәннің модульдік құрылымы білім мен құзіреттіліктің кезең-кезеңімен дамуына жағдай жасайды, ал сабақтарға кезең-кезеңімен өту жүйесі «тізбектей оқыту» принципін жүзеге асырады.


Студент тұрғысынан платформаның операциялық мүмкіндіктері қарастырылды, енді бақылау, бағалау және басқару мүмкіндіктерін қамтитын оқытушының функционалдығы талданады.

Студенттер жазбаша тапсырмаларды орындап жібергеннен кейін, оқытушы chemed.kz платформасының администрация бөлімі арқылы оларды тексеріп, баға қоя алады. Ол үшін оқытушы беттің жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Администрация» түймесін басу арқылы режимге өтеді (44-сурет).




Сурет 44 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы оқытушының жеке кабинетінің үлгісі

Бұл сайттың басқару тақтасын ашады, онда барлық модульдер, пәндер, тапсырмалар және қолданушылар тізімі бар. Интерфейстің сол жағында құрылымдық бөлім бар, оның ішінде «Қолданушы пәндері», «Қолданушы сабақтары» және «Қолданушы тапсырмалары» қойындылары бар. Белгілі бір студентті бағалау үшін оқытушы «Қолданушының пәндері» бөліміне кіреді, содан кейін тізімнен студенттің фамилиясын таңдайды (45-сурет). «Қолданушының сабақтары» беті ашылады, онда аяқталған сабақтар, жалпы баға мен пайыздық көрсеткіш және орындалу күйі туралы ақпарат көрсетіледі. Мұнда оқытушы әр сабақ бойынша студенттің үлгерімін егжей-тегжейлі қарай алады.



Сурет 45 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы оқытушының басқару панелінің үлгісі


Әрі қарай, «Қолданушының тапсырмалары» бөліміне ауысқан кезде жүйе барлық орындалған тапсырмаларды түрі бойынша көрсетеді: бейнесабақ, тест, сәйкестендіру, жазбаша және т.б (46-сурет).



Сурет 46 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы оқытушының студентті бағалау бетінің үлгісі


Жазбаша тапсырманы тексеру үшін оқытушы «Жазбаша» жолының жанындағы «Толтырық» түймесін басады.

Ашылған терезеде қажет болған жағдайда қоса берілген файлмен бірге студент жауабының мәтіні көрсетіледі (47-сурет). Оқытушы тапсырманы тексеріп, содан кейін тиісті өріске балл енгізеді және «Сақтау» түймесін басады.



Сурет 47 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы студенттің жазбаша жауабын оқытушының тексеру бетінің үлгісі

Сақтағаннан кейін балл автоматты түрде жүйеге жазылады және студенттің жеке кабинетінде көруге қолжетімді болады, студентке сабақты аяқтау батырмасы шығады (48-сурет).



Сурет 48 – chemed.kz цифрлық білім беру платформасындағы студенттің сабақты аяқтау бетінің үлгісі

Осылайша, тапсырманы жіберуден бастап баға қоюға дейінгі бүкіл процесс толығымен цифрлық түрде жүзеге асырылады. Бұл механизм қамтамасыз етеді:

- бағалаудың ашықтығы мен объективтілігі;
- оқытушы мен студент арасындағы уақытылы кері байланыс;
- есептеулерді автоматтандыру арқылы қолмен қарауды азайту;

- оқу жетістіктерін бақылаудың тиімділігін арттыру.

Сонымен қатар, бұл жүйе білім алушылардың бірқатар маңызды кәсіби және тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді, атап айтқанда:

- жауапкершілік пен тәртіптілік – тапсырмаларды уақытылы орындау және нәтижелерді бақылау арқылы;

- өзіндік оқу дағдылары – тапсырмаларды өз бетінше орындау, платформадағы оқу материалдарын жүйелі пайдалану арқылы;

- цифрлық сауаттылық – файл жүктеу, жүйемен жұмыс істеу, онлайн форматтағы тапсырмаларды орындау барысында;

- аналитикалық ойлау – автоматты кері байланыс негізінде қателерін талдау және түзету арқылы;

- рефлексия және өзін-өзі бағалау – жүйеде көрсетілген нәтижелерге сәйкес өз прогресін бақылау арқылы;

- оқу мотивациясы – жедел кері байланыстың болуы және тапсырмалардың орындалу динамикасының көрінуі нәтижесінде.

Жалпы алғанда, chemed.kz цифрлық білім беру платформасының администрация панелі оқытушыларға білім алушылардың жұмысын қарап шығуға және бағалауға ғана емес, сонымен қатар пән мазмұнын, тапсырмаларды және оқу нәтижелерін жүйелі түрде басқаруға мүмкіндік береді, бұл цифрлық педагогикалық қолдауды мүмкіндігінше икемді және заманауи етеді.

Химиядан компьютерлік оқу ойындары

Химия пәнінен дайындалған оқу ойындары бойынша оқу-әдістемелік жұмысты жалғастырдық және аналитикалық химия пәнінен компьютерленген «Ионды тап» ойынына жаңа тапсырмалар әзірлеп алғаш рет сабақта қолдандық. Сондықтан оларды ойнауға қажетті ережелер танысу үшін төменде берілген.


Аналитикалық химия бойынша сабақтарда ойын негізіндегі оқытуды пайдаланудың іргелі мүмкіндігі ұсынылған оқу ойындарында цифрлық технологияларды қолдану әрекетінсіз толық болмайды. Зерттеу жұмысымызда «Ионды тап» оқу компьютерлік ойынының практикалық қолданылуын көрсетеміз. Осы ойындарға арналып әзірленген компьютерлік бағдарламалар білім алушыларға оларды жүзеге асыруға көмектесетін әрекеттердің қадамдық алгоритмін ұсынады. Бұл компьютерлік бағдарламалар мұғалімдерге бүкіл топ үшін де, әрбір студент үшін де жеке ойын тапсырмаларының сәйкес банктерін құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте ойын барысының жақсы көрінуі және әрбір студенттің нәтижелерін бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Бұл компьютерлік бағдарламаларға енгізілген мүмкіндіктер оларды қашықтықтан оқытуда да пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен «Ионды тап» ойынына қосылуға нұсқау.

Студенттер «Ионды тап» ойынына қосылу үшін төмендегі QR-кодқа өтіңіз. Ашылған сілтемені whatsapp-қа жіберу арқылы компьютерден ашуға болады. 49-суретте көрсетілгендей, ортақ компьютерлік жұмыс кеңістігінде «Пайдаланушы таңдауы» деп белгіленген терезе ашылады. Бұл жүйе екі кіру опциясын ұсынады: «Мұғалім» және «Студент». Бұл түймелер білім беру ойында

түбегейлі әртүрлі функцияларды орындайды. «Мұғалім» режимі жетекшіге оқу тапсырмаларын тағайындауға, ойын ағынын анықтауға, процесті басқаруға, қатысушының белсенділігін бақылауға және жеке студенттің жұмысын бағалауға мүмкіндік береді.

Бұған қалай қол жеткізілетіні қосымшада көрсетіледі. «Студент» түймесі ойынға қатысатын білім алушыларға арналған және тек жеке ойыншының жетістіктерін сипаттайды. Сондықтан алдымен «Студент» түймесін басқаннан кейін ойын барысына шолу жасалады [271].



Сурет 49 – Авторизацияны таңдау терезесі


Ойын басталмас бұрын ойыншы 50-суретте көрсетілгендей жоғарғы мәзір жолағындағы «Ақпарат» түймесін басу арқылы ойын ережелерімен танысуға болады. Әр студенттің міндеті ойын ережесін мұқият оқып, оның мәнін түсіну. Егер студент ойын ережесін білмесе, ол ойын барысын түсінбейтіндіктен қиындықтарға тап болады, бұл оның оқу материалын түсінуін қиындатады.



Сурет 50 – Ойын ережелері

Ойын ережелерін қарап шыққаннан кейін пайдаланушы «Артқа» түймесін басады, содан кейін бағдарлама оларды бастапқы бетке қайтарады. «Студент» түймесін қайтадан таңдау бастапқы кірумен бірдей авторизация процесін іске қосады. Әрбір қатысушы ойынға жұмыс компьютерінен немесе смартфоннан қосыла алады, себебі ойын браузерде жұмыс істейді және көп ойыншы режимін қолдайды. Бұл тіркеу әдісі білім алушыларға ойынға қосылуға, ал мұғалімге барлық қатысушылардың белсенділігін өз компьютерінен бақылауға мүмкіндік

береді. Бұл ойыншы тіркеліп, 51-суретте көрсетілгендей басқа ойыншылардың қосылуын және тіркелуін күткенде, «ОК» түймесін басу арқылы орын алады.



Сурет 51 - Пайдаланушыны авторизациялау терезесі

Ойынның барлық қатысушылары қосылғаннан кейін мұғалім қосылған білім алушылардың тізімін көріп, компьютері арқылы тапсырмаларды тарата бастайды. Бұл үшін екі ықтимал ойын нұсқасы бар. Біріншісінде мұғалім барлығына бірдей тапсырма бере алады. Екіншісінде ол әр студентке жеке тапсырма таңдайды.

Тапсырма опцияларын таратқаннан кейін ойыншылар «Сізге тапсырма берілді. Бастайсыз ба?» өрісі бар терезені көреді. «ОК» түймесін басу арқылы ойыншы 52-суретте көрсетілген келесі терезені ашады. Бұл терезеде «Сауалнама» көрсетіледі, онда студент келесі өрістерді көреді:

«Сіз қосылдыңыз:» - бұл өріске өз атыңызды енгізуіңіз керек, тіркеу кезінде таңдалады.

«Қолданылған сұрақтар: 0». Бұл өріс сіз қойған сұрақтардың санын жазады.

Сауалнама

Сіз келесідей қосылғансыз: **Әсел**

Қолданылған сұрақтар: **0**


Тапсырма күтілуде...

Сурет 52 - Әрбір ойынға қатысушы үшін қосылу терезесі

Жоғарғы көлденең жолақта «Мүмкін жауап нұсқалары» мұғалім таңдаған он тапсырманың нұсқалары көрсетіледі, мысалы, біздің жағдайда: Fe^{3+} ; Cu^{2+} ; NH_4^+ ; Zn^{2+} ; Ba^{2+} ; Cl^- ; CO_3^{2-} ; SO_4^{2-} ; I^- ; Pb^{2+} . Тік бағанда тапсырма опцияларының астында 53-суретте көрсетілген тапсырманы анықтауға көмектесетін сұрақтары

немесе сипаттамалары бар 10 сұр жолақ бар. Мысалы, біздің талқыланып жатқан жағдайда мұндай сұрақтар болуы мүмкін:

- Бұл катион ба?
- Ол NaOH ерітіндісімен тұнба береді ме?
- Тұнба ақ түсті ме?
- Тұнба артық сілтіде ериді ме?
- Тұнба көк түсті ме?
- Калий тиоцианатымен (SCN^-) реакция қызыл түсті ерітіндісін береді ме?
- Ион жалын түсін береді ме?
- Осы ионға сілті әсер еткенде газ бөлінеді ме?
- Бұл аммоний ионы ма?
- BaCl_2 ерітіндісімен тұнба түзе ме?
- Бұл анион ба?
- Тұз қышқылымен реакция газ түзе ме?
- Ион күміс нитратымен сары түсті тұнба түзе ме?



Сурет 53 – Сұрақ-жауап үлгісі

Компьютер ойыншының жауаптарына тек тақтаның түсін өзгерту арқылы жауап беретінін ескеріңіз: дұрыс жауап үшін ол жасыл түске, ал қате жауап үшін қызыл түске айналады.

Он негізгі сұрақты қарап шыққаннан кейін, қатысушы ұсынылған нұсқалардың ішінен дұрыс шешімді іздей бастайды, себебі бұл тапсырмалардың бірі оларға кез келген жағдайда тағайындалады. Есепті шешу үшін ойыншы сұрақтарды талдай отырып, тапсырманы болжау әдісін таңдайды. Ол үшін жеке сұрақтарды таңдау арқылы іздеу аймағын тарылтуға тырысады. Мысалы, ол: «Бұл катион ба?» деген сұрақты таңдайды. Дұрыс жауап берген жағдайда сұр өріс түсі жасылға өзгереді, егер жауап дұрыс болмаса, өріс қызыл түске боялады. Берілген мысалда жасырын нысан сипаттамасы дұрыс көрсетілген, сондықтан өріс 54-суретте көрсетілгендей жасыл түске боялған.

Опрос

Вы подключились как : Бекжан

Вопросов использованно: 1

Возможные варианты ответов

Fe³⁺ Cu²⁺ NH₄⁺ Zn²⁺ Ba²⁺ Cl⁻ CO₃²⁻ SO₄²⁻ I⁻ Pb²⁺

Бұл катион ба?

Оп NaOH ерітіндісімен тұнба береді ме?

Тұнба ақ түсті ме?

Тұнба артық сілтіде ериді ме?

Тұнба көк түсті ме?

Калий тиоцианатымен (SCN⁻) реакция қызыл түсті ерітіндісін береді ме?

Сурет 54 - Дұрыс жауап үлгісі

Ойыншы келесі сұраққа көшеді, әрбір келесі сұрақ нақтылана түседі, бұл жасырын нысанды тез анықтау ықтималдығын айтарлықтай арттырады. Мысалы, «Тұнба ақ түсті ме?» сұрақтарын таңдау арқылы студент өрістің қызыл түспен көрсетілгенін көреді, бұл 55-суретте көрсетілгендей дұрыс емес жауап таңдауын көрсетеді.

Опрос

Вы подключились как : Бекжан

Вопросов использованно: 2

Возможные варианты ответов

Fe³⁺ Cu²⁺ NH₄⁺ Zn²⁺ Ba²⁺ Cl⁻ CO₃²⁻ SO₄²⁻ I⁻ Pb²⁺

Бұл катион ба?

Оп NaOH ерітіндісімен тұнба береді ме?

Тұнба ақ түсті ме?

Тұнба артық сілтіде ериді ме?

Тұнба көк түсті ме?

Калий тиоцианатымен (SCN⁻) реакция қызыл түсті ерітіндісін береді ме?

Сурет 55 – Дұрыс емес жауап үлгісі

Бірнеше сұрақ қойғаннан кейін, ойыншы қай жауап нұсқалары қолайлы болуы мүмкін, ал қайсысы алынып тасталғанын болжай бастайды. Жүйе оң және теріс жауаптарды жинақтаған кезде (сәйкес өрістер жасыл немесе қызыл түске боялумен көрсетіледі), қатысушы ұсынылған нұсқаларды дұрыс немесе бұрыс деп белгілеп, таңдау жасайды. Содан кейін студент берілген нысанды анықтау үшін жеткілікті деп санайтын сұрақтардың санын пайдалана отырып, «Жауап беру» түймесін басып, ұсынылған 10 жауаптың ішінен күтілетін жауапты таңдайды (56-сурет).

Ион жалын түсін береді ме?

Осы ионға сілті әсер еткенде газ бөлінеді ме?

Бұл аммоний ионы ма?

ВаСь ерітіндісімен тұнба түзе ме?

Бұл анион ба?

Тұз қышқылымен реакция газ түзе ме?

Ион күміс нитратымен сары түсті тұнба түзе ме?

Дать ответ

Сурет 56 – «Жауап беру» батырмасының қызметі

Келесі терезе жауап опцияларын көрсетеді. Ойыншы, мысалы, «Fe³⁺» опциясын басады. Терезеде "Әрекетіңізді бойынша растаңыз" және "Дұрыс! Сіз жеңдіңіз!" пайда болады, онда «ОК» түймесін басу арқылы жауап опциясын растау керек (57-сурет).

Опрос

Вы подключились как : Бекжан

Вопросов использовано: 4

Возможные варианты ответов

Fe3+ Cu2+ NH4+ Zn2+ Ba2+ Cl- CO32- SO42- I- Pb2+

Бұл катион ба?

Оп NaOH ерітіндісімен тұнба береді ме?

Тұнба ақ түсті ме?

Тұнба артық сілтіде ериді ме?

Тұнба көк түсті ме?

Калий тиоцианатымен (SCN-) реакция қызыл түсті ерітіндісін береді ме?

Fe3+

Cu2+

NH4+

Zn2+

Ba2+

Cl-

CO32-

SO42-

Сурет 57 - Жауап нұсқалары

Бұл мысалда бұл дұрыс жауап болды және 58-суретте көрсетілгендей осы жауап опциясы бар өріс жасыл түске боялды. Әйтпесе, жауап өрісі қызыл түске боялады.



Сурет 58 – Осы мысалдың дұрыс жауабы

Әр ойыншының нәтижелері мұғалімнің компьютер экранында көрсетіледі. Егер студент ең аз сұрақтар арқылы жасырылған заттың атын дұрыс анықтаса, ол ойынның тапсырмасын дұрыс орындаған болады. Сұрақтардың максималды санын пайдаланып объектіні басқалардан бұрын анықтай алмаған немесе қате жіберген ойыншы тапсырманы дұрыс орындамаған болады.

Ойынды аяқтағаннан кейін, мұғалім оны жаңа тапсырмалар мен жауап нұсқаларын қосып, қайта жасай алады. Мұғалімге арналған қосымша тапсырмалары бар ойынның жаңартылған нұсқасын жасау нұсқаулары қолданбада берілген (Қосымша Д).

Қорыта келе, «Аналитикалық химия» пәнін оқытудың - цифрлық технология элементтерін қолданып интерактивті тапсырмалармен толықтырылып әзірленген оқулық пен Chemed.kz цифрлық білім беру платформасын бірге пайдалану, сондай-ақ, «Ионды тап» оқу ойынымен ұйымдастырылуы болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға үлкен ықпал етті деп есептейміз. Баспа және цифрлық компоненттердің интеграциясы теориялық білімді терең меңгеруді және виртуалды ортада практикалық және эксперименттік дағдыларды дамытуды қамтамасыз етті. Цифрлық ресурстардың интерактивті форматы жеке оқытуды жеңілдетті, білім алушылардың дербестігі мен рефлексиялық дағдыларын дамытты. Оқулық пен платформаның құрылымдық мазмұны және оның әдіснамалық бағыты білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырды, аналитикалық ойлауды және зерттеушілік қабілетін дамытты, осылайша ұсынылған педагогикалық модельдің тиімділігін растады.

3.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы дамыту бойынша тәжірибелік эксперименттік жұмыс негізгі үш: анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдерді қамтығанын алдыңғы тарауларда айтқан болатынбыз. *Бақылау кезеңнің* мақсаты – зерттеу

болжамын және ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау үшін, жүргізілген дамытушы эксперименттің нәтижелерін талдау және бағалау.


Бақылау кезеңде анықтаушы кезеңдегі қолданылған төрт критерий бойынша Лайкерт шкаласы негізінде әзірленген сауалнама қайта пайдаланылды: мотивациялық, когнитивті, іс-әрекетті, ұйымдастырушылық. Зерттеудің бақылау кезеңінің диагностика нәтижелерін қарастырайық.

1. Мотивациялық критерийі бойынша бақылау кезеңде алынған сауалнама нәтижелері төменде 19 - кестеде келтірілген.

Кесте 19 - Мотивациялық критерийі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының эксперименттен кейінгі бақылау нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
Химия пәнін оқытуға цифрлық құралдарды (виртуалды зертханалар, электронды оқулықтар) енгізуге мотивтерінің болуы	ЭТ	Саны	10	23	21
		%	18,52	42,59	38,89
	БТ	Саны	24	19	9
		%	46,15	36,54	17,31
Химия сабақтарын қызықты ету үшін заманауи компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды үйренуге ынтасының болуы	ЭТ	Саны	9	24	21
		%	16,67	44,44	38,89
	БТ	Саны	23	20	9
		%	44,23	38,46	17,31
Цифрлық платформаларды пайдалануда ішкі ынтасының болуы	ЭТ	Саны	11	23	20
		%	20,37	42,59	37,04
	БТ	Саны	25	19	8
		%	48,08	36,54	15,38
Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу және химия педагогының болашақ кәсіби қызметін цифрлық форматта көріп (онлайн-ортада жұмыс істеу, электронды құралдар жасау және т.б.) өзіндік дайындығының даму деңгейін арттыру	ЭТ	Саны	8	24	22
		%	14,81	44,44	40,74
	БТ	Саны	22	20	10
		%	42,31	38,46	19,23

Мотивациялық критерийі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері төменде 59 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 59 - Эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері - химия пәнін оқытуға цифрлық құралдарды (виртуалды зертханалар, электронды оқулықтар) енгізуге мотивтерінің болуы көрсеткіші бойынша эксперименттік топта жоғары мотивация деңгейі 38,89%-ды құрағанын көрсетеді, бұл цифрлық құралдарды сабақ үдерісіне енгізуге деген саналы қызығушылықтың артқанын білдіреді. Бақылау тобымен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есеге жуық жоғары. Бұл сандық оқыту құралдарының тиімділігіне тәжірибе барысында көз жеткізген білім алушылардың цифрлық ортаға деген көзқарасының өзгергенін көрсетеді. ЭТ тобында төмен деңгейде жауап бергендердің саны тек 18,52%, ал БТ тобында ол 46,15%, бұл айтарлықтай айырмашылық.

Химия сабақтарын қызықты ету үшін заманауи компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды үйренуге ынтасының болуы көрсеткіші бойынша эксперименттік топтағы білім алушылардың 38,89%-ы жаңа цифрлық құралдарды үйренуге жоғары деңгейде ынталы екенін көрсетті. Бұл сандық әдістер мен қосымшалардың оқу барысын жандандыратынын, оқу мотивациясын арттыратынын білдіреді. БТ тобында бұл көрсеткіш 17,31%-ды құрады, ал төмен деңгейде ынтасы бар студенттер саны 44,23%-ға жетті. Бұл эксперименттік жұмыстардың білім алушылардың цифрлық педагогикаға деген көзқарасын түбегейлі өзгерткенін білдіреді.

Ішкі мотивация – кез келген оқу және кәсіби процестегі басты қозғаушы күш. Эксперименттік топтағы білім алушылардың 37,04%-ы цифрлық

платформаларды пайдалануға ішкі ынтамен кірісуге дайын екенін көрсетті. Ал БТ тобында ішкі ынта деңгейі төмен болып, жоғары мотивациясы бар студенттер үлесі небәрі 15,38% болды. Бұл нәтижелер ЭТ тобы студенттерінің цифрлық ресурстарды тек сыртқы талап ретінде емес, ішкі қажеттілік пен қызығушылық негізінде қолдануға бет алғанын көрсетеді.

Педагог мамандығының болашағы – цифрлық білім беру кеңістігінде жұмыс істей алуға тікелей байланысты. Келесі көрсеткіш бойынша эксперименттік топтағы білім алушылардың 40,74%-ы өздерінің кәсіби болашағын сандық форматта елестетіп, онлайн-ортада сабақ беру, электронды контент жасау сияқты қызметтерге дайын екенін көрсетті. Бұл көрсеткіш бақылау тобында бар болғаны 19,23%-ды құрады. Бұл айқын айырмашылық эксперименттің кәсіби мотивацияны дамытудағы ролін растайды.

Мотивациялық критерийдің барлық көрсеткіштері бойынша эксперименттік топтың нәтижелері бақылау тобынан едәуір жоғары. Бұл келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- эксперименттік жұмыс білім алушылардың химия пәнін цифрлық форматта оқытуға деген ынтасын, қызығушылығын, ішкі қажеттілігін арттырған.
- цифрлық технологияларды меңгеру тек міндет емес, мүмкіндік ретінде қабылдана бастады.
- болашақ химия педагогтарының кәсіби бағыттылығы заманауи талаптарға сәйкес трансформацияланып, цифрлық білім беру кеңістігінде жұмыс істеуге бейімделуі байқалды.

Білім алушылардың мотивациясын одан әрі дамыту үшін келесі ұсыныстар жасалды:

- цифрлық ресурстар мен виртуалды зертханаларды жүйелі түрде оқу үдерісіне енгізу арқылы болашақ педагогтердің ішкі мотивациясын арттыру;
- сандық құралдарды тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибелік тұрғыда қолдануға бағытталған сабақтар өткізу;
- өздігінен білім алуға және цифрлық педагог ретінде кәсіби бейімделуге жағдай жасау.

2. Когнитивті критерий бойынша бақылау кезеңде алынған сауалнама нәтижелері төменде 20 - кестеде келтірілген.


Кесте 20 - Когнитивті критерийі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының эксперименттен кейінгі бақылау нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
1	2	3	4	5	6
Аналитикалық химия пәнінен виртуалды эксперименттер жүргізу үшін қандай цифрлық ресурстар мен технологияларды қолдануға болатынынан хабардар болуы	ЭТ	Саны	6	26	22
		%	11,11	48,15	40,74
	БТ	Саны	20	21	11
		%	38,46	40,38	21,15

20 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Аналитикалық химияның теориялық негіздерін цифрлық форматқа (презентациялар, бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар) оңай аударатындай деңгейде білуі	ЭТ	Саны	7	25	22
		%	12,96	46,30	40,74
	БТ	Саны	21	20	11
		%	40,38	38,46	21,15
Білім алушыларға химиялық процестердің мәнін дәстүрлі тәжірибелерді ғана емес, сонымен қатар онлайн зертханаларды қолдана отырып түсіндіре алуы	ЭТ	Саны	5	26	23
		%	9,26	48,15	42,59
	БТ	Саны	19	22	11
		%	36,54	42,31	21,15
Аналитикалық химияның виртуалды эксперимент нәтижелерін дәстүрлі зертханалық нәтижелер мен сабақтағы талқылауларға қалай біріктіру керектігін түсінуі	ЭТ	Саны	8	25	21
		%	14,81	46,30	38,89
	БТ	Саны	18	22	12
		%	34,62	42,31	23,08

Когнитивті критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері төменде 60 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 60 - Эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері бірінші көрсеткіш бойынша ЭТ студенттерінің 40,74%-ы виртуалды зертханалар мен цифрлық технологияларды терең меңгергенін көрсетті. Бұл – олардың цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге дайын екенін және қажетті құралдар туралы нақты білімдері бар екенін айғақтайды. Ал БТ тобында бұл көрсеткіш 21,15%-ды ғана құрады, бұл білім алушылардың әлі де дәстүрлі әдістерге көбірек сүйенетінін көрсетеді. ЭТ тобында төмен деңгейдегілер тек 11,11% болса, БТ тобында бұл көрсеткіш 38,46% болып, цифрлық сауаттылықтың едәуір айырмашылығын көрсетті.

Екінші көрсеткіш цифрлық педагогикалық трансформацияны меңгеру деңгейін көрсетеді. Эксперименттік топтың студенттері оқу контентін цифрлық форматқа көшіруде жақсы нәтижелер көрсетті. Олар презентация, бейнесабак, интерактивті тапсырмалар арқылы күрделі теориялық ұғымдарды қарапайым әрі көрнекі түрде ұсынуға үйренген. ЭТ тобында жоғары деңгей 40,74% болса, БТ тобында ол тек 21,15%. Бақылау тобының 40,38%-ы төмен деңгейде жауап берген, бұл олардың теорияны тек дәстүрлі тәсілмен жеткізуге бейім екенін көрсетеді.

Үшінші көрсеткіш білім алушылардың теория мен тәжірибені үйлестіру қабілетін көрсетеді. Эксперименттік топтағы студенттер тек дәстүрлі құралдармен шектелмей, виртуалды зертханалар арқылы химиялық реакциялар механизмін визуалды түрде нақты түсіндіруге машықтанған. Олар цифрлық платформаларды қолдана отырып, химиялық процестердің динамикасын модельдеуде жоғары нәтижеге жеткен. Бұл – тәжірибелік сабақтарда уақыт үнемдеуге, қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып күрделі тәжірибелерді көрсетудің тиімді жолы екенін білдіреді. Бақылау тобында бұл дағды жеткілікті деңгейде қалыптаспаған: тек 21,15% студент бұл мүмкіндікті толық меңгерген.

Төртінші көрсеткіш интеграциялық ойлау қабілетінің дамуын сипаттайды. Эксперименттік топтың 38,89%-ы виртуалды және нақты тәжірибелердің нәтижелерін өзара байланыстырып, оларды сабақ барысына кіріктіру жолдарын жақсы меңгерген. Бұл – кешенді оқыту әдісінің нақты көрінісі. Олар онлайн зертханалардан алынған деректерді аудиториядағы талқылауға қосып, салыстырмалы түрде талдау жасай алады. БТ тобында бұл көрсеткіш 23,08%, яғни әрбір төртінші студент қана мұндай байланысты құра алады.

Когнитивті критеріі бойынша алынған нәтижелер эксперименттік жұмыстың болашақ педагогтардың теориялық және практикалық білімдерін тереңдетуге, заманауи цифрлық құралдарды тиімді қолдана білуге зор үлес қосқанын дәлелдейді. Төмендегі қорытындыларды айтуға болады:

- цифрлық форматтағы материалдар арқылы химия пәнінің күрделі мазмұны көрнекілік, қолжетімділік және түсініктілік принциптерімен жүзеге асты.

- теория мен тәжірибені біріктіру, дәстүрлі және сандық форматты қатар қолдану қабілеті ЭТ тобында жақсы дамыған.

- эксперимент білім алушылардың ғылыми-когнитивтік әлеуетін арттырып, болашақ кәсіби қызметке қажетті білімдерін жүйелеуге ықпал етті.

Білім алушылардың когнитивті құзыреттілігін одан әрі дамыту үшін келесі ұсыныстар жасалды:

- виртуалды зертханалар мен интерактивті тапсырмаларды оқу процесіне жүйелі түрде біріктіру;

- гибридті оқыту моделін жетілдіру арқылы когнитивтік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған сабақтар жүйесін әзірлеу;


- болашақ педагогтарды оқыту тәжірибесінің бөлігі ретінде цифрлық оқыту әдістерін пайдалануға міндетті түрде қосу.

3. Іс-әрекеттік критерий бойынша бақылау кезеңде алынған сауалнама нәтижелері төменде 21 - кестеде келтірілген.

Кесте 21 - Іс-әрекеттік критерий бойынша эксперименттік және бақылау топтарының эксперименттен кейінгі бақылау нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар	Деңгей			
			төмен	орта	жоғары
Аналитикалық химия пәнінің эксперименттерін модельдеу үшін виртуалды химиялық зертханаларды (PhET, ChemCollective, Labster) қолдана алуы	ЭТ	Саны	4	30	20
		%	7,41	55,56	37,04
	БТ	Саны	18	22	12
		%	34,62	42,31	23,08
Цифрлық платформаларда (Google forms, onlinetestpad, socrative, plickers, bamboozle, flipity және т.б.) химия бойынша интерактивті тесттер мен тапсырмаларды жасай алуы	ЭТ	Саны	5	29	20
		%	9,26	53,70	37,04
	БТ	Саны	19	21	12
		%	36,54	40,38	23,08
Аналитикалық химия сабақтарына арналған өзінің электрондық ресурстарын (презентациялар, ҚМЖ, бейне сабақ, цифрлық кейстер) әзірлей алуы. (Өз дағдыларыңызды іс жүзінде бағалаңыз: мұны қаншалықты жиі және сәтті жасайсыз.)	ЭТ	Саны	3	30	21
		%	5,56	55,56	38,89
	БТ	Саны	17	22	13
		%	32,69	42,31	25
Химия пәнінің оқу материалын жасанды интеллект көмегімен (D-ID, genmo.ai) суреттерге "сөйлейтін" қасиеттер беріп, мәтіндік мазмұнды бейне пішіміне түрлендіру арқылы қызықты етіп түсіндіре алуы	ЭТ	Саны	6	29	19
		%	11,11	53,70	35,19
	БТ	Саны	20	21	11
		%	38,46	40,38	21,15

Іс-әрекеттік критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері төменде 61 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 61 - Эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелерінде бірінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топтағы білім алушылардың 37,04% - жоғары деңгейді, орта деңгей – 55,56%, тек 7,41% - ы ғана төмен деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш ЭТ студенттері виртуалды зертханалар мүмкіндіктерін жүйелі түрде меңгеріп, оны оқу-тәжірибелік мақсатта пайдалану дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Виртуалды зертханалар білім алушыларға нақты эксперимент жүргізбей-ақ күрделі химиялық процестерді визуалды түрде модельдеуге мүмкіндік берді. Бұл білім алушылардың оқу материалын тереңірек түсінуіне, теория мен тәжірибені ұштастыра алуына ықпал етті. Ал бақылау тобында мұндай көрсеткіштер әлдеқайда төмен деңгейде қалды. БТ студенттерінің 23,08% - ы ғана жоғары деңгейді, орта деңгей – 42,31%, ал 34,62% – ы төмен деңгейді көрсетті.

Екінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 37,04% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 53,70%, 9,26% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал бақылау топ студенттерінің 23,08% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 40,38%,

36,54% – төмен деңгейді көрсетті. Бұл нәтиже эксперименттік топтағы білім алушылардың цифрлық платформалармен жұмыс жасау дағдыларының жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Олар тек дайын материалдарды пайдаланып қана қоймай, өз бетімен интерактивті тапсырмалар мен тесттер құрастыру арқылы оқыту мазмұнын оқушылар үшін қызықты әрі қолжетімді ете алады. Бұл педагогикалық шығармашылықтың дамуына себеп болды. Керісінше, бақылау тобында бұл қабілеттер әлсіз, оқытудағы белсенділік төмен күйде қалғанын білдіреді.

Үшінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 38,89% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 55,56%, 5,56% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал бақылау топ студенттерінің 25% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 42,31%, 32,69% – төмен деңгейді көрсетті. Бұл деректер эксперименттік оқыту әдістемесінің нәтижелілігін айғақтайды. Студенттер тек дайын ресурстарды тұтынушы емес, өздігінен сапалы оқу материалдарын құрастырушы рөліне өткен. Электрондық презентациялар, ҚМЖ, бейне сабақтар және кейс материалдар дайындау болашақ педагогтың өз пәнін цифрлық кеңістікте заманауи әдістермен ұсына алуына жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл көрсеткіш – ЭТ студенттерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігінің және әдістемелік дербестігінің артқанының айғағы.

Төртінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 35,19% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 53,70%, 11,11% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал бақылау топ студенттерінің 21,15% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 40,38%, 38,46% – төмен деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш ЭТ болашақ химия педагогтарының D-ID, Genmo.ai сияқты жасанды интеллект платформаларын меңгеріп, оларды оқыту үдерісін цифрлық креатив арқылы байыту үшін тиімді пайдалана бастағанын білдіреді. Бұл – оқушылардың назарын аударып, сабақты қызықты етуге ықпал ететін заманауи әдістер. Эксперименттік топтағы білім алушылардың цифрлық технологиямен жұмыс істеу мүмкіндіктерін зерттеп, материалдарды визуалды әрі интерактивті түрде ұсыну арқылы цифрлық педагогикаға икемделе бастағаны байқалады.

Іс-әрекеттік критерийі бойынша эксперименттік топтың білім алушылары айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізген. Олар цифрлық технологияларды игеріп қана қоймай, оны тәжірибеде сәтті қолдануға қабілетті екенін дәлелдеді. Мұндай ілгерілеу кәсіби құзыреттіліктің артуына, шығармашылық белсенділіктің дамуына және педагогикалық инновацияларды игеруге мүмкіндік берді.


Бақылау тобында мұндай өзгерістер қарқыны байқалмайды, бұл дәстүрлі әдіспен білім берудің шектеулігін және цифрлық құралдарды тиімді пайдалану қажеттігін дәлелдейді.

4. Ұйымдастырушылық критерий бойынша бақылау кезеңде алынған сауалнама нәтижелері төменде 22 - кестеде келтірілген.

Кесте 22 - Ұйымдастырушылық критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының эксперименттен кейінгі бақылау нәтижелері

Көрсеткіштер	топтар		Деңгей		
			төмен	орта	жоғары
Химия сабағын тақырыпты түсіндіру мен цифрлық интерактивтер (виртуалды эксперимент, онлайн тест) бойынша уақытты дұрыс бөлу арқылы жоспарлай алуы	ЭТ	Саны	8	25	21
		%	14,81	46,30	38,89
	БТ	Саны	22	20	10
		%	42,31	38,46	19,23
Бірнеше цифрлық платформаларда (Genially, wordwall, Google Classroom, Microsoft Teams, learningapps, reportgenie, classroomscreen) жақсы жұмыс істей отырып топтарды, тапсырмаларды, дедлайнды дұрыс ұйымдастыра алуы	ЭТ	Саны	6	26	22
		%	11,11	48,15	40,74
	БТ	Саны	20	21	11
		%	38,46	40,38	21,15
Тәртіп пен қауіпсіздікті сақтай отырып, сабақта гаджеттер мен онлайн-ресурстарды пайдалану ережелерін нақты реттей алуы	ЭТ	Саны	10	24	20
		%	18,52	44,44	37,04
	БТ	Саны	23	19	10
		%	44,23	36,54	19,23
Цифрлық материалдармен (бейнелер, модельдеу, тесттер) толық қамтамасыз етілген ұзақ мерзімді оқу модульдерін жоспарлауға қабілеттілігі	ЭТ	Саны	7	26	21
		%	12,96	48,15	38,89
	БТ	Саны	19	22	11
		%	36,54	42,31	21,15

Ұйымдастырушылық критеріі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері төменде 62 - суретте гистограмма түрінде келтірілген.



Сурет 62 - Эксперименттік және бақылау топтарының қорытынды зерттеу нәтижелері

Ұйымдастырушылық критеріі – бұл болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ортасында сабақты тиімді жоспарлап, оны ұйымдастыра алу қабілетін сипаттайды. Мұнда оқу процесінің құрылымы, цифрлық құралдарды мақсатты пайдалану, сабақ уақытын тиімді бөлу, топтық жұмыс пен оқу ортасын ұйымдастыру, тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, ұзақ мерзімді оқу модульдерін жүйелеу дағдылары бағаланды. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру арқылы цифрлық педагогикалық ортада ұйымдастырушылық қабілеттерді дамытудағы өзгерістер айқын көрініс тапты.

Зерттеу нәтижелерінде бірінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топтағы білім алушылардың 38,89% - жоғары деңгейді, орта деңгей – 46,30%, тек 14,81% - ы ғана төмен деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш эксперименттік топтағы білім алушылардың цифрлық компоненттер мен дәстүрлі түсіндіру әдістерін өзара тиімді жоспарлай алатынын білдіреді. Олар виртуалды эксперимент, онлайн тест немесе бейне ресурстарды өздері семинар сабақ ұйымдастырғанда құрылымына сауатты енгізе бастаған. Бұл оқу процесін логикалық, динамикалық әрі уақытты үнемдеп ұйымдастыру дағдысының қалыптасқанын айғақтайды. Ал бақылау тобындағы білім алушылардың жартысына жуығы (42,31%) бұл қабілетті жеткіліксіз деңгейде көрсетті.

Екінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 40,74% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 48,15%, 11,11% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал

бақылау топ студенттерінің 21,15% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 40,38%, 38,46% – төмен деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш эксперименттік топ студенттерінің цифрлық платформаларда белсенді жұмыс жүргізіп, оларды сабақ мақсатына сәйкес ұйымдастыра алатынын көрсетеді. Топтарды бөлуде, тапсырмаларды бөліп беруде, мерзім белгілеуде, кері байланыс беруде білім алушылардың ұйымдастырушылық шеберліктері артқаны байқалды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер төмен, яғни көптеген студенттер көп платформамен қатар жұмыс жасауға дайын емес.

Үшінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 37,04% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 44,44%, 18,52% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал бақылау топ студенттерінің 19,23% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 36,54%, 44,23% – төмен деңгейді көрсетті. Эксперименттік топтағы студенттер сабақта гаджеттер мен интернет-ресурстарды пайдалану кезінде тәртіп пен қауіпсіздік нормаларын (уақыт шектеуі, мазмұн сүзгісі, топтағы тәртіпті сақтау, құрылғыны мақсатты пайдалану) дұрыс сақтай алатынын көрсетті. Бұл – олардың цифрлық оқыту ортасында көшбасшы ретінде әрекет ете алатынын көрсетеді. Ал бақылау тобында гаджеттерді мақсатсыз немесе ретсіз қолдану қаупі әлі де жоғары.

Төртінші көрсеткіш бойынша эксперименттік топ студенттерінің 38,89% - ы жоғары деңгейді, орта деңгей – 48,15%, 12,96% – ы төмен деңгейді көрсетті. Ал бақылау топ студенттерінің 21,15% – жоғары деңгейді, орта деңгей – 42,31%, 36,54% – төмен деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш эксперименттік топ студенттерінің эксперименттік оқытудың тәжірибесінде тұтас оқу модулін цифрлық құралдармен қамтамасыз ету, сабақтар жүйесін логикалық түрде жоспарлау қабілетінің артқанын көрсетеді. Олар бейнематериал, симуляция, тест, рефлексия құралдарын жүйелеп, оқу мақсатына сәйкестендіре алды. Бұл – болашақ педагогтың кәсіби жетілуінде маңызды қадам.

Ұйымдастырушылық критеріі тұрғысынан эксперименттік топтың студенттері жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Олар:

- цифрлық құралдарды сабақ құрылымына тиімді енгізіп;
- бірнеше платформамен бір мезгілде жұмыс істеп;
- қауіпсіздік пен тәртіпті сақтап;
- қысқа мерзімді оқу жоспарын жүйелі құра біледі.

Бұл олардың педагогикалық менеджментке бейімділігін, кәсіби рефлексия мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дәлелдейді. Ал бақылау тобында бұл дағдылар біршама төмен деңгейде қалып отыр, бұл – дәстүрлі тәсілдердің шектеулі мүмкіндігін көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперимент жүргізілгеннен кейін бақылау кезеңде алынған бақылау нәтижелерін зерттеулердің сенімділігін тексеру үшін және эксперименттің тиімділігін дәлелдеу үшін қайта математикалық-статистикалық өңдедік. Ол үшін диагностика кезеңде қолданылған Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийі қолданылды. Зерттеу нәтижелеріндегі мәндерді Пирсонның χ^2 (хи-квадрат) критерийін анықтау формуласына салып есептегенде алынған мәндерді критикалық мәнмен салыстырғанда:

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 24 - 52 \cdot 10)^2}{24 + 10} + \frac{(54 \cdot 19 - 52 \cdot 23)^2}{19 + 23} + \frac{(54 \cdot 9 - 52 \cdot 21)^2}{9 + 21} \right) \approx$$

$\approx 11,03 > 5,99$ (мотвациялық)

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 20 - 52 \cdot 6)^2}{20 + 6} + \frac{(54 \cdot 21 - 52 \cdot 26)^2}{21 + 26} + \frac{(54 \cdot 11 - 52 \cdot 22)^2}{11 + 22} \right) \approx$$

$\approx 11,83 > 5,99$ (когнитивті)

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 18 - 52 \cdot 4)^2}{18 + 4} + \frac{(54 \cdot 22 - 52 \cdot 30)^2}{22 + 30} + \frac{(54 \cdot 12 - 52 \cdot 20)^2}{12 + 20} \right) \approx$$

$\approx 12,24 > 5,99$ (іс-әрекеттік)

$$\chi^2 = \frac{1}{54 \cdot 52} \left(\frac{(54 \cdot 22 - 52 \cdot 8)^2}{22 + 8} + \frac{(54 \cdot 20 - 52 \cdot 25)^2}{20 + 25} + \frac{(54 \cdot 10 - 52 \cdot 21)^2}{10 + 21} \right) \approx$$

$\approx 11,08 > 5,99$ (ұйымдастырушылық)

Эмприкалық мәннің критикалық мәннен жоғары екенін байқауға болады. Сондықтан H_0 гипотезасы жоққа шығарылады, ал H_1 гипотезасы қабылданады.

H_1 : Көрсеткіштің жоғарылау жағына қарай жылжудың қарқындылығы оның төмендеу жағына қарай жылжудың қарқындылығынан асады.

Осылайша, алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу эксперименттік және бақылау топтарында байқалған айырмашылықтардың маңыздылығын көрсетті.

Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелерінің сенімділігі мен болжамын растайды және тиімділігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың танымдық бағыттағы зерттеу жұмыстары болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар арқылы дамыту мәселесіне қатысты теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын арттырудағы мүмкіндігінің зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл зерттеу жұмысының алға қойған мақсаты мен міндеттердің орындалғанын, зерттеудің ғылыми болжамының дәлелденгенін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста теориялық жалпылау ұсынылып, болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың ғылыми мәселесінің шешімі ұсынылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Зерттеу барысында «құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге кешенді талдау жасалды. Ғалымдардың еңбектерін жүйелей отырып, аталған ұғымдардың маңызды сипаттамалары ашып көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде «болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігі» ұғымына авторлық тұжырымдама ұсынылды. Біздің пайымдауымызша «Болашақ химия педагогының кәсіби құзыреттілігі» дегеніміз - бұл химия пәнін оқытуға қажетті пәндік, әдістемелік, зертханалық, зерттеу, коммуникативтік және цифрлық дағдылардың интеграцияланған жүйесі, оқу үдерісінде заманауи цифрлық технологияларды, виртуалды эксперименттерді, онлайн платформа мүмкіндіктерін тиімді қолдана алу қабілеті. Сонымен қатар кәсіби құзыреттіліктің құрылымы: мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық компоненттері анықталды. Болашақ химия педагогтарын цифрлық технологияны пайдалануға даярлаудың мәні мен құрылымы сипатталды. Сондай-ақ, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін цифрлық технологиялар негізінде дамытудың әдіснамалық тұғырлары ретінде жүйелік тұғыр, тұлғаға бағытталған тұғыр, құзыреттілікке негізделген тұғыр және технологиялық тұғырлар негізге алынды.

2. Ғалымдардың еңбегін талдай келе болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары анықталды: психологиялық-педагогикалық шарттар; ұйымдастырушылық шарттар; дидактикалық шарттар. Бұл педагогикалық шарттар болашақ химия педагогтарының кәсіби құзыреттілігін дамыту моделін тиімді жүзеге асыруға ықпал етті.

